

**Ж.Д.РАПИШЕВА,
Е.Е.ТҮЙТЕ,
Ж.У.ЕСИНБАЕВА**

ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ СТИЛИСТИКАСЫ

ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК ҚҰРАЛ

Қарағанды-2011

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі

Академик Е.А.Бөкетов атындағы
Қарағанды мемлекеттік университеті

Ж.Д.Рапишева, Е.Е.Түйте, Ж.У.Есинбаева

ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ СТИЛИСТИКАСЫ

ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК ҚҰРАЛ

Қарағанды-2011

Құрастырғандар:

филология ғылымдарының кандидаты, доцент Рапишева Ж.Д.,
филология ғылымдарының кандидаты, аға оқытушы Түйте Е.Е.
филология ғылымдарының кандидаты, оқытушы Есинбаева Ж.У.

Қазақ тілінің стилистикасы. Студенттерге арналған оқу-әдістемелік құрал. –Қарағанды: ҚарМУ баспасы, 2011. –137 бет.

Оқу-әдістемелік құрал қазақ тілінің теориялық және практикалық стилистикасы мәселелеріне арналған. Оқу-әдістемелік құралдың теориялық бөлімінде стилистиканың негізгі ұғым-категориялары, тілдік құралдардың стилистикалық бояуы, стилистикалық мағына, стилистикалық норма, стилистикалық қате туралы ұғым, қазақ тілінің стилистикалық құралдары, функционалды стильдердің пайда болуының алғышарттары мен себептері, әдеби тіл құрамындағы функционалды стильдердің өзара байланысы, қазіргі қазақ әдеби тілінің стильдер құрамы және оларды топтастырудың принциптері жан-жақты қарастырылған.

Оқу-әдістемелік құралдың практикалық бөлімінде стилистикалық қателер мен стиль түрлеріне байланысты тапсырмалар, жаттығулар және тест сұрақтары берілген.

Пікір жазғандар:

филология ғылымдарының докторы,
профессор **А.С.Әділова;**
филология ғылымдарының докторы,
профессор **Ш.Ш.Жалмаханов;**
филология ғылымдарының кандидаты,
доцент **Қ.З.Сембиев**

© Рапишева Ж.Д., Түйте Е.Е., Есинбаева Ж.У.
© Қарағанды мемлекеттік университеті, 2011

АЛҒЫ СӨЗ

Ұсынылып отырған оқу-әдістемелік құрал қазақ тілінің теориялық және практикалық стилистикасы мәселелерін қамтиды. Жоғары оқу орнының «қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығы студенттеріне арналған. Оқу материалдары студенттерді стилистика ғылымының теориялық негіздерімен таныстыру, қазақ әдеби тілінің стилистикалық құралдары, стильдік тармақтары туралы мағлұмат беру, оларды ажыратудың жолдарын көрсету, студенттерге стилистикалық норманы меңгерту, сөздердің, басқа да тілдік тұлғалардың қолданылуына қарай туындайтын мағыналық реңктерін, стильдік қырларын ажырата білуге үйрету мақсатына сай құрастырылған.

Оқу-әдістемелік құралда авторлар стилистика ғылымының пайда болу себептеріне, негізгі ұғым-категорияларына тоқтала отырып, оның даму кезеңдерін ғылыми айналымдағы зерттеулерді, түрлі мектептер мен бағыттар көзқарасын басшылыққа ала отырып жан-жақты көрсетеді. Қазақ тілінің стилистикалық құралдарын фоностистика, лексика-фразеологиялық стилистика, синтаксистік стилистика, сөзжасам стилистикасы, сөз таптары стилистикасы тұрғысынан жеке-жеке сипаттап, олардың түрлі функционалдық стильдерде қолданылу әлеуеті мен үлес салмағын саралап көрсетеді. Авторлар стилистика ғылымының диахронды және синхронды дамуын қазақ әдеби тілінің стилистикалық нормаларының қалыптасуымен, дамуымен, түрлі объективті жағдайларға орай өзгеруімен ұштастыра отырып, пәнаралық байланысқа құрған.

Жұмыстың екінші бөлімінде берілген практикалық тапсырмалар теориялық материалды бекітуге, пысықтауға бағытталған. Олар стилистикалық қателерге байланысты пысықтау жаттығулары және стиль түрлеріне байланысты пысықтау жаттығулары деп бөлінген. Бөлімнің соңында бірнеше нұсқаға негізделген өзін-өзі тексеруге арналған тест сұрақтары берілген.

Оқу-әдістемелік құралда берілген теориялық материалдар соңғы жылдары жарық көрген зерттеулерден алынып, құрастырылды.

ТЕОРИЯЛЫҚ БӨЛІМ

СТИЛИСТИКАНЫҢ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ПӘН РЕТІНДЕ ҚАЛЫПТАСУ, ДАМУ ТАРИХЫ

1. *Стилистика – стиль туралы ғылым саласы, оның даму тарихы*
2. *Стилистиканың негізгі бағыттары мен аспектілері*

Стилистика – тіл білімінің бір саласы, стиль туралы ғылым. «Стиль» сөзі көп мағынада қолданылады (латынның *stylos* сөзінен шыққан, қазақша «жазу құралы, жазу мәнері» дегенді білдіреді). Ал тілге қатысты стиль белгілі бір лексикалық, грамматикалық және фонетикалық тәсілдердің қолданылу принциптерін қарастырады. Стилистика тіліміздегі сөздердің, сөз тіркестерінің қолданылу заңдылықтарын зерттейді.

«Стиль» сөзі әдебиетке де байланысты қолданылады, сондықтан соңғы кездерге дейін тілдің стилистикалық ерекшеліктерін тек көркем шығарма арқылы зерттеу орын алып келді.

XX ғасырдағы Ш.Балли концепциясының негізінде стилистика тілдің экспрессивтік формалары туралы ілім ретінде анықталды. Стилистика тілдік жүйе элементтерінің эмоционалды-экспрессивтік, сонымен қатар тілдің мәнерлегіш құралдарының қалыптасуына әсер ететін тілдік деректердің өзара әсерін зерттейтін ғылым ретінде таныла түсті.

XX ғасырда тіл білімінің үлкен жетістіктерге жетуі, жаңа бағыттардың пайда болуы стилистика ғылымының қарқынды дамуына әсер етіп, стилистикада тілдің функционалдық қырлары басты назарға ілікті. В.Матезиус бастаған чех ғалымдары әдеби тілдің функционалдық сипатын зерттеуге ерекше көңіл аударды. Орыс стилистика ғылымында В.В.Виноградовтың зерттеулері жаңа бір кезеңнің бастамасы болды деп айтуға болады. В.В.Виноградовтың еңбектерінде тілдік-функционалдық концепция басым бағыт болса, оның негізін тілдің халық өмірінің нақты тарихи жағдайларындағы шынайы қызмет атқаруын зерттеуі құрайды.

Стилистика жалпыхалықтық, ұлттық тілдің барлық қырын, оның дыбыстық құрылымын, грамматикасын, сөздігін, фразеологиясын толық қамтитын күрделі жүйе ретінде таныла түсті. Тіл тұтас құрылымның тарихи дамуындағы іштей байланысқан элементтері тұрғысынан емес, оның тарихи дамуы барысындағы функционалды жіктелісі және әртүрлі сөйлеу құбылыстарының экспрессивтік бояулары мен реңктерінің сәйкестілігі тұрғысынан қарастырыла бастады. Тілдік қарым-қатынастың салалық қолданысы, сөйлеудің жекелеген қоғамдық шектелген түрлерімен (яғни функционалды стильдермен) байланыста алып зерттелді. XX ғасыр басындағы және одан кейінгі орыс әдеби тілі, стилистикасы мен тіл мәдениетін зерттеудегі ізденістер (Г.О.Винокур, Л.В.Щерба, А.Н.Гвоздев т.б.) осы бағыттағы зерттеулерді тереңдетіп, одан әрі дамытты. Сөз семантикасының экспрессивтік, эмоционалдық және бағалаушылық компоненттері және олардың денотативті мағынамен байланысына айрықша назар аударылды.

Қазақ тіл білімінде стилистикаға қарасты мәселелердің зерттелуі А.Байтұрсынұлы, Қ.Жұбанов еңбектерінен басталады. А.Байтұрсынұлының «Әдебиет танытқышында» көркем сөз бен көсем сөзге қатысты ой толғамдары, Қ.Жұбановтың Абай поэтикасының қыр-сырын ашқан мақаласы мен басқа да еңбектері бұл саладағы алғашқы ізденістер болды. Ал стилистиканың жеке ғылым саласы ретіндегі іргетасы қалануы М.Балақаевтың есімімен байланысты. Алғашқы басылымы 1966 жылы жарық көрген «Қазақ тілінің стилистикасы» оқулығы стилистиканың пәні мен нысанын, ғылымдар ішінде алатын орнын анықтаған тұңғыш еңбек болды. Мұнда стилистика ғылымының мақсат-міндеттері, функционалды стиль түрлері, есіресе қазақ тілі стилистикалық құралдарының сипаты бір жүйеге түсіріліп қарастырылады. Экспрессивтік стилистиканың мәселелері тілдік бірліктердің эмоционалды-экспрессивтік қызметіне қатысты қарастырылды [1].

Кейінгі кезеңдерде қазақ стилистикасы І.Кеңесбаевтың, А.Ысқақовтың, М.Балақаевтың, Р.Сыздықованың, Е.Жанпейісовтің, С.Исаевтың, Х.Нұрмұқановтың, Ф.Мұсабекованың, Н.Х.Демесинованың, М.Серғалиевтың, Н.Уәлиевтің, Р.Әмірдің, Б.Момынованың, О.Бүркітовтың,

Б.Хасановтың, Т.Қоңыровтың, Х.Кәрімовтың, Б.Шалабайдың, Ш.Мәжітаеваның, Д.Әлкебаеваның, Г.Әзімжанованың т.б. ғалымдардың зерттеулерімен толықты.

Жалпыхалықтық тілдің және ұлттық әдеби тілдің сөздік қоры мен арнаулы тілдік бірліктерінің негізінде әр стиль өзінің стереотиптік тілдік бірліктерін қалыптастырады. Кез келген стиль жалпы әдеби тілдік тәсілдерді алады. Олар сол стильдің коммуникативтік үдерісіне белгілі дәрежеде лайықты, жарамды болып табылады. Қазіргі әдеби тілдің жүйесінде сөздер көбіне еркін, кездейсоқ іліккен жеке компоненттерден емес, дәстүрлі формулаларда шартты орын алатындығы белгілі, каламгер дайын формулалардың көмегімен айта да, жаза алады.

Стиль ұғымы сөйлеу және оның формаларымен байланысты қаралады. Стильдің негізгі арқауы – сөйлеудің ауызша және жазбаша формалары. Форма – ол тіл құралдарының көмегімен болатын сөйлеудің сыртқы көрінісі. Зерттеушілер стиль – белгілі бір қатынастың түрінде тілдік бірліктерді сұрыптап пайдалану арқылы ойды жеткізу мәнерінің көрінісі дегенді айтады. Стиль ойды, хабарды жеткізудің әдісі. Әдеби тілдің функционалдық стильдері әдебиеттің жанр түріне сәйкес пайда болып, көркем әдебиет стилі, публицистикалық стиль, ғылыми стиль, ресми стиль және ауызша сөз стиліне бөлінеді.

Стиль түрлеріне ажыратуда да қазақ тіл білімінің мамандары осы жолмен кеткен: функционалдық стильдердің қалыптасуы мен даму заңдылықтарын зерттеудің негізгі көзі тілдің қолданысы болып табылады, бұл қолданыстар белгілі бір жанрға тән болып келеді деген сияқты немесе «жанрға қатысты бөлінген стильдер айқынырақ танылады» деген орыс тілі зерттеушілерінің тұжырымдарын басшылыққа алып, қазақ тілінің де мақсаттық стильдерін жанрлық негізде тармақтайды: публицистикалық әдебиет жанры публицистикалық стильді, көркем әдебиет үлгілері көркем әдебиет стилін, сол сияқты ресми іс қағаздары мен кеңсе тілінің стилі, ғылыми-техникалық әдебиет стилі деп ажыратады.

Стиль туралы М.Серғалиев былай дейді:

1. Әдеби тілдің бір түрі, демек сол тілде сөйлейтін баршаға түсінікті сөздер мен конструкциялар;

2. Стиль – тарихи категория;
3. Стиль – қоғамдық қызметтің бір саласында жұмсалады;
4. Тілдік құралдардың қандай да бір тобы емес, шартты тұйықталған тобы [2, 9].

Бұл тұжырым стиль жөнінде айтылған «белгілі бір тілдегі лексикалық, грамматикалық және фонетикалық тәсілдердің қолданылу принциптері» деген анықтамалардың кеңейген қазіргі стиль мәселесіне терең үңіліп, әртүрлі қасиеттерін танудан туған.

Стилистиканың негізгі зерттейтін саласы – стиль. Біріншіден, стиль – тарихи категория дедік. Тарихы көне дәуірден бастау алған, өз қоғамына қызмет етіп отырған мемлекеттік мәртебесін алған тілдің тарихын тану, функционалды стильдердің әр дәуірде біреуінің ерте, біреуінің кеш даму сатысын бастан кешіргенін жүйелеу стильдің тарихи категория екендігін толығымен дәлелдейді.

Екіншіден, стиль әдеби тілдің бір түрі болғандықтан, казак әдеби тілінің даму сатысымен қатарласа сөз болып жүр. Әдеби тілдің басты белгісі нормаланған, сұрыпталған тіл болу шартын көрсетсе, ол стильдің негізгі ұстанымы болып табылады.

Үшіншіден, стиль қоғамдық қызметтің бір саласында жұмсалады, стильдерді жіктегенде осы қызметі толық анықталуы қажет. Мысалы: публицистикалық стильдің, ғылыми стильдің де, көркем әдебиет стилінің де қоғамдық қызметі белгілі ортада өз мақсатына жетті. Бұл функционалды стильдің экстралингвистикалық факторларға да байланысты екендігін көрсетеді. Лингвистикалық стилистика, негізінен, таза стилистикалық ерекшеліктерді сөз етумен қатар, басқа факторларды да қарастырады. Ол кез келген стильдің қоғамдық қызметі, қолданылу аясы, қоғамға қызмет ету күзiретi т. б.

Стилистика үшін стиль мен функционалдық стиль – оның өн бойында танылатын егіз ұғым, ол екеуі де зерттеушілер еңбектерінде елеулі мәселе ретінде аталмай өтпейді. Оның себебі де жоқ емес. Стилистиканы стиль туралы ғылым деп те айтатындар бар. Қалған мәселелер осы екеуінің төңірегiнен келiп шығады. Қазiргi стилистика, сөз жоқ, тiлдiң функционалдық стильдiк жiктелуi туралы, қарым-қатынас

процесіндегі белсенді коммуникативтік тиімділікке жету құралдары мен тәсілдері туралы тармақталған ғылым.

Т.Г.Винокур функционалдык стиль топтастыруда екі белгісін ескеру қажет екендігін айтады:

1) әдеби тілдің қандай бір түрін функционалдык стиль ретінде айқындау үшін осы түрі адам қызметінің белгілі бір саласында әрдайым қолданылуы керек;

2) әдеби тілдің қандай бір түрін функционалдык стиль ретінде айқындау үшін тілде іс жүзінде қандай да қатынас саласында қызмет атқаратын және осы өмір саласында қатынас жасау ерекшеліктерімен айқындалған сөйлеу құралдарының белгілі бір мөлшері болуы [3, 9].

Стиль сөзін қолданғанда оның алдына анықтаушы сөз тұрмаса, бірнеше ұғымды түсінуге болады. Бұл термин тілге ғана қатысты емес, әдебиет, өнер, жазушы стилі т.б. жағдайларда қолданылады. Біз оны тілге қатысты жағдайда аламыз. А.Байтұрсынов функционалды стиль ұғымын тілдік және тілдесім деп түсінген, ғалымның пайымдауынша, функционалды стиль – «сөйлесудің» бір түрі. Ғалым ұсынған функционалдык стиль мәтіндері төртеу – ғылыми стиль мәтіндері, публицистикалық стиль мәтіндері, ресми стиль мәтіндері, көркем стиль мәтіндері [4, 12].

Стилистиканың негізгі зерттеу нысаны тілдің барлық деңгейлеріндегі (лексикалық, фразеологиялық, морфологиялық, синтаксистік) құралдар бола тұра, стилистика **сөйлеу тілі мен жазба тілдің:**

- мәнерлегіштік мүмкіндіктерін;
- стилистикалық мағыналары мен бояуларын;
- қарым-қатынастың әртүрлі жағдайлары мен аяларына байланысты қолданылу жаңалықтарын;
- белгілі мәтіннің мазмұнына орай қолданыс тілінің құрылымын қарастырады.

Белгілі бір мазмұн мен мақсатқа құрылған шығармадағы тілдік құралдардың қолданылу заңдылықтарын тілдік тұрғыдан зерттейтін стилистика тек **көркем шығарманың** емес, ауызша/жазбаша құрылған мәтіндердің барлығын (**ғылыми, ресми, публицистикалық**) қамтиды.

Зерттеушілер лингвистикалық стилистиканың ең басты **екі**

бағытын немесе түрін көрсетеді: бірі – мәтіннен тыс жатқан стилистикалық ресурстар (мүмкіндіктер); **бұл аспект тіл ресурстары стилистикасы** деп аталады. Ал екіншісі – тілдің қоғамның әртүрлі салаларында қолданысқа түсу заңдылықтары, яғни тілдік құралдардың белгілі бір мәтін ішіндегі жұмсалыу ерекшеліктері; **бұл аспект функционалды стилистика** деп аталады.

Лингвистикалық стилистика зерттеу объектілерінің ауқымына қарай да бірнеше түрге бөлінеді: жалпы стилистика, салыстырмалы стилистика, салғастырмалы стилистика, салыстырмалы-салғастырмалы стилистика, ішінара стилистика, дара немесе индивидуалдық стилистика, синхрондық стилистика (немесе қазіргі қазақ тілінің стилистикасы), диахрондық стилистика (немесе қазақ тілінің тарихи стилистикасы), теориялық стилистика, практикалық стилистика, автордың және қабылдаушының стилистикасы т.т.

Дара стилистика жеке автордың, не жеке шығарманың немесе бір жанрдың стилистикасын зерттейді. Дара стиль жеке адамның ақыл-ойын бірінші кезекке қояды. Дара стиль – жазушының, ғалымның, журналистің, деректі сөйлеушінің, адамның, жеке тұлғаның стилі. Дара стильдің стильдік-танымдық қызметін талдап шығу оңай дүние емес. Дара стиль кең мағынасында танымдық-стильдік, аналитикалық-синтездік іс-әрекет қызметі болып табылады. Дара стильде ғылыми еңбек авторының терминжасам ұстанымы мен таза ғылыми стиль нысандары әлдеқайда тереңдеп, жан-жақты көп мағыналы сипатқа ауысады. Автор ғылыми атау жасауда сол ұғымның басты белгілерін басқаша танымдық дәрежеден де тереңдетіп көрсетуге тырысады. Автор дара стильдің прагматикалық аспектісіне жету үшін еңбегін, шығармашылық қабілетін концептуальды энциклопедиялық масштабта көрсете білуі керек.

Қазақ тіл ғылымында Р.Әміров ауызекі сөйлеу стилін дара стиль ретінде қарайды [5, 7]. Қазіргі уақытта ресми-іскери стиль, шешендік стиль ерекше даму үстінде, сол сияқты үлкен-кішілі стильдер де жеке, дара стиль бағытына жатады.

Тіл ресурстары стилистикасын қысқартып **тіл стилистикасы (стилистика языка)** деп атайды. Бұл бағыттың басты міндеті –

сөздердің мәтіннен тысқары күйіндегі стилистикалық қызметін айқындау. Яғни лексикалық бірліктердің, фразеологиялық тіркестердің қолданылу мүмкіндіктері, морфология мен синтаксис саласындағы сөз таптарының жұмсалуды, синтаксистік конструкциялардың мәтіннен тыс мағыналары ашыла түседі.

Тіл ресурстары стилистикасы тіл деңгейлерінің ретімен жіктеледі:

- фонетикалық стилистика;
- лексика-фразеологиялық стилистика;
- морфологиялық стилистика;
- синтаксистік стилистика.

Функционалды стилистиканы кейбір зерттеушілер **қолданыс тілі стилистикасы (стилистика речи)** деп атайды. Функционалды стилистика шығарманың, мәтіннің құрылымы, ондағы тілдік құралдардың орнымен қолданылуы, шығарманың болмысында кеткен саналы немесе кездейсоқ ауытқулар мен қателіктер, оларды болдырмаудың, кемшін тұстарды түзетудің жолдарын көрсетеді.

Функционалды стилистика өз ішінде стильдер жүйесі бойынша жіктеледі:

- ауызекі сөйлеу тілі (стилі);
- ресми стиль;
- ғылыми стиль;
- публицистикалық стиль;
- көркем әдебиет стилі (тілі).

Функционалдық стильдердің тілдік бірліктерінің қатарына арнаулы сөздер мен стереотип сөздер енеді. Тілдік стереотиптер кешенді ойлау жүйесінің модельдік компоненттерін толықтырушы ретінде тілдің лексикалық қабатында жиі көріне алады, сондықтан олардың стилистикалық мүмкіндіктері өте мол.

«Қазіргі кезде стилистика ғылымында әдеби тілдің бес функционалды стилі белгілі. Олардың өздері қатынас жасаудың нақтылы жағдай, міндеттеріне т.б. байланысты тағы ұсақ түрлерге жіктеледі. Оның үстіне функционалды стиль араласып та келе береді, яғни бір стильде басқа стильдердің элементтері кездесе береді. Функционалды стильдердің әр түрінің элементтері қабаттаса қолданылып, көп қабатты стильдік

құбылыстар пайда болады. Бұл жағдайда стильдердің өзара нәтижесінде және олардың өз ішінде бөлінісі себепті жасалады. Сөйтіп, тілде функционалды стильдік және стилішілік жіктеліс өте күрделі, сан тармақты болып келеді» дейді зерттеуші Б.Шалабай [6, 9].

Академик М.С.Серғалиев: «Функционалды стильдердің қай-қайсысы да шағын стильдерге жіктеледі» дей келе, ғалым әр стильдің сипатын көрсете келіп, көркем әдебиет стилін шағын стильге ажырату олардың жанрлық ерекшеліктеріне байланысты болады деген тұжырым айтады [2, 19].

Жалпы алғанда, функционалды стильдің үш негізгі белгісін атап көрсетуге болады. Олар:

1) қоғамдық өмірдің белгілі бір саласын бейнелейді, олардың өзіндік қолданыс аясы, өз тақырыбы бар;

2) қарым-қатынастың белгілі бір жағдайын көрсетеді – ресми, бейресми т.б;

3) өзіндік ұстанған бағыты, тілінің негізгі мақсат-міндеті бар. Әрбір функционалды стиль жалпы әдеби нормада пайдаланудағы өзіндік ерекшелікке ие, ол жазбаша да, ауызша да өмір сүруі мүмкін. Әрбір стиль өзіндік ерекшелігі бар түрлі жанрдағы шығармаларды қосып алады.

Функционалды стильдердің әрқайсысы өз мүмкіндіктерінше тілдік бірліктерді қолданудың өзіндік модельдері мен трансформациясын жасауға ұмтылады. Ол тілдің дамуына және стильді қалыптастыруға ықпал жасайды. Тілдік модельдер мен бірліктер функционалды стильдердің шеңберінде қарастырылады.

Бақылау сұрақтары:

1. Лингвистикалық стилистика дегеніміз не? Оның негізгі бағыттары мен түрлері.
2. Стилистиканың түрлерін атаңыз.
3. «Стиль» термині, стильге берілетін анықтамалар.
4. Тіл стилистикасы мен қолданыс тілі стилистикасының айырмашылығы неде?

СТИЛИСТИКАНЫҢ НЕГІЗГІ ҰҒЫМ-КАТЕГОРИЯЛАРЫ

1. Тілдің стилистикалық құрылымы
2. Функционалдық стиль туралы ұғым
3. Стиль – стилистиканың негізгі ұғымы
4. «Стиль» терминінің әртүрлі түсініктері, оның себептері
5. Стилистикалық мағына, оның табиғаты
6. Стилистикалық норма, оның әдеби норманың басқа түрлерінен ерекшеліктері
7. Стилистикалық қате туралы ұғым
8. Стилистиканың зерттеу әдістері

Қазақ әдеби тілі функционалдық стильдер жүйесінің қай тармағы, қайсыбір ішкі тармағы болмасын, әдеби тілдің синхронды, диахронды жай-күйін танып білуде аса маңызды болып табылады. Сонымен қатар қазақ әдеби тілі функционалдық стильдер жүйесін қазіргі кезеңде зерттеудің маңыздылығына байланысты біз төмендегі мәселелерді атап көрсетеміз.

Орыс тіл білімінде де, қазақ тіл білімінде де стильдік тармақтар қарастырылған еңбектер өте көп, қандай да бір проблема туралы түрлі көзқарастарды кездестіруге болады, бірақ 1990 жылдарға дейін функционалдық стильдер өз алдына жеке түрде зерттеліп келді. Кейбір еңбектерде публицистикалық стильдің (әсіресе, мерзімді баспасөз тілінің) экстралингвистикалық факторларға байланысты тілдік-стильдік жағынан өзгеріп отыратындығы айтылады, ал басқа стильдік тармақтар «өз алдына бір бөлек дүние» түрінде зерттелді.

Қазіргі кезеңде тіл білімінің барлық бағыттары өзгерді. Тілдің кез келген қолданысын қоғамдық құбылыстармен, қоғамдағы өзгерістермен, тіл ғылымының жаңа әрі өзекті салалары – антропологиялық лингвистикамен, когнитивтік лингвистикамен, мәтінтанумен тығыз байланыста қарау қажеттігі бар. Осы тұрғыдан қарағанда кез келген стильдік тармақтардың тілдік-стильдік табиғатын толық ашуға мүмкіндік туады.

Қазіргі қоғамдағы өзгерістердің ішіндегі ең бастысы – қарым-қатынастың типі өзгерді. Нақты айтқанда, қазіргі қоғамдағы демократиялық даму үрдістері, нарық экономикасының қарқынды дамуы нәтижесінде қарым-қатынастың жаңа және белсенді түрі – диалогтық қарым-қатынас пайда болды. Кез келген бір ақпаратты жеткізу, ғылыми пікірді дәлелдеу үшін бұрынғы дәуірлердегідей қарапайым монолог түрінде баяндау емес, диалог-сұхбат арқылы пікірталасқа шақыру, мүдделілік туғызу факторлары барынша белсенді болып отыр. Бұл жағдай ғылыми стильге тікелей қатысты. Белгілі бір ғылыми тұжырымдарды жеткізу үшін қазіргі кезеңде әсер ету, шоғырландыру және пікірталас арқылы дәлелдеу функциялары алдыңғы қатарға шығуда. Осының нәтижесінде «ғылыми стиль», «ғылым тілі» деп аталатын тармақ қалың жұршылыққа, көпшілікке қарай бет бұрды; бұл өз кезегінде ғылыми стиль тілінде өзге де стильдік тармақтардың тілдік бірліктерінің араласуына, сол арқылы ғылыми-көпшілік стильдің жаңа тілдік белгілерінің қалыптасуына жол ашты.

Осыған байланысты қазіргі кезеңде жалпы функционалдық стильдерді негізгі типтерге топтастыру бағыты да байқалады.

Ғалым А.Алдашева былай деп жазады: «... соңғы жарты ғасыр көлемінде қазақ тілінде аударылған прозалық шығармалардың (ішінара драма жанры үлгілерінің) және публицистикалық, ресми, қоғамдық-саяси, оқу-ағарту мазмұнындағы әдебиеттің тілі қалыптасты. Аталған әдебиет түрлерінің өзі іштей поджанрға, подстильге қарай тарамдалатыны белгілі; алайда аударматану аясынан қарағанда, функционалдық стильдердің әрқилы түрлерінің, прозаның ішкі жанрларының тілін топтастыра, жинақты түрде қарастыруға мүмкіндік беретін бірқатар белгі-сипаттар бар; сол себепті қазақ әдеби тілімен «қайта жазылған» қарасөз үлгілері, ұтымды жүйелі түрде атау мақсатында **арнаулы ақпаратты аударма әдебиет** (бұған көсемсөз стилінің, ғылыми, оқу-ағарту әдебиетінің, ресми іс-қағаздарының тәржіма нұсқалары жатады) және **көркем аударма әдебиет** деген екі топқа шартты түрде жіктестірілді» [7, 8-9].

Стилистикалық дайын сөз оралымдарының қатарына жататын штамп, клише, стереотип терминдері ғалымдар

назарынан тыс қалған жоқ. В.В.Виноградов "Ауызекі сөйлеу стилі туралы адамдар дайын сөз оралымдарымен айта да, жаза да алады" десе [8, 59], тұрақты және дайын сөз оралымдарын Н.С.Васильева клише ретінде қарастырады [9, 22], В.В.Костомаров публицистикалық стильде дайын тілдік стандарттар қолданылады, олар автор мен белгілі әлеуметтік топтың бірін-бірі түсінуін жеңілдетеді дейді [10, 58].

Тілдік клише, негізінен, функционалдық стилистика және фразеологияда қарастырылып жүр. Тіл ғылымында клише, стереотип, штамп туралы толық анықтама жоқ. Штамп – стилистикалық боямасы бар сөйлеу құралы, сөз стереотипі психологиялық стереотиппен сәйкес келеді. Қолданушыларға автоматты түрде көмекке келеді, коммуникацияны жеңілдетеді, үнемділікке күш салады, тыңдаушы мен айтушының ойлау энергиясы мен уақытын бағалауға жәрдемін тигізеді. "Штамп" сөзінің негізгі мазмұндық-мағыналық бірлігіне сөз, сөз тіркесі, сөйлем, қанатты сөздер, мақал-мәтелдер жатады.

Стилистикалық дайын сөз оралымдарының бірі – стереотип. Стереотип – ұғымдық образ, ол адам санасында орныққан түсінік пен құбылыстың ақиқаттылығы ретінде ассоциацияланып тұрады. Тіпті оны стилистикалық фреймдер ретінде бағалауға болады, ұқсастық сипаттың нәтижесінен де туындаған деп айтуға болады, себебі стильдің қалыптасуындағы экстралингвистикалық, психоәлеуметтік факторлар адам санасында стилистикалық фреймдердің орнығуына тікелей ықпал еткендіктен, стандартты тілдік бірліктер ретінде дайын күйінде қолданылады.

Стереотипті сөз оралымдары функционалдық стильдердің барлық саласында жиі жұмсалады. Стереотип тілдік контекстерде тұрақты қолданысқа икемді бола отырып, стереотип-стереотиптік тарауша түзеді, кішігірім сөздер мен сөз тіркестерінің компоненттерінің қатарын құрай алады, сөйтіп, когнитивті модель құрауға бейімделіп тұрады. Стереотип коммуникативтік актінің контексінде жазылған белгілі микроситуацияны анықтаудың көрінісі болып табылады, әрі субъектінің қызметінің әлеуметтік мәнін тұрақтандыруға арналған дайын тілдік құрылым болып

табылады. Н.П.Котюрова стереотиптік тілдік бірліктер өзінің дайын күйінде коммуникативтік актінің күрделі процесін жеңілдетуге де ыңғайлы болып, пайдасын тигізіп отыратындығын айтады [11,19].

Функционалдық стильдерде дайын сөз оралымдарын жасаудың екі түрлі жолы бар. Біріншісі – орыс тілінен енген, екіншісі – төл тілдің дайын сөз формаларынан жасалуы. Стереотип ғылыми, ресми, публицистикалық стильге тән болып келеді. Ғылыми және ресми стильдегі стереотиптік бірліктердің прагмастистикалық рөлі тұрақты. Публицистикалық стильдегі стереотипті бірліктің прагматикалық рөлі жоғарыда аталған екі стильге қарағанда күрделі әрі қарама-қарсы, себебі қоғам өміріндегі өзгерістер, өмір ситуацияларындағы құбылыстар стереотиптердің ауысып отыруына ықпал етеді.

Публицистикалық стиль ғылыми стиль мен көркем әдебиет стилінің лингвистикалық белгілерін түгел қамтымаса да, сол аралықтағы ең негізгі тілдік-көркемдік амал-тәсілдерді бойына жинақтайды. Сондықтан публицистикалық стильде автор қоғам өмірінің сан салалы қажетін өтеу үшін дайын тілдік оралымға бейім тұрады, соны пайдаланады, себебі ол стилистикалық категорияларды анықтауға негіз болады.

Функционалдық стильдерде клише, штамп, стандарттың бар екендігі, жалпы оның тілдік айналымға еніп кеткендігі туралы зерттеушілер тарапынан айтылып келеді, әсіресе бұқаралық ақпарат құралдарының тілінде, яғни публицистикалық стильде кездесетіндігі заңды құбылыс екендігі белгілі.

Стилистикалық бояуы бәсең дайын сөз оралымдарының бірі – канцеляризм, ресми стильдің тілдік нормасынан да, стилистикалық нормасынан да орын ала алады, қазақ тілінде ресми стиль толық орныққанда олар да тілдік бірлікке айналады, ресми стильдің стильдік белгілерінің межесін айқындап тұрады. Канцеляризмді ауызекі сөйлеу стилінде қолдануға шек қойылады.

Сөйлеу штампы – жиі қолданылатын мағыналық реңкі солғындаған, эмоционалдық бояуы бәсең тартқан сөздер тізбегі. Ресми және публицистикалық стильдерде кездесіп отырады. Тілдік стандарттар да дайын қалыптасқан сөз

үлгілері болып саналады. Тілдік стандарттар публицистикалық стильде қолданылады. М.Н.Кожина тілдік стандарттар "штампқа қарағанда жағымсыз әсер тудырмайды" дейді, бірақ нақты семантикалық мағынасы мен ойды үнемдеу мақсатында қолданылады және хабарды тез жеткізу үшін пайдаланылады [12, 36]. Ғылыми стильде тілдік стандарттар хабар жеткізу мақсатын емес, керісінше, ғылыми мәтіннің біліктілік сипатының көрсеткіші ретінде алынады, автордың ғылыми тұжырымының оқырманға түсінікті болу мақсатын көздейді. Осыған орай ғылыми стильдегі стереотиптер мәтіннің құрылымдық-композициялық компоненттері ретінде бағаланады, жеке автор қолданысына еш кедергі жасамайды. Сондықтан олар ғылыми стильдің акценттік және бағалау сияқты стилистикалық категориясының мәнерлі мазмұнын құрап отырады.

Публицистикалық стильде стандартты тілдік бірліктерді В.Г.Костомаров: "бейтарап нормативтік бояуларға ие болатын сөздер" деп таниды. Публицистикалық стильде стандартты тілдік бірліктер туралы ресми және ғылыми стильдерге қарағанда қарама-қарсы түсінік қалыптасқан, қоғамның әлеуметтік жағдайы, ондағы түрлі өзгерістер мен жаңалықтар ойлау әрекетіне қарама-қарсы құбылыс туғызатын болғандықтан, стандартты сөздердің өзгеріске түсуі заңды құбылыс, себебі публицистикалық стильге қоғамдағы оқиғаның құбылмалы да өзгермелі сипаты ықпал етеді. Кейбір стандартты сөздер қолданыстан шығып жатса, кейбіреулері өзгермейтін "қалыпты" тілдік бірліктер қатарынан орын алады. Публицистикалық стильде стандартты тілдік бірліктер экспрессияға қарсы тілдік құбылыс деп саналғандықтан, стандарт экспрессияға қарама-қарсы тілдік бірлік ретінде қарастырылады. Штамп сияқты тілдік бірліктер бейнеліліктен айырылған, бірақ контексте "автордың" бақылауынсыз қолданыста жиі ұшырасып, стильдердің әрқайсысында қалыпты, автоматты түрде қолданылады. Дайын тілдік оралымдар жағымды тілдік-конструктивтік тәсіл ретінде стильдік құралдардың қатарына жатқызылады [10, 109].

Қазақ әдеби тілінің функционалдық стильдер жүйесі маңызды ғылыми еңбектер арқылы талданады, әсіресе мерзімді

баспасөз тілі, көркем әдебиет тілі, әдеби тілдің тарихы, оның қалыптасу кезеңдері, «әдеби тіл» деген терминнің нақты критерийлерін айқындау мәселесінде негізгі дереккөздерге айналды.

Қазақ әдеби тілі функционалдық стильдерін тармақтарға бөлу, жүйелеу мәселесінде қазақ тілші ғалымдары орыс тіл біліміндегі көзқарастардың ықпалында болды. Бұл туралы Р.Сыздық былай деп жазған болатын: «Сонымен, көптеген өзге тілдер сияқты, қазақтың қазіргі ұлттық жазба әдеби тілінің де бұл күнде функционалдық стильдері: көркем әдебиет стилі, публицистикалық, ғылыми (немесе ғылыми-техникалық), эпистолярлық стильдер және ресми іс-қағаздары мен кеңсе қағаздары стилі деп жіктелетін болса, оларды бір-бірінен ажырататын тілдік белгілері болуы керек. Бұлар жөнінде стилистика мәселесімен айналысқан зерттеушілер біршама пікірлер айтып, фактілерді көрсетіп келді. Олардың дені орыс тілінің функционалдық стильдерін сөз еткен еңбектерден алынған. Бұған, бір жағынан, публицистикалық, ғылыми әдебиеттің және ресми іс-қағаздарының орыс тілінен аударма түрінде ұсынылып келгендігі себепкер болса, екіншіден, функционалдық стильдер табиғатының тіл-тілдің қай-қайсында да кейде бір шамада болып табылатындығы да ықпал еткен болар» [13, 55]. Осының нәтижесінде қазақ әдеби тілі стильдерінің кейбірін арнайы зерттеу кеш қалып келді.

Ғалымдар арасында функционалды стиль ұғымы жайында екі көзқарас бар:

а) функционалдық стильдер – әдеби тілдің түрлері;

ә) функционалдық стильдер – тілдесімдік құбылыс, яғни тілдесім стильдері (тілдік емес). Екінші көзқарас – доминанттық көзқарас, сондықтан бұл пікір басым көпшілік ізденістердің ғылыми негізі болып қабылданған. Тіл білімінің стилистика саласы орыс тілі ғылымында үстіміздегі ғасырдың 20-жылдарынан бастап жанданды, 50-жылдардың ішінде жарияланған еңбектерде стилистика, стиль мәселелеріне арналған пікірсайыс жүргізілді. Мәселе түбегейлі шешілмегенімен, көптеген нысан қырларының табиғаты анықталып, сыры ашылды. Айтылған пікірлерді акад. В.В.Виноградов тұжырымдап, өз көзқарасын білдірді.

Ғылым, саясат, іс жүргізу, бұқаралық ақпарат құралдары, т.б. аталған барлық қоғамдық қатынас салаларындағы әдеби тілдің өзіндік деңгейдегі ерекшеліктері болады. Бұл ерекше белгілер бір-бірімен байланысқан сөйлеу жүйесін құрайды. Әдеби тілдің мұндай түрі функционалдық стиль деп аталады. Стилистикада функционалды стильдерді бір-бірінен ажыратудың белгілі бір өлшемдері болатынын зерттеушілердің еңбегінде айтылған, мұндай өлшемдерді айқындау арқылы олардың негізгі деген стильдік-тілдік белгілері алға шығып, даралана түсетіні анықталды. Стилистиканың беделді маманы В.В.Виноградовтың пікірінше, қандай да бір стильді даралауда тек лексикалық қорын салыстыру аздық етеді: «Қандай да бір стильді сипаттауда, оның басқа стильдермен арақатынасын айқындап, бір-бірімен салыстырып қана қоймай, сонымен қатар стильдік жүйесін құрайтын жекелеген стилистикалық категорияларының дамуын қарастырған жөн. Историзм қағидасын қолдану жалпы стиль ұғымы үшін де, нақты функционалдық стиль ерекшеліктерін айқындау үшін де қажет. Көбіне стильдер олардың лексикалық қоры негізінде салыстырылады, себебі дәл осы сөздік құрам саласында олардың арасындағы айырмашылықтар айқынырақ көрінеді. Алайда барлық әдеби тіл стильдеріндегі ортақ лексикалық материалдардың көлемі, бір жағынан, екінші жағынан, қандай да бір стильдің тек лексикалық жағын ғана қарастырып қоймай, барлық құрылымдық бөліктерін қарастырудың қажеттілігі оны сипаттауда басқа да тілдік жүйесін ескеруді талап етеді...» [8, 45]. Зерттеушілердің қай-қайсысы да тілдің әлеуметтік қызметіне мақсаттық стильдердің қатысты екендігін жоққа шығармайды. Сондықтан акад. В.В.Виноградов тілдің әлеуметтік қызметінің түрлерін **қарым-қатынас, хабарлау және әсер ету** деп бөледі де, соларға сәйкес біріншісінде тілдің күнделікті сөйлесу стилі, екіншісінде іс қағаздары, ресми құжаттар және ғылыми стильдері, үшінші қызметінде көркем әдебиет пен публицистика стильдері қолданылады деп таниды. Тілдің бұл қызмет түрлерінің бір-бірімен тығыз байланысып жататындығы, тіпті араласып та кететіндігі баса айтылады. Демек, оларды танытатын мақсаттық немесе әлеуметтік қызмет стильдері бір-бірінен соншама окшауланып тұрмайтындығы,

кейде әрқайсысына тән стильдік белгілерді ажыратудың қиынға соғатыны қоса көрсетіледі.

Тілдің әлеуметтік қызметіне қарай стильдік бөлінісіне келгенде тіл элементтерінің: сөздердің, грамматикалық амалдардың, көріктеу құралдарының әр түрлі қарым-қатынас саласында, яғни коммуникативтік ортада жұмсалыу тәсілдері, қолданылу жиілігі, тіркесу қабілеттері сияқты сыртқы факторлар ескеріледі. Бұл факторлар стильдік белгілерді анықтауда айтарлықтай рөл атқаратын болу керек. Ғылымның әр саласында “стиль” терминінің беретін мағынасы біркелкі еместігін осы тақырыпты зерттеушілер айтып келеді.

Бұған қоса стильді әдебиет пен тілге бөліп қарау түсінігі қалыптасқан. “Стиль” термині жалпы жазба дүниелердің жанрына байланысты да (мысалы, кеңсе қағаздары стилі, ресми-іс қағаздары стилі, телеграф стилі), белгілі бір қоғамдық іс-әрекеттер мен жағдаятқа байланысты да (салтанатты стиль), тілдің жұмсалыу түріне қарай да қолданылады.

Тілге келгенде «стиль» терминінің мағынасын акад. В.В.Виноградов былайша анықтайды: «...Тілдің функционалдық стилі дегеніміз әлеуметтік іс-әрекеттің белгілі бір саласына, әдебиеттің белгілі бір жанрына, қоғам тіршілігіндегі белгілі бір жағдаятқа сәйкестендіріліп қалыптасқан тұлға-тәсілдер жүйесі, семантикасы мен экспрессиясы жағынан біршама тұйықталып, яғни әр стильге қарай іріктелген тілдік құралдар болып шығады» [8, 23]. Демек, тілдік стиль, дәлірек айтсақ, тілге қатысты қолданылатын «стиль» термині тек қана тілдік категория болып табылады. Екіншіден, ол тілдің әлеуметтік өміріндегі қарым-қатынасының бар саласында қолданылатын коммуникативтік қызметіне байланысты болады; тілдің өзіне емес, қолданысына қатысты болғандықтан, ол әлеуметтік сұраныстың мақсатына, оның ішінде әдебиеттің жанрлық түрлеріне қарай ғана емес, жұмсалыу түріне, жұмсалыу сапасына, айтылу бояуына т.т. қарай бөлінуі де ескеріледі.

Сондықтан әдеби тілдің функционалдық стильдері дегенді стильдің жоғарыда көрсетілген өзге түрлерінен бөлек қарастыру керек. Стиль табиғаты туралы сөз қозғамас бұрын, функционалды стильдердің тілдегі жіктелу мәселесін анықтап алу қажет. Функционалды стильдердің жіктелуіне келгенде де

әр зерттеуші жіктеу принциптеріне орай әр түрлі бөледі. Ал жіктеу принциптері белгілі бір өлшемдерге негізделуге тиіс болса, ол өлшемдердің өзі даулы, яғни стильдерді тарамдау үшін олардың қандай белгілерін өлшем ету керек деген мәселе түбегейлі, бір жақты шешілген емес.

Сонымен қатар зерттеушілер қай тілде болмасын әр стильдің өзіне тән тілдік элементтердің көрінісі бірінде көп, бірінде аз, яғни бірдей еместігін атайды. Стильдердің біреулері барлық құралдарды тегіс пайдаланса, енді біреулері таңдап, талғап, яғни көбінесе тек өзіне тән элементтерді жұмсайды, соның нәтижесінде ондай стильдік үлгілер тілі “тұйықтала” түседі. Мысалы, ресми-іс қағаздары стилі стандарт формулаларымен, штамптарымен ерекшеленсе, ғылыми стиль арнайы терминологиясымен ерекшеленеді. Ал публицистикалық стиль бұлардан гөрі еркіндеу келеді, оның «өз лексикасы мен фразеологиясы» тұрақсыздау болады.

Ғалым Р.Сыздықова: «Тілдік нормадағы функционалды стильдерге қарай ажыратып тануда олардың бір стиль шеңберінде тұйықталған сипаты жағын білу керек. Өйткені бір функционалды стильдің ішінде ғана емес, азды-көпті стиларалық «ауыспалы тіркестер жүріп жатады». Мысалы, публицистикалық стильде ғылыми стильдің ерекшеліктері, көркем әдебиеттің элементтері кездесіп отыратыны стильдердің басты қағидаларының бірі екенін оның сол стильге тән лингвистикалық белгілерінің толық қамтитын бөлігіне байланысты да тану мүмкіндігін көрсетеді. Ал көркем әдебиет стилінде ғылыми стильдің де, ресми құжат түрінің ауызша түрі, немесе, сот залынан көрініс суреттелсе, заң тілінің де элементтері кездеседі. Ресми құжат тілі мен іс қағаздар тілінде де ғылыми стильге тән дәлдік, нақтылық бола отырып, реттілік көрсеткіштері, сөйлемдерінің тілдік құрылымдық ұқсас кешендерге жіктелген түрлерін кездестіруге болады», – дейді [13, 9].

Көркем әдебиет стиліне келетін болсақ, мұның өлшемдерін ашып айту қиын. Оның ерекшелігі, кейбір зерттеушілер айтқандай, поэтикалық элементтердің бар болуында емес, бірақ тілдік құралдардың әдеби-көркемдік жағынан көрінуі көркем әдебиет стиліне әлдеқайда тән болып келеді.

Тілдегі функционалды стильдерді жіктеу қағидаларына орай әр зерттеуші әртүрлі бөліп қарастырады. Сондай-ақ, біршама анықталған өлшемдерге қарап, тілдік стильдерді әуелі жұмсалып түріне қарай ауызша және жазбаша стиль деп бөлушілік бар. Оған қоса ауызша стиль мен сөйлеу тілі стилін шатастырмау керектігін ескергеніміз жөн. Себебі ауызша функционалдық стиль әдеби тілдің құзырындағы құбылыс, яғни ол – әдеби тілдің жұмсалып түрі, көпшілік алдында ауызша ұсынылатын сөздер. Оған шешендер сөзі, хабарлама, баяндама, студенттің сабақ айтқандағы сөздері жатады. Ал сөйлеу тілі – күнделікті қарым-қатынас барысында ауызша қолданылатын тіл үлгісі.

XX ғасырда тіл білімінің үлкен жетістіктерге жетуі, жаңа бағыттардың пайда болуы стилистика ғылымының қарқынды дамуына әсер етіп, стилистикада тілдің функционалдық қырлары басты назарға ілікті. В.Матезиус бастаған чех ғалымдары әдеби тілдің функционалдық сипатын зерттеуге ерекше көңіл аударды. Орыс стилистика ғылымында В.В.Виноградов зерттеулері жаңа бір кезеңнің бастамасы болды деп айтуға негіз бар. В.В.Виноградовтың еңбектерінде тілдік-функционалдық концепция басым бағыт болса, оның негізін тілдің халық өмірінің нақты тарихи жағдайларындағы шынайы қызмет атқаруын зерттеуі құрайды.

Стилистика жалпыхалықтық, ұлттық тілдің барлық қырын, оның дыбыстық құрылымын, грамматикасын, сөздігін, фразеологиясын толық қамтитын күрделі жүйе ретінде таныла түсті. Тіл тұтас құрылымның тарихи дамуындағы іштей байланысқан элементтері тұрғысынан емес, оның тарихи дамуы барысындағы функционалды жіктелісі және әртүрлі сөйлеу құбылыстарының экспрессивтік бояулары мен реңктерінің сәйкестілігі тұрғысынан қарастырыла бастады. Тілдік қарым-қатынастың салалық қолданысы, сөйлеудің жекелеген қоғамдық шектелген түрлерімен (яғни функционалды стильдермен) байланыста алып зерттелді. XX ғасыр басындағы және одан кейінгі орыс әдеби тілі, стилистикасы мен тіл мәдениетін зерттеудегі ізденістер (Г.О.Винокур, Л.В.Щерба, А.Н.Гвоздев т.б.) осы бағыттағы зерттеулерді тереңдетіп, одан әрі дамытты. Сөз семантикасының экспрессивтік, эмоционалдық және

бағалауыштық компоненттері және олардың денотативті мағынамен байланысына айрықша назар аударылды.

Стилистиканың ерекше қызғылықты бағытының бірі – экспрессивті стилистика. Экспрессивті стилистика лингвостилистиканың бір бағытына жатады. М.Балақаев, М.Серғалиев "Қазақ тілінің мәдениеті" атты еңбегінде былай дейді: "Көркем әдебиетке тән әр алуан көріктеу, шеберлік тәсілдері болады" [14, 47]. Ендеше, экспрессивті стилистика тілдегі экспрессивті әдіс-тәсілдерді үйретеді. Қазіргі стилистикада көріктеу, шеберлік тәсілдері көркем әдебиет стиліне ғана тән деп қарауға болмайды, ол барлық стиль түрлерінде коммуникативті-прагматикалық мақсатпен жүзеге асатын шеберлік тәсілдер арқылы экспрессивті стилистикада жан-жақты көрініс табады.

Экспрессия – латын сөзі "мәнерлілік", "уыттылықты" білдіру амалы дегенді білдіреді. Орыс тіл ғылымында экспрессивтік стилистика теориясының аспектілері Т.Г.Винокур, О.А.Лаптева, А.П.Сквородиков, К.А.Долинин, Т.Г. Хазагеров еңбектерінде жан-жақты сөз болып жүр.

Экспрессивті сөз эмоциясыз айтылуы да, жазылуы да мүмкін емес. Узустық коммуникативтік сызық бойында стилистикалық мазмұнды бере алатын "мәнерлі ой өрнегін түзуші" экспрессивті стилистика деп аталынады.

Экспрессивті стилистиканың зерттейтін мәселелері мыналар болып саналады: тілдік бірліктердің экспрессивті тапсырмаларының сапалық және тиімділік қасиеттерін әр түрлі стилистикалық амалдардың көмегімен анықтау. Олар: стилистикалық мағына, стилистикалық тәсіл, стилистикалық амал, стилистикалық тапсырма.

Мағына дегеніміз зат емес. Бұл туралы әртүрлі көзқарастар бар. Кейбіреулер мағынаны таңба деп, қайсыбіреулер объективті шындықтың бейнеленуі деп, енді біреулер таңбаның затқа қатысы деп есептейді.

Тілдегі таңбалық қасиет жөнінде және оның мағынамен арақатысына талдау жасап, айқын пікір айтқан философ Гегель болды. Тілдің таңбалық мәнін қарастыра келіп, Гегель бұл таңбалық қасиет психология, логика ғылымдарына тәуелді емес, өз алдына жеке сала болып қарастырылуы керек екенін айтады.

Лингвистикадағы таңба системасы И.Г.Гердер есімімен байланысты. И.Гердер тілдегі таңбалар адам санасынан туған, қолдан жасалған деген тұжырымға қарсы шығады. Ол тіл мен пайымдауды өмірде туатын инстинкт құбылысы деп есептейді. Гердердің пікірінше, тіл табиғаттағы адамның ерекше сезімі негізінде, яғни айрықша "сөз органдары" ретінде пайда болды, таңбалар да тілдің элементі болу арқылы адаммен бірге туған инстинкт. Кейіннен И.Г.Гердер теориясы XIX ғасырдағы лингвист пен психологтардың қатты сыналды.

Шындығында, мағына жалаң таңба емес. Мағына ұғымдар арқылы дыбыстық формамен айтылған объективті шындықтың бейнесі болып табылады. Сөздің мағынасын оның ішкі компоненті деп тану және мағынаны объективті шындықтағы заттар мен құбылыстардың бейнеленуі деп түсіндіру тілді социолингвистикалық тұрғыдан танып білуде өте-мөте қажетті болып саналады.

Мағынаны таңбамен теңестіру немесе мағынаны тілден мүлдем шығарып тастау тілдің табиғатын теріс түсіндіруге әкеліп соқтырады. Сонымен, мағына объективті шындықтың тіл дыбыстары арқылы қатысымдық тұлғаларда белгіленіп бейнеленуі. Тілге таңбалық жүйе тұрғысынан мынандай анықтама беріледі: Тіл дегеніміз – қатысымдық қызмет атқаратын тілдік тұлғалардың материалдық жамылғыш арқылы мағыналық қасиетке ие болған таңбалар жүйесі.

Стилистикалық мағына қазіргі уақытта стилистикалық коннотация деген терминмен аталып жүр. Қазақ тіл білімінде стилистикаға байланысты еңбектерде де жан-жақты талданған, кейде мәдени коннотация ұғымымен қатар айтылады, сондықтан лингвомәдениеттану бағытында қарастырылып жүр. Стилистикалық мағына – қолданыс тіліндегі денотативті немесе бейнелі уәжді аспектілерінің интерпретациясы мағынасында жұмсалынады.

Қазақ әдеби ұлттық тілінде образды ассоциативті стилистикалық коннотациялар өте көп, ол ауызекі сөйлеу стилінде, көркем әдебиет тілінде молынан ұшырасып отырады.

Қазіргі уақытта тілдің ауыспалы мағынасынан туындаған стилистикалық коннотациялар жеке зерттеу салаларына айналып кетті. Ол, негізінен, стилистикалық мағына

терминінен таралғанын айту керек. Тілдің номинативті жүйесі, әлеуеттілігі ұлттық әдеби тілдің байлық қорынан алына отырып, стилистикалық мағына кез келген қолданыс тілінде коннотация тудыратын образды-бейнелі сөзге айналады.

Стилистикалық тәсілдер деп стильдерді құрастырушының әр түрлі тілдік бірліктерді қолдану амал-тәсілдерін айтады. Олар: троптың түрлері, стилистикалық фигуралар, стиль құраудың стратегиясы мен тактикасы. Тілдік бірліктердің дәстүрлі стилистикалық тәсілдері контекстен тыс стилистикалық коннотациялардың негізгі жүйесін құрай отырып, оның тұтас көркемдік сапасын жасайды. Қолданыс тілінің аясында тілдік бірліктердің анық, көркем, бейнелі шығуына стилистикалық мағына үлкен ықпал етеді. Т.Г.Винокур бұл экспрессивті стилистиканың негізгі базасын құрайтын атауларды "узуалды-стильді комплекс" деп атаған [3, 7], олар мәтінде коммуникативтік актінің құрылымдық-стильдік базасын толық қалыптастырады.

Экспрессивті стилистиканың енді бір негізін құрайтын белгісі – **стилистикалық тапсырма**. Стилистикалық тапсырма сөйлеушінің арнайы ойлап тапқан көркемдік, экспрессивтік айту мәнері, адресаттың қабылдауына арнайы стилистикалық тиімді әсер қалдыру үшін қолданылады. Стилистикалық тапсырма айтушы хабарының экспрессивті мағлұматын көрсете алады. Сөйлеу актілерінің стилистикалық құрылымдағы екінші (жанама) компоненттер сапасы ретінде көрінеді.

Стилистикалық тапсырма, стилистикалық мағына, стилистикалық тиімділік сияқты экспрессивті тілдік бірліктер өзара тығыз қарым-қатынаста бола отырып, жалпы узуальды-стильдік комплекс терминдерінің мән-мағынасын толық жеткізе алады. "Экспрессия" термині стилистикалық көркемдіктің барлық аясын қамтамасыз ете алады.

Стилистикалық норманы зерттеушілер әдеби тіл нормасына қосымша, оны толықтыратын, анықтап, дәлдейтін норма деп табады. Стилистикалық норманы «стильдік норма», «функционалдық норма», «функционалдық-стилистикалық норма» деп әр түрлі атайды. Оның әдеби тіл нормасынан айырмашылығы – пайымдаудың функционалдық-стилистикалық

жағына көп көңіл бөлетіндігінде. Ғалым Т.Г.Винокур тіл мәдениетінің екі сатысын атап көрсеткен болатын: бірі – кіші сатысы, қолданыс тілінің дұрыстығы, екіншісі – қолданыс тілінің биік шыңы – стилистикаға қатысты, дәлірек айтқанда, стилистикалық норма [3, 12]. Ендеше, **стилистикалық норма** дегеніміз – қарым-қатынас аясындағы қолданыс тілінің мақсатына, міндетіне және мазмұнына сай, тарихи жағынан қалыптасқан тілдік мүмкіндіктердің жүзеге асу ережелері, ұстанымы. Қолданыс тілінің жоғары мәдениеті ойды дұрыс, дәл және ақылға қонымды етіп тілдік құралдар арқылы жеткізе білу болып табылады. Стилистикалық норма тарихи категория ретінде саналады.

Мәселен, ғылыми стильдің барлық жанрларының негізгі өзегі мен шеткі аймақтарында стилистикалық категория мен стилистикалық норма өзара белгілі прагматикалық қызметімен көрінеді. Ғылыми стильде ғылыми терминдердің мол қолданылатындығы, сөйлемнің анық, түсінікті болуы ғылыми жазбалардың стильдік белгілері болып табылады. Мұнда жалпы тілдің ортақ нормаларымен қатар ғылыми стильдің стилистикалық нормалары тұрақтанады. Стилистикалық норма ғылыми стильдің стилистикалық категорияларынан түзіледі. Ғылыми стильде нормадан тыс тұратын сөздер қолданылмайды, морфологиялық тұлғалардың да жалпы тілдік грамматикалық варианттары жұмсалады. Сөйлем құрылысы да тілдік норманың қатаң тәртібін сақтайды. Бұл стильде ғылыми терминдердің, оның ішінде мамандық терминдерінің қолданылуы ғылыми мәтіннің стильдік белгісі әрі стилистикалық нормасы болып табылады.

Зерттеуші Д.А.Әлкебаева: «Ғылыми стиль жазба стильге жатқандықтан, жазба стильдің өзіне тән қызметі болады. Жазба стиль әр уақытта біркелкі болмайды. Ғылыми стильдің ең басты лингвистикалық белгілері, яғни басқа стильден ажыратылатын стилистикалық нормалары болады. Ғылыми стиль қазақтың ұлттық жазба әдеби тілінің негізгі көрсеткіші болғандықтан, әдеби тіл нормаларының басты өлшем шарттарын толық жүзеге асуын қамтамасыз етеді», - дейді [15, 65-66]. Ғылыми стильге мәліметті беру үшін алдын-ала ойлану, тілдік бірліктердің қатаң таңдалып алынуы, қалыпқа салынған (Р.Сыздықтың ұсынысы

бойынша – «қалыптанған») сөйленіс типіне ұмтылу тән. Ғылыми стиль арқылы белгілі бір ғылым саласында ашылған жаңалықтар тіл арқылы ресімделіп осы жаңалыққа мүдделі адамдардың арасына таратылады.

Стилистиканың зерттеу әдістеріне стилистикалық талдау жатады. Оның нақтылы әдіс-тәсілдері: сөздіктер мен анықтамалықтардағы стилистикалық белгілерді талдау, бейтарап не стилистикалық бояуы бар тілдік құралдарды табу, бақылау, мәтінді стилистикалық талқылау, стилистикалық эксперимент жасау және жалпы тілдік әдістерді, нақтырақ айтқанда сипаттама және салыстырмалы әдістерді пайдалану болып табылады.

Адамзат жаратылысында тіл айрықша маңызды рөл атқаратыны белгілі. Тіл адамдардың жай ғана қарым-қатынас құралы емес, оның ішкі құрылымдары мен жүйелері тым күрделі және олар бір-бірімен тығыз байланысты көпдеңгейлі құрылым болып табылады. Адам тіл арқылы жай ғана ақпарат алып немесе ақпарат беріп қоймайды, сонымен қатар әрдайым өзінің қоршаған ортаға, құбылысқа деген көзқарас, сезімін, субъективті қарым-қатынасын тіл арқылы жеткізіп отырады.

Стилистиканы ғылыми-теориялық тұрғыдан зерттеудің перспективасы тілдегі дара стиль категориясын, көркем шығарма тілін, функционалды стилистика, стилистикалық ресурстар, ортология, сөз мәдениеті т.б. мәселелерді әр қырынан және тереңірек зерттеуге ықпал етеді.

Бақылау сұрақтары:

1. Функционалдық стилистика, анықтамасы, стильдер жүйесі бойынша жіктелуі.
2. Функционалдық стильдердің түрлерін атаңыз.
3. Функционалдық стильдерді жіктеуге қатысты қандай ғылыми көзқарастар бар?
4. Функционалды стилистиканың негізгі мәселелеріне нені жатқызамыз?
5. «Функционалдық» терминінің аударылуына байланысты пікірлерге тоқталыңыз.
6. Стилистикалық мағына дегеніміз не?

7. Стилистикалық норманың әдеби норманың басқа түрлерінен айырмашылығы неде?
8. Стилистикалық қате ұғымы нені білдіреді?
9. Стилистикалық қатенің стилистикалық емес қатеден айырмашылығы неде?
10. Стилистикалық тәсілдер дегеніміз не?

ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ СТИЛИСТИКАЛЫҚ ҚҰРАЛДАРЫ

1. *Фонетикалық стилистика*
2. *Лексика-фразеологиялық стилистика*
3. *Сөзжасамның стилистикалық құралдары*
4. *Сөз таптарының стилистикасы*
5. *Синтаксистік стилистика*

Адамзат болмысының қоғамдық өмірде санасы, қабілеті, талғам-өрісі кеңейген кезде, ғылымның түрлі салалары игеріліп, жаңа техника мен компьютерлік жүйенің дұрыс немесе кері ықпалы жетілген тұсында стильдердің әр саласының атқаратын қызметі күннен-күнге артып келеді.

Стиль сөзін қолданғанда оның алдында анықтаушы сөз тұрмаса, бірнеше ұғымды түсінуге болады. Бұл термин тілге ғана қатысты емес, әдебиет, өнер, жазушы стилі т.б. жағдайларда қолданылады. Біз оны тілге қатысты жағдайда аламыз.

Функционалды стильдердің ең үлкен ерекшеліктерінің бірі – әр стильге тиісті мәтіндерде тіл бірліктерінің сараланып қолданылуы. Сондықтан функционалдық стильге тән сөздер, терминдер, термин тіркестері, сөйлем түрлері, т.б. болады. Функционалды стиль мәтіндері әрдайым бір түрлі болмайды, оның құрамында мәтіннің бірнеше нұсқалары болады. Сондықтан функционалды стильдер ілімінде подстильдер ұғымы қалыптасқан. Жанрлар – подстильдерді құрайтын мәтіндер түрі. Әр подстиль жанрлар жиынтығынан құралады. Әр функционалды стиль подстильдерінің құрамындағы жанрлар қорынан құралады. Ол бірнеше жанрда жазылуы мүмкін.

Фонетикалық стилистика саласында дыбыстаудың түрлері қарастырылады. Акцентологиялық варианттар, олардың стилистикалық қолданысы зерттеушілердің ерекше қызығушылығын туғызатын мәселеге жатады. Сөйлеу барысындағы интонацияның стилистикалық мүмкіндіктері әр алуан. Оларды, көбінесе, көркем мәтін құрамындағы монолог пен диалогты талдау барысында анықтауға болады.

Әр сөзді ретімен, орнымен және мазмұнға сай қолданудың маңызы ерекше зор. Ғалымдар да, ұстаздар да бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері де, құқық қорғау орындары мен кеңсе қызметкерлері ана тілін жете меңгеріп, ойын дәл әрі айқын жеткізу мақсатында жұмсай білуге міндетті. Басқа тілдік қабаттарға қарағанда лексика-фразеологиялық деңгейдің стилистикалық мүмкіндіктері ерекше бай екендігін зерттеушілердің қайсысы болса да айтады. Диалектизмдерді, жаргон сөздер мен арготизмдерді стилистикалық мақсатта қолдану әрбір жазушының өз құзырындағы мәселе, дегенмен, шығармада аталған сөздерді орынсыз, басы артық қолдану қай зерттеушінің болмасын наразылығын тудырады сөзсіз. Тарихи, көнерген сөздер, негізінен, тарихи көркем шығармаларда жиі қолданылады. Ал тіліміздегі жаңа сөздердің стилистикалық қолданысы мағынасы жаңарған және бүгінде жаппай аударылып немесе тіліміздің ішкі мүмкіндіктерін пайдаланып жасалып жатқан терминдерге қатысты болып келеді.

Тіл мамандары арасында күні бүгінге дейін шешімін таппай келе жатқан пікірталас синонимге қатысты. Зерттеушілердің біразы синоним болатын сөздер бір ғана ұғымды білдіруі тиіс десе, екіншілері синонимдіктің басты белгісі ретінде сөздердің өзара алмасу мүмкіндіктерін атап көрсетеді. Үшінші топтағы мамандар синоним болу үшін ол сөздердің мағыналық жағынан жақын болуы қажеттігін қуаттайды. Синонимдік қатар құратын сөздердің сан жағынан ең азы екеу болатыны мәлім. Ал оның шегі қанша сөз болатыны туралы айту қиын. Синонимдік тізбектегі сөз саны неғұрлым көп болса, сөз қолданушының шешендігі, оның сөз байлығы соғұрлым айқын танылады.

Омонимдердің, айтылуы мен жазылуы бірдей, мағыналары әртүрлі сөздер мен сөз тіркестерінің, сөйлемдердің ішінен ең мол қолданылатындары – лексикалық омонимдер. Олар жазба,

ауызекі тілімізде сан алуан стилистикалық қызмет атқарады. Солардың ішіндегі ең бастысы – олардың каламбур болатындығы. Каламбур дегеніміз – сөз бен сөз тіркестерінің дыбысталуы жағынан ұқсас келуінен туатын стилистикалық оралым, яғни сөз құбылту, сөз түрлендіру. Мұндай оралымдар көбінесе поэзиялық шығармаларда эмоциялық әсер беру үшін, ұйқастың шымырлығын күшейту үшін қолданылады. Каламбур юморлық, сатиралық туындыларда жиі кездеседі.

Қазақ тілінің семантикалық-лексикалық мағыналары жағынан топ құрайтын сөздердің келесі түрі – антонимдер. Антонимдер ауыз әдебиетінің үлгілерінен бастап қазіргі жазушылардың, публицистердің шығармаларында көп кездеседі. Олар тіл байлығының, автордың сөз қолдану шеберлігінің көрсеткіші ретінде қызмет етеді. Зерттеушілердің айтуынша, антоним болу үшін лексикалық бірліктердің мағыналарында бір-бірін ең ақырғы шекке дейін теріске шығаратын қасиеттің болуы қажет. Антонимдік құбылыстың өзі тілдегі қарама-қарсылыққа негізделгендіктен, контрасты айқын байқатады. Антонимдердің қызметінен қарама-қарсы ұғымдағы сөздердің оқиғаға бірдей дәрежеде қатынасатынын байқауға болады.

Тілдегі паронимдер мен паронимазия экспрессивтік стилистикалық қызметті жүзеге асыруда белсенді түрде жұмсалады. Паронимдердің жасалу тәсіліне қарай мынадай топтарды көрсетуге болады: журналдар арқылы ажыратылатын паронимдер: жамандық – жаманшылық, адамдық – адамшылық т.б.; түбіріне қарай ажыратылатын паронимдер. Паронимдер түбірлес және әртүбірлі болады. Түбірлес паронимдер: егін – егіс, еліктегіш – еліктеуіш т.б. Әртүбірлі, сырттай дыбыстық жағынан ғана ұқсастықтары бар сөздер: эскалатор – экскаватор, білім – бөлім, т.б.;

Зерттеушілер паронимдердің семантикалық ерекшелігіне қарай екі тобын көрсетеді:

1) өзара мағыналық реңкі бойынша ажыратылатын паронимдер (дүниелік – дүнияуи, қазақшыл – қазақы, т.б.);

2) мағынасы бойынша ажыратылатын паронимдер (қазақша – қазақы). Мағынасы бойынша ерекшеленетін паронимдер өте аз кездеседі. Паронимдер функционалдық-стилистикалық сипатына қарай ерекшеліктері бар топ құрайды. Мысалы, тірлік

ету – ауызекі сөйлеу стиліне тән сөз қолданысы болса, тіршілік ету – ғылыми тілге жақын қолданыс.

Парономазия – дыбысталуы бір-біріне жақын сөздердің қатар қолданылуынан туатын бейнелі сөз өрнектері. Мысалы: Бөрінің бөлтірігі, біреудің жыртысын жырту. Еш туыстығы жоқ, бірақ айтылуы бірдей паронимдер сөйлеуде әртүрлі стилистикалық қызмет атқарады.

Фразеологизмдер халық тілінің байлығын барынша танытумен қатар тілдің қолданылуының мол мүмкіндігін көрсетеді. Тұрақты тіркестерге тән ерекше қасиет – олардың экспрессивті-эмоционалдық бояуының айқын аңғарылып тұратындығы. Сондықтан тұрақты тіркестерді орынды кірістіріп сөйлей білген адамның ойының айқындығына ғана емес, әсерлі болатыны сөзсіз.

Фразеологизмдер, ең алғаш сөйлеу тілінде не жазба тілде қолданылып, халыққа танылады. Қазақ тілінің фразеологизмдерінің дені жазба тіл дамымай тұрып сөйлеу тілінің негізінде қалыптасқан.

Тіліміздегі сан алуан тұрақты сөз тіркестерін мейлінше мәнерлі және нақтылы, дәл қолданудың стилистика үшін маңызы зор. Ауызекі сөйлеу тілінен бастау алатын тұрақты сөз тіркестері тілімізде қалай болса солай айтылып, кез келген жерде оңды-солды қолданыла бермейді. Сондықтан стилистика тұрақты сөз тіркестерінің тілімізде атқаратын қызметіне, оның қолданылу заңдарына аса көңіл бөледі.

Қоғам, тіл иесі – халық нақты өмір сырын, шынын тіл арқылы біледі. Ана тілінің тағдырына, өткен-кеткеніне, болашағына немқұрайды қарамайды. Халық жүйесін тауып сөйлеуді мақұл көреді, сөзді, сөйлемді орынды қолдануды ұнатады. Сөз мағынасын, сөйлем сазын, қат-қабат еркін, тиянақты сөз тіркестерін, мақал-мәтелдерді халық сұрыптап, өз ой елегінен, өмір талқысынан өткізіп отырады. Мол тіл қазынасының бір алуаны –фразеологизмдердің жалпы тіл жүйесіндегі орнын сөз еткенде, ең алдымен, олардың стилистикалық қызметі көзге түседі. Некен-саяқ кездесер бірді-екілі фразеологизмдерді есептемегенде, тиянақты тізбектердің бәрі дерлік өзгеше стиль қызметін атқарады.

Сөйлеу тілінің (ауызша сөйлеу) өзіндік ерекшелігін

аңғартатын белгі тілдік единицаларды (бірліктерді) қолдану ерекшеліктерінде. Ол ерекшелік, ең алдымен, фразеологизмдердің қолданылуынан байқалады. Сөздердің ауыспалы мағынада қолданылу амалы сөйлеу тілінде мәнерлегіштік әрі бейнелегіштік қасиет береді. Әдетте сөйлеу тілінің эмоционалды сипаты басым болғандықтан, ауыспалы мағынада бейнелі сөздер сол сөз болатын зат не құбылысқа адамдардың жағымды не жағымсыз көзқарасын білдіреді. Сондықтан олардың бейнелегіштік қасиеті айрықша сезіледі.

I. Кеңесбаев фразеологизмнің мәнерлегіш стильдік қызметі жайында: «Тиянақты тіркестің өн бойы тілдегі, сөйлеудегі өз еншісіне тиер меншік қасиеті – стильдік ерекшелік», - деген болатын [16, 9]. Ал қазақ әдеби тілінің функционалдық (мақсаттық) стильдерін зер ттеушілер үлкен екі салаға біріктіріп қарастырады. Яғни сөйлеу өтілі (сөйлеу стилі) және жазба тіл (публицистикалық, ғылыми, ресми іс-қағаздар, көркем әдебиет стильдері). Осыған байланысты стильдік қолданылу аясына қарай қазақ тілінің фразеологиясын екі ірі топқа бөлуге болады.

1. Сөйлеу тілінің фразеологиясы: а) фольклорлық ФЕ; ә) ауызекі сөйлеу тілі ФЕ-сі; б) қарапайым ФЕ жатқызылады, сондай-ақ кәсіби, диалектілік фразеологизмдер де жатады.

2. Жазба тіл фразеологиясы. Бұл топқа көбіне жазу тіліне тән ФЕ кіреді.

Фразеологизмдердің стилистикалық ерекшеліктерін қарастырғанда, «бейтарап фразеология» ұғымы қолданылады. Бейтарап сөзі жалпылама деген мағынаны білдіреді. Бейтарап фразеологизмдер дегеніміз – сөйлеу стилінде болсын, кітаби-жазба стильдерінде болсын жалпылама қолданылатын тұрақты сөз тіркестері. Олардың ішіндегі **этнографиялық фразеологизмдер** халықтың болмысына, әдет-ғұрпына тікелей қатысы болады. Фразеологизмдердің стилистикалық ерекшеліктерін айыра білудің маңызы зор. Бұл сөйлеу тілінде экспрессивті бояуы әртүрлі фразеологизмдерді орынды жұмсауға, керекті жерінде қолдануға мүмкіндік береді.

Сөз таптарының экспрессивтік-стилистикалық ерекшелігін зерттеуде олардың түрлі стильдердегі қолданысы басты назарда тұрады да, зат есім, сын есім, сан есім, есімдік, етістік, еліктеу сөздердің т.б. лексика-грамматикалық категориялардың

стилистикалық белсенділігі мен мүмкіншілігін анықтау көзделеді.

Сөз таптарының экспрессивтік-стилистикалық ерекшелігін зерттеудің тағы бір маңызды тұсы – сөз таптары мен түрлі морфологиялық формалардың экспрессивтік қызметін талдау. Грамматиканың көркемдегіш-мәнерлегіштік қасиет-сапасы мен мүмкіндіктерін, олардың көркем, публицистикалық шығармалардағы шығармашылық тұрғыдан игерілу тетіктерін анықтау экспрессивтік стилистиканың міндеті болып табылады.

Сөз таптарының стилистикасы сөз таптарын және сөз семантикасын зерттеу аясында да кеңінен дамыды. Ш.Сарыбаев еліктеуіш сөздердің лексика-грамматикалық сипатын талдай келе, оның стилистикалық мүмкіншілігі жоғары екенін айтады. Ә.Болғанбаев, Б.Сағындықұлы, Ф.Оразбаеваның еңбектерінде сын есімдердің стилистикалық вариациясы мен синонимиясы зерттелді.

Сөз таптарының ішінде функционалдық және экспрессивтік тұрғыдан өзгермелі, қолданылу белсенділігімен танылатын сөздердің бір тобын зат есімдер мен етістіктер құрайды. Ғылыми зерттеулерде айтылып жүргендей, зат есімдердің стилистикалық қасиеті әсіресе кітаби стильдерде ерекше көрінеді, тек публицистиканың кейбір жанрларында және ресми іс-қағаздар стилінде ғана зат есімге қарағанда етістіктер көп қолданылып жатады. Сөз таптарының стилистикалық тұрғыдан кітаби тілдерде қолданысын анықтау арнайы статистикалық талдаулар жүргізіп, терең зерттеуді қажет ететін мәселе. Зерттеулерден байқалғандай, зат есімдер метафора, метонимия, антономазия, синекдоха, тенеу болу мүмкіндігі өте жоғары сөз табы болып табылады.

Сөз таптарының ішінде зат есімнің стилистикалық ресурстары ерекше айқын сезіледі. Көптік, жекешілік варианттары, септелу түрлері зат есімнің көпфункционалдығының көрінісі болып табылады. Сын есімнің стилистикалық ресурстары көп ретте оның варианттық түрлеріне байланысты болады. Тілдік ярустар тұрғысынан алғанда, сын есім сөздер синонимдердің барлық түрлеріне қатынасты болады. Сан есімдер де жалпыхалықтық тілде жиі қолданылады. Олар, көбінесе, мақал-мәтелдерде ұшырасады. Бір

ретте мәтел ішіндегі сан есімдер қарсылықты қатынасқа түседі. Енді бір ретте сан есімдер параллель қолданылып, сол мақалдың не мәтелдің поэтикалық қуатын арттыру мақсатында пайдаланылады.

Есімдіктердің қай түрінің болмасын жұмсалыу аясы барынша кең. Олар функционалдық стильдердің барлығында да белсенді қолданылады. Етістіктер – сөз таптарының ішінде мол қолданылатыны. Жиі жұмсалыуына байланысты өзара сининимдік қатынасқа түседі. Ол синонимдердің біразы қалыпты сөз қолданысы жағдайындағы құбылыс деп қаралса, енді біразы автордың сөз саптауындағы ерекшеліктерін көрсетеді.

Тіл деңгейлері немесе тіл ярустары стилистикасының үлкен бір саласы – синтаксистік стилистика немесе стилистикалық синтаксис болып табылады. Бұл салада сөз тіркестері және олардың түрлерінің, жай сөйлем мен бір құрамды және толымсыз сөйлемдердің стилистикалық қолданыстары сөз болады. Сөйлемдегі сөздердің орын тәртібі де стилистикалық тұрғыдан ерекше назар аударатын құбылыстардың біріне жатады. Күрделенген сөйлемдер мен құрамалас сөйлемдердің стильдік мақсатта қолданылуы автордың даралығын көрсететін басты белгілердің бірі ретінде саналады. Синтаксистік синонимдер мен параллель құрылымдардың стилистикалық мүмкіндіктері шексіз. Олардың көркем әдебиеттегі қолданысы ерекше назар аударарлық мәселе. Күрделі синтаксистік тұтастық құрамындағы сөйлемдер мен сөйлемаралық байланыстардың да тіліміздегі стилистикалық мүмкіндіктерін өлшеу мүмкін емес. Төл сөз, бөгде сөздің ешбір өзгеріссіз берілуін қамтамасыз ете отырып, сөйлеушінің психологиясын, интеллектуалдық жағдайын, қоршаған ортаға көзқарасын танытады. Ортақ төл сөзді авторлық баяндаудан да ажырата білу қажет. Ортақ төл сөздің құрамында сол кейіпкер аузынан айтылуға тиіс сөз қолданысына назар аударудың мәні зор.

Бақылау сұрақтары:

1. Қазақ тіліндегі дыбыстардың стильдік ұйымдасуы

2. Қазақ тіліндегі зат есім, сын есім, сан есімдердің стилистикасы
3. Есімдік сөздердің стилистикалық қызметі
4. Етістіктердің стильдік қызметі
5. Контекстік синонимдер мен антонимдер, олардың стильдік қызметі
6. Лексика-фразеологиялық деңгейдің стилистикалық мүмкіндіктері.

ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ӘДЕБИ ТІЛІНІҢ ФУНКЦИОНАЛДЫ СТИЛЬДЕРІ

1. Функционалды стильдердің пайда болуының алғышарттары мен себептері. Қазіргі стилистика ғылымындағы функционалды стильдердің концепциясы.

2. «Стиль», «подстиль», «жанр» ұғымдарының қарым-қатынасы.

3. Әдеби тіл құрамындағы функционалды стильдердің өзара байланысы мен бір-біріне әсері, стильдік шектеулікті еңсеру.

4. Қазақ әдеби тілінің стильдер құрамы мен оларды топтастырудың принциптері.

Тіл біліміндегі зерттеу еңбектеріне сүйенсек, жалпы стилистиканың ғылыми пән ретінде қалыптасу тарихы шамамен ХХ ғ. 20-30 жж. бастау алса, ал оның негізгі тармақтарының бірі – функционалдық стилистика 50-жылдардан бері зерттеліп келеді. Ресейде стилистиканың ғылыми тұрғыдан зерттелу мәселесі ХVІІІ ғасырда басталды. Ол тікелей М.В.Ломоносов есімімен байланысты. Бұдан кейін С.Т.Аскаков, Ф.И.Буслаев, А.А.Потебня, А.Н.Веселовский еңбектерінде сөз болған. ХХ ғасыр басында стилистика ғылым нысаны ретінде зерттеле бастады, тілдің функционалдық қызметін жан-жақты зерттеу нәтижесінде функционалдық стилистиканың негізі қаланды.

Функционалдық термині тіл білімінде әртүрлі қолданылады. Ең алдымен, функционалдық термині тілдік терминдік жүйеде де, сөйлеу тілінің жүйесінде де қолданылады.

Тілдік терминдер жүйесінде бұл термин «қызмет» мағынасында қолданылады да, тілдік бірліктің сөйлем ішіндегі атқаратын қызметін белгілейді, ал сөйлеудің терминдік жүйесінде тілдік бірлік арқылы берілетін ойдың мәні мен мағынасын анықтайды.

Ғалым Р.Сыздық «функция» сөзінің мағынасы «мақсат», «арнау» ұғымдарына саятынын айтып, функционалдық стильді «мақсаттық стиль» деп атап, оның мәнін ашады: «Ең алдымен, мақсаттық стиль дегеніміз тек қана тілдік категория (күбылыс) болып табылады. Екіншіден, ол тілдің әлеуметтік өміріндегі қарым-қатынастың бар саласында қолданылатын коммуникативтік қызметіне байланысты болады. Сөйтіп, стиль дегеніміз тілдің өзіне емес, қолданысына (речьке) қатысты болғандықтан, ол әлеуметтік сұраныстың мақсатына, оның ішінде әдебиеттің жанрлық түрлеріне қарай ажыратылуы ғана емес, жұмсалып түріне (ауызша немесе жазбаша), жұмсалып сипатына (салтанатты жай), айтылу бояуына (әзіл-сықақпен, қатаң сынмен) т.т қарай бөлінуі де ескеріледі» [13, 156].

Берілген анықтамадан стиль ұғымы тілдік күбылыс екені және стиль тілдің әлеуметтік сұранысына қарай белгілі бір өмір саласында мақсат түріне сай қолданылытыны айқындалады.

«Функция» ұғымы тіл бірлігінің мақсатқа сай қызметін білдірсе, ал «стиль» ұғымы, ғалымның айтуынша, әлдеқайда кең. Ол тек шығарманың жанрын ғана емес, тіл бірлігінің жұмсалып түрін, сипатын, айтылу бояуын да қамтиды. Демек, тіл бірліктерінің стильдік қолданысын әр қырынан алып қарастырудың бағыттары тілдің жаңа сапасы мен мүмкіндігін ашады. Қазақ тіл білімінде функционалдық стиль түрлері жанр түрінде жан-жақты зерттелді. Бірақ зерттеу нысаны ретінде стиль түрлерінің қалыптасу кезеңі мен нақтыланған кезеңі алынып отырды. Ал стиль түрінің дамуы, өсуі, басқа стиль түрлерінен жігінің ажырау кезеңі зерттеу бағыты бола қоймады. Жалпы даму процесін, сатыларын зерттеу қажет екені белгілі.

Стиль қоғамның белгілі саласында тілдің мақсатты түрде қолданылуы болса, стиль түрлерін ажыратушы шарттарды сырттан, тілден тыс факторлардан анықтау қажет.

Стиль түрінің қалыптасу кезеңінде бірнеше стильге тән белгілер қабаттасып жүреді. Бірақ негізгі ерекшеліктердің жігі ажыратылып, даралана бастайды. Оны тіл бірліктерінің

қолданылу жиілігінен байқауға болады. Ал стильдік белгінің нақтыланып, тілдік бірліктерінің жүйеленуі уақытты, дамуды қажет етеді. Сондықтан стильдік белгі нышанының толыққанды сипатқа ие болуы тиісті саладағы тіл қолданысының артуымен байланысты. Әрбір стиль түрінің даму қарқыны сыртқы факторларға, қоғам қажеттілігіне, оның сұранысына тәуелді.

Жалпы тіл жүйесінде қандай стильдердің бар екендігі туралы сұрақ толығымен әлі шешімін тапқан жоқ. Орыс тіл білімінде функционалдық стильдердің саралануы жөнінде пікірлер әртүрлі. Мәселен, В.П.Мурат В.В.Виноградовтың көзқарасын басшылыққа ала отырып, стильдің ауызекі-әдеби, газеттік-саяси, ресми-іскери, ғылыми және кәсіби-техникалық, қарапайым сияқты түрлерін атап өтсе [17, 11], М.Н.Кожина стильдерді ғылыми, ресми-іскери, публицистикалық, ауызекі сөйлеу, әдеби деп бөледі [12, 36]. Ал Д.Э.Розенталь функционалдық стильдерді екі топқа бөледі: кітаби стиль және ауызекі сөйлеу стилі. Мұнда кітаби стильдің тармақтары ретінде ғылыми, көркем әдебиет, ресми-іскери, публицистикалық стильдер қарастырылады [18, 26].

Қазақ ғалымдарының да функционалдық стильдерді топтастыруда пікірлері біртекті еместігін байқауға болады. Мәселен, М.Балақаев, Е.Жанпейісов, М.Томанов, Б.Манасбаевтардың авторлығымен шыққан «Қазақ тілінің стилистикасы» атты еңбекте стильдің ауызекі сөйлеу және кітаби-жазу сияқты екі түрі көрсетіледі. Бұлардың өзі ішінара бірнеше стиль түріне бөлінеді [1, 9].

Көрнекті қазақ лингвистері М.Балақаев, Р.Сыздық және Е.Жанпейісов «Қазақ әдеби тілінің тарихы» атты еңбегінде кейбір стильдердің пайда болуына XIX ғасырдың II жартысындағы әдебиеттік дәстүр негіз болғанын айта кетіп, 1930 жылдардан кейін ресми іс-қағаздар тілінің стилі, публицистикалық стиль, көркем әдебиет тілінің стилі және ғылыми-техникалық стильдердің біржола қалыптасқанын айтқан [19, 15].

Стиль мәселесін зерттеуші ғалымдар В.В.Виноградовтың стильге берген анықтамасын негізге алады: «Стиль – это общественно осознанная и функционально обусловленная внутренне объединенная совокупность приемов употребления,

отбора и сочетания средств речевого общения в сфере того и иного общенародного, общенационального языка, соотносительная с другими такими же способами выражения, которые служат для иных целей, выполняет иные функции в речевой общественной практике данного народа» [8, 11].

Берілген анықтамадан шығатын қорытынды – әрбір функционалдық стиль бір-бірімен өзара тығыз байланысты:

1. Функционалдық стиль ұғымы қоғамдық тұрғыдан танылған, мойындалған тілдік құралдардың шоғырлануын негіз ететіндіктен, лингвистикалық әлеуметтануға қатысты;

2. Функционалдық стиль нақты мақсатқа қызмет етеді;

3. Стиль үшін арнаулы тілдік құралдар іріктеліп, тандалып алынады;

4. Белгілі бір стильдің ерекшеліктерін басқа тармақтармен салыстыру немесе қарама-қарсы қою арқылы анықтауға болады.

Осы орайда көрнекті ғалым Р. Сыздықтың функционалдық стильге берген анықтамасын көрсете кеткен жөн: «Тілдің функционалдық стилі дегеніміз – әдебиеттің белгілі бір жанрына немесе әлеуметтік іс-әрекеттің белгілі бір саласына (мысалы, ресми стиль, кеңсе стилі, телеграф стилі деген сияқты), я болмаса қоғам тіршілігіндегі белгілі бір ситуацияға (мысалы, салтанатты стиль, сыпайы стиль т.б.) сәйкестендіріліп қалыптасқан тұлға-тәсілдер жүйесі, семантикасы мен экспрессиясы жағынан біршама тұйықталған (әр стильге іріктелген) тілдік құралдар тобы» [19, 24].

Ғалымның ойынша, тілдің функционалдық стильдері, ең алдымен, оның әдебиет жанрына қарай ажыратылған тарамдары. Сондай-ақ Р.Сыздық қазақ тілінің осы күнгі стильдік тарамдалуының басы XIX ғасырдың II жартысына тура келетінін атап, көркем әдебиет стилі, публицистикалық стиль, жартылай ғылыми стиль, ресми-іс қағаз стилі және эпистоляр стильдерін көрсетеді [20, 23].

С.Исаев стиль жөнінде: «... стиль ең алдымен қолданылуда өзіндік ерекшеліктері бар тілдік элементтер жүйесі немесе әдеби тілдің өзіндік сөздік құрамы, грамматикалық тұлғалары бар сараланған бір бөлігі. Стиль әдеби тілдің даму барысында қалыптасады», – деп ой қорытады [21, 67].

Көптеген зерттеушілер стиль деп тілдің құрылымдық-функционалдық варианттарын атайды. Демек, белгілі бір адам әрекеті саласының түріне қарай тіл бірліктерінің қалыптасқан қолданысы болады. Олардың таңдалуы мен жүйеленуі белгілі бір заңдылықтарға бағынады. Жүйелі және тұрақты түрдегі қолданысы стиль түрін қалыптастырады.

Функционалдық стильдің жекелеген тармақтарының дамуы тілдің ішкі заңдылықтарымен қатар, тілден тыс факторларға да тікелей байланысты. Яғни қарым-қатынастың жеке-жеке салаларында пайдаланылатын тілдік құралдардың арасындағы жүйелі, тұрақты сипаты мен айырмашылықтарын қоғамда болатын әлеуметтік-саяси, мәдени-қоғамдық өзгерістермен сабақтастықта алып, қадағалап отыру қажет. Өйткені тілдік құралдардың мақсатты стильдік ішкі тармақтарға саралануы коммуникативтік қызмет аяларының дифференцилануымен тығыз байланысты. Ал тілдің коммуникативтік қызметі қоғамдық өзгерістерге тәуелді болады.

Орыс тіл білімінде функционалдық стильге тән ерекшеліктерді анықтаудың екі түрлі әдісі қалыптасқан. М.Н.Кожина әр стильді сөйлеу (речь) түрі ретінде алып, ондағы грамматикалық категориялардың кездесу жиіліктерін анықтаудың қажеттігін айтады. Ғалым: «Егер де функционалдық стильдердің ерекшеліктерін зерттеу мәселесі «сапалық әдістер» арқылы жүзеге асса, стильдердің сөйлеу құрылымын зерттеу үшін статистикалық әдістерге жүгінуге тура келеді» дейді [12, 8].

Жеке стильге тән ерекшелікті анықтауда экстралингвистикалық факторлар міндетті түрде есепке алынады. Олар тілдік бірліктердің қолданылу сипатын түсініп, дұрыс бағалауға мүмкіндік береді.

Тіл бірліктерінің қолданылу жиілігі мен экстралингвистикалық факторларды өзара байланыста қарастыру арқылы стильдік ерекшеліктерді сипаты мен формасына қарай жекелеген категорияларға топтастыруға болады. Бірақ автор-публицист қоғамдық сананы қалыптастырушы, оған ықпал етуші жеке тұлға ретінде әр мәселеге өз бағасын беріп, өз ұстанымын анықтайтынын ескерсек, ол жалпыға бірдей белгілі тәсілдерді қолданумен

қатар, өз қолтаңбасын да қалдырады. Бұл қолтаңба жекелеген сөздердің қолданысынан немесе сөз саптаудан көрінеді. Сондықтан стильдік категориялардың сапасы, мазмұны авторға тәуелді өзгеріп, жаңаша ренк алуы да мүмкін.

Стилистикада ең күрделі мәселелердің қатарына стильдік белгілерді анықтау жатады. Әсіресе жеке стиль түріне тән ерекшеліктерді анықтау, оларды экстралингвистикалық факторлармен байланыстырып, тілдік бірліктермен берілуін айқындау көп қиындықтар туғызады. Бір стильде бірнеше стиль белгілері кездесіп жатады.

Стильдік белгілер функционалдық стиль түрін тілдік тұрғыдан толық сипаттап шығуға мүмкіндік береді. Зерттеу жұмыстарында «стильдік қызмет», «стильдік мән» деген терминдер жиі қолданылады. «Стильдік қызмет» деп белгілі тіл бірлігінің эмоционалды-экспрессивтік бояуды қалыптастыруы, ал «стильдік мән» деп көп жағдайда сөздің синтаксистік шартты мағынасы алынады. Бұл анықтамалар жоғарыда аталған стильдік белгілерді ескеріп те, ескермей де жасалуы мүмкін. «Стильдік мән», «Стильдік қызмет» тіл бірлігінің мақсатты қолданысынан туындап, мәтін құрастыруға, белгілі бір коммуникативті мақсатты жеткізуге қызмет етеді.

Дискурс теориясының концептуалды-терминологиялық құрамына «дискурс және оның типтері», «мәтін және оның типтері», «жанр» ұғымдары енеді. Сонымен қатар мұнда «мәтін типі», «сөйлеу жанры» терминдері синоним ретінде қолданылып, дискурстың бір-бірінен айырмашылығы бар объектілердің (мәтін типтері, жанрлар) жиынтығы екені дәлелденді.

«Жанр» ұғымы мәтіннің әртүрлі типтері мен дискурсты функционалдық-стилистикалық тұрғыдан зерттеу нәтижесінде жаңа сипатқа ие бола бастады. «Жанрға» анықтама берудің қиындығы, бір жағынан, бұл терминнің осы уақытқа дейін әдебиеттануда қолданылғанымен байланысты болса, екінші жағынан, лингвистикаға осыдан 20 жыл бұрын жаңа «жанр» ұғымының енуімен (мұнда бұл термин «мәтін типі» ұғымымен тығыз байланысты) байланысты болды.

Кез келген жаңа бағыттағыдай мұнда да «жанрды» зерттеушілерге мәтінді формальды зерттеген дәстүрлі

лингвистер қарсы тұрды. Мұндай қарсылық «стильдер» немесе «регистрлердің» «жанр» ұғымына енетін аспектілерден тұратынымен түсіндірілді. Сонымен қоса жеке мәтінге және оны «түзушілер» мен «қолданушыларға», мәтінді қолданатын қоғам рөліне, осы мәтіннің коммуникативтік мақсатына жетуге деген қызығушылық «жанрға» арналған зерттеу жұмыстарын көбейтті.

Әрбір функционалдық стиль өзінің жанрларының жүйесі арқылы жүзеге асады. Жанр функционалдық стильдің жалпы белгілерінің қатарында бола тұра, белгілі бір ақпаратты беруде жекелік белгілерге де ие болады. Жанр ұғымы әртекті құбылысқа жататындықтан, жанрлық түрлерге бөлінуге жақын тұрады.

В.Л.Наердің көрсетуінше, функционалдық стильдер – жанр деңгейінде болатын дифференциациялы инвариантты жүйелер. Ол: «... алайда стиль ішіндегі жазбаша немесе ауызша түрде көрінетін кез келген дифференциация оларға тән ортақ қызметті (стиль қызметін) сақтап қала алады» дегенді айтады [22, 8].

Шетел тіл білімінде «жанр» ұғымын Дж.Свейлс, М.Халлидей, Дж.Мартин және т.б. зерттеген. Алғашқы кездері «жанр» және «регистр» («стиль») бірге қарастырылса, кейіннен бұл екі терминнің бір еместігін дәлелдейтін жұмыстар жазыла бастады. Дж.Мартин жанрлардың регистр арқылы, ал регистрлердің тіл арқылы бөлініп шығатынын айтқан. Ғалым жанрдың регистр негізінде жатқан жүйе екендігін екі себеппен түсіндіреді: «Бірінші себеп: жанр регистрдің field (мәтіннің тәжірибелік аясы), tenor (интерактанттардың әлеуметтік қарым-қатынасы) және mode (презентация арнасы) сияқты өлшемдері арқылы айқындалады. Екінші себеп: жанр вербалды құралдар арқылы әлеуметтік мәселелерді жеткізу жүйесі ретінде дискурс құрылымын талдауға себепші болады». Шетел авторларының еңбектерінен шығатын қорытынды:

1. Жанр аяқталған мәтін деңгейінде қарастырылады;
2. Жанр нақты анықталған мақсаттары бар коммуникативтік оқиғамен тығыз байланысты;
3. Жанрдың өзінің нақты құрылымы болады;
4. Жанр «стиль» мен «регистр» ұғымдарынан ерекшеленеді.

Осыдан келіп «регистр» мен «функционалдық стиль» ұғымдарының арасында параллель өткізуге болатынын көреміз.

Қазіргі қазақ тіл ғылымында өріс алып отырған жаңа ғылыми бағыттарға сәйкес тың тұрғыдан зерттеуді талап ететін мәселелердің бірі – қазақ әдеби тілі функционалдық стильдерінің ішкі жүйесі, ішкі подстильдік тармақтарға топтастырылуы.

Қазақ лингвистикасында қоғамның әлеуметтік қажеттілігіне қарай қарым-қатынас жасау функциясы, хабарлау, ақпаратты жеткізу функциясы және әсер ету функциясы бойынша тілдік құралдардың стильдік тармақтарға бөлінуіне В.Виноградовтың тілші ғалымдарға жақсы таныс «При выделении таких важнейших общественных функций языка, как общение, сообщение и воздействие, могли бы быть в общем плане структуры языка разграничены такие стили: обиходно-бытовой стиль (функция общения); обиходно-деловой, официально-документальный и научный (функция сообщения); публицистический и художественно-беллетристический (функция воздействия)» [8, 12] деген анықтамасы негіз болғандығы белгілі.

Қазақ тілші ғалымдары В.Виноградовтың және басқа да стилистиканы зерттеген орыс ғалымдары айтқан пікірлердің ізімен жүріп, стильдік тармақтардың атауларын да, түрлерін де дәстүрлі қалыпта сақтап қалды. Дәстүрлі түрде қалыптасқан жіктемелердің ішінде нақты түрде аталатыны ғылыми стиль және оның ішінде подстилі ретінде аталатыны ғылыми-көпшілік стиль болса, бұларды талдап зерттеу мәселесі де, олардың жағдайы да орыс тіл білімінен алынған көзқарас деңгейінде қалып қойды. Нақты айтқанда, қазіргі кезде функционалдық стильдер қатарында ғылыми стиль және ғылыми-көпшілік стиль деген ұғымдар бар, ал олардың басты белгілері классикалық қағидаларда қалып қойды. Ғылыми-көпшілік стиль туралы айтылғанда, оның нақты тілдік-стильдік белгілерін анықтап алу қажет болғанда, біздің табатынымыз – академик Р.Сыздықтың ХІХ ғасырдың ІІ жартысындағы ғылыми әдебиеттің алғаш қалыптаса бастаған кезіндегі нұсқалардың тілі жөнінде айтқан түйіндері ғана. Шындығына келгенде, қазіргі кезде, ғылыми-көпшілік мазмұнда жазылатын ғылыми мәтіннің көлемі көп. Ал

олардың қандай тілдік ерекшелігі бар екендігі әлі де анықталмай отыр.

Бақылау сұрақтары:

1. Қазіргі стилистика ғылымындағы функционалды стильдердің концепциясы.
2. «Стиль» мен «подстиль» ұғымдары және олардың «жанр» ұғымымен арақатынасы.
3. Әдеби тіл құрамындағы функционалды стильдер өзара қандай байланыста және бір-біріне қалай әсер етеді?
4. Қазақ әдеби тілінің стильдері қандай принциптер негізінде топтастырылады?

АУЫЗЕКІ СӨЙЛЕУ СТИЛІ

1. *Ауызекі сөйлеу стилі. Оның қолданыс аймағы мен қызметі*
2. *Ауызекі сөйлеудің әдеби, әдеби емес түрлері, стильдік белгілері*
3. *Ауызекі сөйлеу стилінің тілдік белгілері*

Ұлттық тіл – ауызекі және жазбаша түрдегі ұлттық қарым-қатынас құралы. Қазақ тілінің пайда болуы, дамып жетілуі қазақ халқының ұлт болуымен тікелей байланысты.

Адам өз ортасымен күнделікті түрлі қарым-қатынаста болады. Сол арқылы тіршілік жасайды, білім, тәжірибе жинайды, жетіледі, өседі. Ал қарым-қатынас, негізінен, ауызекі тілдесу арқылы жүзеге асады. Ауызекі сөз ерекше сипатта құрылады. Ол стиль ауызекі сөйлеу стилі деп аталады. Ауызекі сөйлеу стилі – қазақ тілі стильдерінің бір тармағы.

Сөйлеу тілі адамдардың бір-бірімен күнделікті қатынасында пайдаланылады. Ол – белгілі бір жағдайдағы тікелей қарым-қатынас стилі. Сондықтан сөйлеудің ауызша формасымен тікелей байланысты. Адамдар бір-бірімен тікелей әңгімелесіп, жауап беріп, сұрап, өз пікірін жеткізеді. Сөйлеу тілі – ауызекі тіл деп аталатын жалпы стильдік топтың біртармағы. Сөйлеу тіліне көпшілік алдында сөйленетін

публицистикалық сөз, лекция, баяндаманың тілі, радио, теледидар арқылы берілетін хабарлардың тілі жатады. Сөйлеу тілінде бір жағынан, мазмұнына байланысты жазбаша ғылыми стильдің элементтері орын алады, екінші жағынан, пікір тыңдаушысымен жүзбе-жүз ауызекі айтылатын болғандықтан, сөйлеу тілі стилінің тіліне тән лексика, синтаксистік тәсілдер басым жұмсалады. Осы жайлар сөйлеу тілі стиліндегі лекция, баяндама тілін, публицистикалық сөзді ауызекі тіл деп біртұтас стильдік топ ретінде қарауға негіз болады. Сөйлеу тілі ортақ сипаты бар бір тұтас стиль болғандықтан, лингвистикалық ғылым әр уақыт оны арнаулы зерттеу нысаны ретінде қарап жүр.

Сөйлеу тілі стиліндегі бірқатар ғылыми еңбектер әдеби тілге қарама-қарсы қойып, оны нормаға түспеген диалектілік аядағы сөйлеу құралы деп санайды. Сөйлеу тілі мен әдеби тілдің қатынасы тарихи жағынан аса күрделі. Бұл тұрғыдан қарағанда, ауызекі сөйлеу тілі – тілдің бастапқы қалпы. Оның әуел баста диалектілік көрінісі басым болғаны да рас. Бірақ жазба әдеби тілдің қалыптасуымен қатар белгілі кезеңде әдеби тілдің ауызекі түрі де жарыса пайда болады.

Ауызекі сөйлеу стилін зерттеушілер оны бірнеше түрге бөледі:

- 1) дидарластық сөз (әңгімелесу, сұхбаттасу);
- 2) полемикалық (дауласу) сөз;
- 3) көпшілікке арналған сөз (баяндама, лекция).

Дидарластық сөз стилі екі немесе бірнеше, сондай-ақ одан да көп адамдардың бас қосқан сұхбатында қолданылады. Сондықтан мұндай сөзге қатысатын кісілер әңгіме қызықты, әсерлі болу үшін алдын ала дайындалып келеді. Дидарластық әңгіме диалог түрінде де жүреді.

Даулы сөз пікір таластырушы немесе мүдделері қарсы кісілердің арасында болады. Даулы сөзде қарсы жақтың сөзінде полемикалық қатысты білдіретін тұлғалар пайдаланылады, риторикалық сұраулы сөйлемдер жұмсалады, өз пікірін дәлелді ететін аргументтер келтіріледі. Қарсы жақтың мысын басатын мысқыл сөздер де қолданылады. Даулы мәселені шешуге әркімнің дайындалып барғаны жөн.

Ауызекі сөйлеу тілі адамдардың бір-бірімен күнделікті қарым-қатынасында пайдаланылады. Ауызекі сөйлеу тілі стилінің басқа стильдік тармақтардан бірнеше өзіндік ерекшелігі бар: 1) негізгі мақсаты хабар беру, хабар алу, пікір білдіру, пікір алмасу, 2) сөйлесуде қамтылатын тақырыптар әр түрлі болып келеді, 3) сөйлемнің модальдық түрлерінің (хабарлы, сұраулы, лепті, бұйрықты) барлығы қолданылады, 4) экспрессивті (әсерлі), эмоциональды (сезімдік), образды (бейнелі) және нейтралды (бейтарап) сөйлеу элементтерінің барлығы дерлік қамтылады, 5) лексикасында диалект, тұрпайы және варваризм сөздер де аралас болуы мүмкін.

Сөйлеу тілінің лексикасы тұрмыстық қарапайым, дөрекі, тұрпайы сөздерден ғана емес, күнделікті қарым-қатынаста әдеби (кітаби) сөздер де жиі қолданылады. Олардың қолданылу дәрежесі сұхбаттасушы адамдардың ой-өрісінің кеңдігіне байланысты. Мәдениеті жоғары, инабатты, парасатты адамдар ауызекі сөйлегенде әдеби тілдің нормалық белгілерін сақтап, тұрпайы, дөрекі, қарапайым сөздерді араластырмай, өз ойын мәдениетті түрде жеткізіп отыруға тырысады, дағдыланады. Ауызша әдеби тіл өзара сөйлескенде, дәріс оқығанда, интервью бергенде, теледидардан сөйлегенде қолданылады. Бірақ ауызша әдеби тіл оның кітаби (жазба) түрімен бірдей емес. Ауызша әдеби сөйлеуде өз ойының тыңдаушыға түсінікті болу жағына көңіл бөліп, сөйлемдерді тым күрделендірмей, ұғымды жеткізуге тырысады, арнаулы терминдер, абстракт сөздер аз қолданылады. Сонымен бірге ауызша сөйлегенде сөздердің орын тәртібі жазба тілдегідей қатаң сақталмайды. Сөйлем толық айтылмай қысқарып, ықшамдалып, толымсыз түрде айтылуы жиі кездеседі.

Сөйлеу лексикасының өзіндік ерекшелігі бар. Сөйлеу тілінің лексикасы – адамның күнделікті қарым-қатынасы кезінде, емін-еркін әңгіме үстінде, алдын-ала ойланып сұрыпталмай, сөйлеу үстінде әңгіменің желісіне қарай туып отыратын сөздер. Олар іштей мынандай топтарға бөлінеді: 1) тұрмыстық қарапайым лексика, 2) варваризмдер, 3) әдеби-сөйлеу лексикасы.

1. Қарапайым сөздер де халықтың сөйлеу тілінің байлығы боп есептелінеді, әдеби тілді байытудың бір көзі болып

саналады. Қарапайым сөздерді көркем туындыларда жазушылар тек стильдік мақсатпен ғана қолданып қоймайды, сонымен қатар әдеби тілді байыту, дамыту мақсатын да көздейді.

Қарапайым сөздер – сөйлеу тілінде сөздің мазмұнын тұрпайыландыра, айналдыра түсу мақсатымен қолданылатын тілдік құралдар. Бұлар жалпылама лексикаға қарағанда эмоционалды-экспрессивті бояуының күштілігімен ерекшеленеді. Сөздерді ауыспалы мағынада қолдану қарапайым сөйлеу тіліне тән қасиеттердің бірі.

Қарапайым сөздер лексикасына қарапайым, тұрпайы, дөрекі, анайы сөздер (какофемизмдер), варваризмдер, жаргон сөздер мен кейбір диалектизмдер, тұрпайы мәнді фразеологизмдер, т.б. кіреді.

Қарапайым сөздердің мынандай ерекшеліктері бар:

1. Стильдік мәні бір нәрсені төмендету, кеміту, бағасын түсірерліктей болады;

2. Диалектизмдер сияқты территориялық жағынан шектелген емес, жалпыхалыққа түсінікті, таныс сөздер;

3. Әдеби тілде қолдануға болмайтын жат сөздер.

Варваризмдер – тілге етене болып сіңбеген, соншалықты зәрулігі жоқ бөтен тілдің сөздері. Варваризмдерді қолданудың әртүрлі жолдары бар: 1) Кейде бір халықтың шынайы өмірін, тұрмыс салтын суреттеп көрсетпек болғанда, сол елдің ұлттық ерекшелігін бейнелеу мақсатымен варваризм саналы қолданылады.

2) Тындаушыға ерекше әсер етіп, күлдіру үшін халық ақындары да варваризмді ұтымды пайдаланған. Өзге тілдердегі сөздерді сөзбе-сөз аударуға қиын тиген жағдайда, варваризмдер сол қалпында ешбір өзгертілмей алынады.

3) Варваризмдер кейде қоғамдағы жағымсыз типтерді халыққа мазақ етіп келемеждеу үшін де қолданылады. Тіл шұбарлаушыларды жазушылар келемеждеу үшін варваризмді жиі қолданады.

5) Варваризмдерді жазушылар қоғамдағы жағымсыз типтерді халыққа мазақ етіп келемеждеу үшін қолданады.

Сөйлеу тілі (стилі) түрлі қарым-қатынас актісімен іске асады. Тіл иелерінің өзара сөйлесу актісімен байланыс жасауы қарым-қатынас актісі болып табылады. Осы акт барысында

тіл иеленушілер қарым-қатынасқа түсіп мағлұмат, ақпарат алмастырады. Сөйлеу арқылы қарым-қатынасқа түсу үнемі ақпарат алуға немесе беруге негізделеді дейді зерттеушілер. Қарым-қатынас актісінің құрылымы келесідей: адресант → контакт → референт → код → адресат. Адресант белгілі бір кодты пайдалана отырып белгілі бір референтті адресатпен байланысқа түседі. Адресант ақпарат беруші адресат ақпарат алушы. Бұлармен қоса қарым-қатынас актісінде прагматикалық пресуппозиция немесе презумпция ұғымы бар. Пресуппозиция латын термині «pre» – алдында, алдын ала және «suppositio» – тұспалдау. Оны ақпарат беруші мен ақпарат алушының белгілі бір ақпарат туралы алдын ала өз білімінің болуы деп түсіндіруге болады дейді зерттеушілер.

М.Пеше «адресат-хабарлама-адресат» түріндегі «ақпараттық» модельді қарастырғанда, оның құрылымын былайша жіктеуді ұсынады: адресант, адресат, референт (хабарлама контексі), адресант пен адресатқа ортақ тілдік код, адресанттан адресатқа бағытталған тілдік жүйелілікке әкеледі. Ақпарат теориясы шеңберінде осы құрылымдық модельді ұсына отырып, зерттеуші «ақпаратты» жеткізу туралы хабарламаны немесе адресант пен адресат арасындағы «семантикалық әсерді» білдіру үшін дискурс терминін қолдануды жөн көреді [23, 98].

Сөйлеу актілеріне қатысушылар өзара рөл алмасып отырады. Ол рөлдердің басым бөлігі сөйлеуші мен адресат еншісінде болады. Коммуникативтік тұрғыдан алғанда жағдаят астарында тұлғааралық және әлеуметтік қарым-қатынастарда коммуниканттардың мінез-құлқын көрсететін күрделі жүйе жатады. Мұнда алуан түрлі рөлді атқарушы ең маңызды фактор ретінде зерттеушілер адресатты бөліп көрсетеді.

К.Долинин адресант пен адресатты коммуникативтік жағдаяттың аса маңызды параметрлері ретінде бөліп көрсетеді, яғни кез келген формада жеткізілетін қандай да бір сөз адресаттың болуын қажет етеді. Адресант пен адресатты кеңістік пен уақыт бөліп тұруы мүмкін. Адресат белгісіз, жинақталған, топ түрінде болуы мүмкін [24, 4].

«Сөйлеу тілі стилінде сөйлеу субъектісі – адресант және қабылдаушы, адресат. Адресант пен адресат прагматикалық факторға жатады, ерекше стиль түзу тәсілі болғандықтан, прагматиканың орталық категориясына кіреді. Сөйлеу тілі стилінде прагматикалық бағдар ерекше рөл атқарады. Сөйлеу тілі стилінде адресант стилистикалық мүмкіндіктерді адресатқа ықпал етіп жеткізу үшін жаңа білім қорын игеруге қажет, ол стильдік фон деп аталады» дейді зерттеуші Д.Әлкебаева [15, 109]. Сөйлеу тілі стилінің фонетикалық-интонациялық ерекшеліктері адресат пен адресанттың арасында үлкен коммуникативтік-эстетикалық қызмет атқаратын эмоционалды-экспрессивті тәсіл болып саналады.

О.Б.Сиротинина «Разговорная речь» атты еңбегінде: «Сөйлеу тілі стилі – ресми қарым-қатынасты тікелей қажетсінбейтін тұрмыстық диалогтың ауызша түрінде біршама анық көрінетін түрі. Сөйлеудің бұл түрі сөйлеушілер алдын ала дайындықсыз, уақытсыз сөйлейтіндіктен, ойды жарыққа шығару құралдарын жіті меңгеруді қажетсінеді. Жинақылық, нақытылық сөйлеу тілі стилінде міндетті емес, кейде тіпті артық та, интонация, қарым-қатынастың тікелей жүруі, бет-әлпеттің кимыл-қозғалысы барлығын айтуды артық етеді», – дейді [25, 9].

Сөйлеу тілі стилі негізгі тілдің қызметімен қарым-қатынас функциясын атқарады, тікелей хабар берудің айрықша формасын құрайды. Сөйлеу тілі стилінде тілдік белгілері оның қызметінің ерекше шартын анықтайды. Олардың бастылары мыналар:

- бейресмилік;
- сөйлеудің еркінділігі;
- сөйлеу қарым-қатынасының экспрессивтілігі;
- тілдік тәсілдерді сұрыптаудың қажетсіздігі;
- сөйлеудің автоматтығы;
- сөйлеудің мазмұны: диалогтық форма мен қарапайымдылық.

Сөйлеу тілі стиліне ереше ықпал ететін реалды ситуация, сөйлеудің заттық-психологиялық жағдайы. Жағдаят сөйлеудің шегін қысқартып отырады. Сөйлемнің кейбір компоненттері қатыса алмайды, бірақ сөйлеушілердің коммуникативтік

жағдайындағы сөйлеу фразасын дұрыс қабылдауға еш кедергі жасамайды. Сөйлеу тілі стиліне тән стильдік белгілер оның композициялық жанрының түрлерімен қатар стилистикалық мүмкіндіктер мына мәселелерге тікелей қатысты болып келеді: сөйлеудің еркіндігі, бейресмилік, сенімділік, дауыс тоны, оның астарындағы ашық және жасырын прагматикалық бағдар кітаби стильге қарағанда, стилистикалық мүмкіндіктердің ерекше тобын құрайды. Сөйлеу тілі стилінде ерекше реңк атқаратын сөйлеудің дыбыстық жағы. Сөйлеу тілі стилінде фоникалық рөлі ерекше болады: дағды әрекеті, орфоэпиялық норманы бұзу, керісінше, орфоэпиялық норманы сақтау, орфоэпиялық норманы безендіру немесе әсем дыбыстау т.б.

Сөйлеу тілі стилі функционалдық стильдердің ішінде өзіне тән фонетика, лексика, грамматикасы бар күрделі әрі әмбебап стиль түрі болып саналады. Сөйлеу тілі стилінде сөздік қордың барлық саласы түгел қатысады, фразеологизмдер де, метафоралар да ұшырасады. Сөйлеу тілі стилінде сөздердің қолданылу ерекшелігі жағымды, жағымсыз эмоцияға тікелей байланысты. Сөйлеуші әр уақытта өзі баяндаған құбылыс пен затқа өзінің әртүрлі көзқарасын, ниет-пиғылын, ойын, көңіл-күй сезімдерін айтатындықтан, қарама-қарсы көңіл күй сөздері қолданылып, олардың қолданылу үлес салмағы молынан ұшырасып отырады. Сөйлеу тілі стилінің өзіне тән сөйлеу мәдениеті болады. Сөйлеу мәдениеті деп жалпы сөйлеушінің адами мәдениеттілік және тіл мәдениетін жетік меңгеруде қол жеткен табыстарын айтуға болады. Адамның жалпы кісілік мәдениеті, ой-өрісі, эрудициясы, ақыл-парасаты, киімі, жан-дүниесімен сөзді, сөйлемді мәдениетті түрде, яғни мәдениетті тілмен жеткізу болып табылады. Тіл мәдениетінің өзі ойлау мен сөйлеудегі сауаттылық болып табылады.

Амандасудың *сәлемтсіз бе* деп айтылу мәнерінде дауыс тонына қарай әртүрлі мағыналық мән аңғарылады. *Сәлеметсіз бе?* Дауыс тонының айтылу мәнеріне қарай әр түрлі көңілді, сезім-күйді аңғартады, бірде асқақ көңілдің шабытымен айтылады, бірде менменсіген көкіректі, сынау мәнде, бірде қуанышты үнмен, жарқын, шұрайлы көңілмен айтылуы

аңғарылса, бірде салқын көңілдің ажары, бірде ілтипатты көңілдің шынайы ниетін танытатын стильдік мәнерде де айтылады.

Сөйлеу тілі стиліндегі сөйлемдерде дауыс тоны, дауыс күші, дауыс жылдамдығының әртүрлі қызметінің арасында стильдік ерекшелігі айқындалып тұрады. Сөйлеу тілі стилінің басты құралы – дыбыс. Онда түрлі ырғақтық құрылым, тонның өзгеріске түсуі, қарқынның жылдамдығы, баяу, орташа сипатталуы, кідірістің орын алуы, логикалық және фразалық екпіндер көрініс табады. Сөйлеу тілі стилінде әңгіме диалог түрінде ғана емес, монолог түрінде де жүруі мүмкін. Диалогта бұйрықты және сұрақ-жауапты репликалар, ал монологта хабарлы-ақпараттық, экспрессивті-эмоциялық реплика қолданылатынын айтуға болады. Диалогқа қысқалық, монологқа ойдың ұзақтығы тән.

Сөйлеу тілі стилінде эмоционалды-экспрессивті білдірудің ең көркем амалының бірі – интонация. Эмоционалды сипаттың ең озық үлгілері интонация арқылы жеткізілетіні еш даусыз. Сөйлеу тілі стилінде дауыс ырғағы, дауыс тонының айтылу мәнерінен бір ғана сөздің өзінің астарында алуан түрлі стилистикалық мағына жатқандығын көруге болады.

Стильдің өзгешелігіне себеп болатын нәрсе – оның коммуникативтік сипаты. Пікір алысудың ретіне қарай (диалог, монолог, ауызша, жазбаша түрде пікірлесу), мазмұнына қарай (ғылыми еңбек, көркем шығарма, газет очеркі т.т.) сөйлеуші тілдік амалдарды талғап жұмсайды. Және коммуникативтік жағдай, мазмұн тұрақты фактор болғандықтан, стиль де тұрақты, жүйе ретінде қалыптасады дейді, – ғалым Р.Әміров [5, 19].

Ал белгілі ғалым Р.Сыздық: «Сөйлеу тілі – күнделікті қарым-қатынас барысында ауызша қолданылатын тіл үлгісі, бұл әдеби тілдің қарама-қарсысында танылатын құбылыс», – дейді [20, 56].

Функционалдық стильдердің ішінде ерекше тілдік жүйеге құрылған сөйлеу тілі стилі қазақ ұлттық әдеби тілінің жіктелуінде айрықша орын алады. Тұрмыстық қарым-қатынаста сөйлеу тілі стилі қолданылады. Оның өзіне тән

фонетикалық, лексикалық, морфологиялық, синтаксистік ерекшеліктері бар. Ол тұрмыстың, күнделікті қарым-қатынастың тілі болса да, функционалдық стильдердің негізгі жүйесін құрайды. Сөйлеу тілі стилінің өзіне тән ерекшелігі алдын ала дайындықты қажет етпейтіндіктен, еркін қолданысқа түседі, сондықтан сөйлеу тілімен тығыз байланыста жұмсалады.

Қарым-қатынастың бейресми аясы, яғни тұрмыста, отбасында, таныстар мен достар арасында түрлі тақырыпта сөз қозғалатын орта болып табылады. Мұндай жағдайда еркінділік басым болады, дегенмен, адамзаттың өркениетке, мәдениетке ұмтылу үдерісіне сай сөйлеу тілі де «мәдениеттене» беруі тиіс.

Бақылау сұрақтары:

1. Ауызекі сөйлеу тілінің грамматикалық ерекшеліктері.
2. Ауызекі сөйлеу стилінің мәдениеті дегенді қалай түсінесіз?
3. Ауызекі сөйлеу стилінің қалыптасуына қандай лингвистикалық және экстралингвистикалық факторлар әсер етеді?
4. Ауызекі сөйлеу стилінің лексикалық және фразеологиялық ерекшеліктеріне не жатады?
5. Көркем әдебиет тілі мен ауызекі сөйлеу стилінің арақатынасы неден көрінеді?

РЕСМИ ІС ҚАҒАЗДАРЫ СТИЛІ

1. *Ресми стильдің қолданыс аймағы, стильдік белгілері, түрлері*
2. *Жанрлық-ситуациялық стильдер, олардың бір қалыпқа түсу (стандарттану) дәрежелері*
3. *Ресми-іс қағаздары стилінің тілдік белгілері*

XXI ғасырға тәуелсіз ел ретінде енген республикамыздың әлеуметтік, экономикалық, мәдени өмірінде үлкен өзгерістер болып жатыр. Қазақстан Республикасының Конституциясы

(1995), «Тіл туралы» Заң (1997), «Тілдерді қолдану мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасы» (1998) т.б. республикадағы тіл мәселелерін реформалауды жүзеге асыруға негіз болады әрі мүмкіндік береді. Сондықтан бұл реформаны жүзеге асыру үшін ірі министрлік, әрбір мекеме, ұйымдар, жеке адамдар өздерінің нақты істерін көрететін шаралар белгілеп, соны жүзеге асыруы тиіс. Солардың шіндегі ең өзектісі, ең алдымен қолға алынатыны – қазақ тілінің конституциялық мәртебесін мемлекеттің бүкіл аумағында, қоғамдық қатынастардың барлық саласында жүзеге асыру.

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен бекітілген «Тілдерді қолдану мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасы» тіл саясатын іске асырудың алғашқы кезеңінде негізгі төрт бағытта іс-шаралар жүргізеді. Соның бірі – **ресми іс жүргізуді** мемлекеттік тілге кезең-кезеңмен көшірудің нақты негізін жасау. Іс қағаздарын қазақша жүргізу – мемлекеттік тілдің жүзеге асуының нақты көрсеткіші.

Тіл білімінде ақпаратты дәл, анық, тура жеткізу қызметін атқаратын, өткен дәуірде солғын тартып, қажеттілігі айқын сезілмей, көмескіленіп келген тіл стилі – ресми-іскери стиль. Ресми-іскери стильдің негізгі мақсаты – іскери ақпаратты дәл беру. Ресми стиль функционалды стильдің бірі болып табылады. Ол ресми және бейресми сипатта қолданыс табады.

Тәжірибеде «ресми стиль», «іс қағаздар стилі» деген атау қолданылады, ол әлі тұрақтала қоймаған. Мысалы: М.Н.Кожина «ресми-іскери стиль» десе [12, 69]. В.В.Виноградов «ресми-іскери стиль», «ресми-кеңсе стилі» дегендерді қатар пайдаланып, «ресми құжат стилі» деген атауды ұсынады [8, 45].

«Қазақ тілінің стилистикасында» «іс қағаздары мен ресми стиль» деген атау берілген. Ал әдеби тілдің тарихы бойынша еңбектерде «ресми-іс қағаздарының тілі», «ресми-іс қағаздары не документтер тілі», «ресми стиль», «ресми-іскери» тіл деген атауларды пайдаланады.

«Тіл білімі сөздігінде»: «Ресми іс-қағаздар стилі – құқықтық қатынастар – заң шығару және іс жүргізу жұмыстары саласында қолданылады. Құрамынан мынандай стильдік топтар бөлінеді: а) тікелей заң стилі (заң, жарлық, азаматтық және қылмыстық кесімдер, жарғылар); б) әкімшілік-кеңселік (кесім,

бұйрық, іс қағаздары, арыз, мінездеме, өмірбаян, сенімхат, қолхат) в) дипломатиялық (нота, меморандум, келісім, конвенция). Ресми іс қағаздар стилі тек жазбаша таратылады, ал ауызша түрге жиналыста айтылатын сөз, арнайы жиындардағы баяндама, қызмет диалогы жатады делінген.

Ресми-іскери стиль – құқықтық, саяси, өндірістік, әкімшілік, қоғамдық қызметтерде және халықаралық қарым-қатынастарда қолданылатын, қоғамда қалыптасқан экстралингвистикалық факторлардың ықпалымен қазіргі кезде ішкі тармақтарының тарамдалуы, стильдік белгілерінің айқын көрініс табуы жағынан күрделі тармаққа айналып отырған функционалды стильдің бірі.

Ақпараттар ағыны барынша ұлғайған қазіргі заманда ресми іс қағаздарының түрлері өте мол. Мысалы: А.Алдашева, З.Ахметжанова, Қ.Қадашева, Л.Сүлейменовалар өздерінің «Ресми іс қағаздары» атты еңбегінде: «Мекемені, ұйымды басқару, яғни әкімшілік мәселелеріне қатысты ресми құжаттардың (өтініш, бұйрық, мінездеме, тіркеу карточкасы, кадрлар жөніндегі іс парағы және т.б.), басқару функциясы жөніндегі нормативтік, бұйрықшы-жарлықшы құжаттардың (жарлық, қаулы, ереже, заң және т.б.), сондай-ақ жеке тұлғалар мен заңды тұлғалар арасындағы қарым-қатынастарды реттейтін құжаттардың (қолхат, кепілхат, мәмілешарт, келісім және т.б.) түрлері сан алуан. Кәсіпорындар мен фирмалардың, мекемелер мен ұйымдардың, министрліктер мен ведомстволардың сыртқы қарым-қатынастарын ұйымдастырып, реттеп отыратын іскери хаттың (өтінішхат, ілеспехат, ақпараттық хат, шақырухат, жауапхат, бекіту хат, халықаралық хат) түрлері бар. Олар шартты түрде «Басқару органдарының басқару-реттеу қызметіне қатысты құжаттар», «Азаматтық қарым-қатынастарды реттеу құжаттары» және «Басқару органдарының ұйымдастыру, өкім шығару қызметіне қатысты құжаттар» деген топтарға бөлініп беріліп отыр», - деп көрсетеді [26, 89].

Р.Сыздықова XVIII ғ. мен XIX ғ. I жартысында әкімшілік, билікбасындағы, лауазымды адамдардың өзара жарысқан «әр қилы сипаттағы қағаздары мен хаттары болғандығын көрсетіп, XIX ғ. II жартысында ресми тілдің бұйрық-жарлық, циркуляр, жарғы, үндеу тәріздес үлгілерінің көбейгені туралы түйіндейді [20, 9].

Ғалымдар ресми-іскери тілді мәтіндік жағынан қарастыра келіп, жанрлық тұрғыдан төмендегідей тармақтарға ажыратуды ұсынады: әкімшілік-кеңсе іс қағаздары құжаттары, әскери құжаттар, коммерциялық хат-хабарлар, дипломатиялық және заңнамалық құжаттар. Ресми іскери стильдің көпшілік мақұлдаған анық үш түрін байқауға болады: заң тілі, дипломатиялық стиль, кеңсе іс қағаздары. Жалпы ресми-іскери тілдің басым бөлігін осы кеңсе іс қағаздары құрайтыны даусыз.

Ресми стиль алдымен жазбаша түрде жасалып, содан кейін оқылады, яғни олар қалай болғанда, кейін ауызша түрде жүзеге асырылатын жазбаша мәтін. Осы жазбаша мәтін ауызша дыбысталғанда көрінетін просодикалық тәсілдердің көрінісіне, яғни просодикалық тәсілдердің стиль түзудегі рөлі ерекше.

Ресми стиль мәтінінің құрылуы мен жасалуында қызмет атқарып, әрі ондағы айтылған сөздің коммуникативтік мағынасын анықтауда сөз әуенінің жоғарылауы мен төмендеуі, сөз бөлшектерінің белгілі бір уақыт аралығындағы ұзақтылығы мен сөз ағымындағы кідіріс, айтылымның қайсыбір бірлігін ерекшелеп тұлғаландырудағы қарқын және де адамның көңіл-күйі ахуалын жеткізудегі әуез деген тәрізді интонация компоненттерінің орны бөлек. Интонацияның әрбір құрамдас компоненті сөйлеу барысында жеке-жеке емес, тұтасып, бір-бірімен бірігіп, кейде біреуі басым түсіп, кейде барлығы бірдей деңгейден көрініп сөйлемді ұйымдастырып, безендіріп тұрады.

Ресми іс қағаз стилі басқа стильдерден оқшау тұрады. Себебі бұл стильдердегі мәтіндер қалыпты үлгі бойынша құрылып, одан ауытқу сирек болады. Осыған байланысты мұндай мәтіндердің интонациясында да бір сарындылық байқалады. Мәтіннің құрылымына қарай әр түрлі бөліктері тиісті интонациялық әуенмен оқылады да, дауыс әуезінде құбылғыштық, әсерлілік өте сирек байқалады.

Себебі, іс қағаз стиліндегі мәтіндердің басты мақсаты – адресаттың басты көңіл-күйіне әсер ету, оның эстетикалық талғамын тәрбиелеу емес, ақпарат жеткізіп, сол арқылы бір шараларға ұйымдастыру болып табылады. Осы мақсатына орай оның интонациясы да ерекшеленеді. Сонымен, ресми мақсаттағы іс қағаз стиліндегі мәтіндердің интонациясына,

негізінен, бірқалыптылық, әуеннің бірте-бірте өзгеруі, ұстамды дауыс сазы, орта немесе баяу қарқын тән болады.

Іс қағаздар стиліне түрлі мекемелерде жүргізілетін жазу үлгілері жатады. Іс қағаздары белгілі бір форма бойынша жазылады. Іс қағаздары формаларының әр түрлі үлгілері болады. Оған өтініш, сенім хат, қол хат, анықтама, мінездеме, шақыру билеті, хабарландыру, мәжіліс хаттамасы, қатынас қағазы, келісім шарт, акт, рапорт, мінездеме, бұйрық, есеп және т.б. жатады. Іс қағаздарының әрқайсысының бұрыннан белгілі бірыңғай сөздері мен сөйлем үлгілері болады. Іс қағаздары, көбінесе, сол үлгі бойынша жазылады. Олардың кейбірінің алдын ала дайындалған арнаулы қағаздары (бланк) болады.

«Іс қағаздарын жүргізу» термині стандартталған, яғни бұл ұғымды айқындайтын бірден-бір термин. «Басқаруды құжаттамалық қамтамасыз ету» стандартта анықтамалық мәлімет сипатында берілген синоним-термин болып табылады.

«Іс қағаздарын жүргізу» терминінің Қазақстан Республикасындағы ресми түсіндірмесінен Ресей Федерациясы мемлекеттік стандарты бекіткен түсіндірмеден біршама өзгеше. Салыстыру үшін ресейлік түсініктемені түгел келтіріп өтейік: «Іс қағаздарын жүргізу; басқаруды құжаттамалық қамтамасыз ету – құжаттау мен ресми құжаттар бойынша жұмыс жүргізу процесін ұйымдастыруды қамтамасыз ететін қызмет саласы».

Анықтамадан көрініп тұрғандай, Қазақстанда қабылданған түсініктің негізгі ерекшелігі іс қағаздарын жүргізуді заңды тұлғалардың қызмет аясы ретінде көрсетуі. Ресейлік заңнамада бұл кеңірек ауқымда, қызмет саласы ретінде алынған (дегенмен, құжаттау мен ресми құжаттар бойынша жұмыс жүргізу процесін ұйымдастыруды қамтамасыз ету аясымен шектеу де бар).

Құжаттар түзуге және сол құжаттар бойынша жұмыс жүргізуді ұйымдастыру ісіне қойылатын жалпы талаптар Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінің Мұрағаттар мен құжаттаманы басқару жөніндегі комитет төрағасының 2003 жылғы 29 сәуірдегі «Қазақстан Республикасының мемлекеттік ұйымдарында құжаттау мен құжаттаманы басқарудың тұрпатты ережелері туралы» № 33 бұйрығы арқылы белгіленіп, бекітілген.

Мұндай ережелердің алғашқы нұсқасы қолданысқа 1992 жылы енгізілген болатын. Жаңа құжат іс қағаздарын жүргізудің отандық саласында орын алып отырған қазіргі нақты жағдайларды есепке ала отырып жасалды. Осы ережелер негізінде әрбір мемлекеттік орган немесе мемлекеттік ұйым іс қағаздарын жүргізу жөніндегі өз ведомстволық нұсқаулықтарын әзірлеп алады. Бұл ережелерді өз ерекшеліктеріне сәйкестендіре отырып мемлекеттік емес ұйымдар да қолдануларына болады. Бірақ бұл ережелер мемлекеттік емес ұйымдар үшін міндетті болып табылмайды.

Қазақстан Республикасының «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» Заңы да қазіргі жағдайда айрықша мәнге ие болып отыр. Бұл заң электрондық цифрлық қолтаңба арқылы куәландырылатын электрондық құжаттар жасау және оларды пайдалану барысында туындайтын құқықтық қатынастарды реттейді. Осы заңға сәйкес 2004 жылы Қазақстан Үкіметі Республика мемлекеттік органдарындағы электрондық құжат айналымының ережелерін бекітті.

ТМД-ның бірқатар елдерінде мұрағат ісі жөніндегі нормативтік актілер іс қағаздарын жүргізу мәселелерін де қамтиды. Мәселен, «Беларусь Республикасындағы ұлттық мұрағат қоры және мұрағаттар туралы» заңда меншік формаларының қандай екеніне қарамастан, барлық ұйымдар үшін іс қағаздарын жүргізу тәртібін белгілейтін арнайы тарау енгізілген. Ол тарау «Кәсіпорындарда, мекемелер мен ұйымдарда іс қағаздарын жүргізу және оны ұйымдастыру» деп аталады. Қырғыз Республикасының Ұлттық мұрағат қоры туралы заңында да дәл осыған ұқсас арнайы бап бар.

Іс қағаздарын жүргізу қызметін ұйымдастырудың жекелеген элементтері өзге де құжаттарға – қандай да бір мемлекеттік билік органы регламенттеріне де енгізілуі (іс-тәжірибеде мұндай да кездесіп тұрады) мүмкін. **Ресми құжаттарды** белгілі бір ережелер (стандарттар) бойынша ұйымдар немесе лауазымды тұлғалар жасайды. Ресми құжаттарға адамның жеке басы мен құқықтарын куәландыратын құжаттарды, сондай-ақ биографиялық сипаттағы деректері бар құжаттарды да (төлқұжат, жеке куәлік, жүргізуші куәлігі және

т.б.) жатқызады. **Жеке құжаттарды** адамдар өздерінің қызметтік міндеттеріне қатыссыз жасайды.

Құжаттар **жасалу орнына** қарай: **сыртқы** – мекеме алған (**келіп түскен**) немесе олар басқа жаққа жіберген (**жіберілетін**) және **ішкі** – осы мекемеде жасалған және оның ішінде қолданылатын құжаттар болып бөлінеді.

Атауы бойынша басқару құжаттары көптеген түрге бөлінеді, мысалы, **актілер, сауалдамалар, ведомостер, хаттамалар, нұсқаулықтар, есептер, бұйрықтар** және т.б.

Ресми стильдің іс қағаздарынан көлемі, мазмұны және жазылу формасы жағынан ерекшеліктері бар. Ресми қағаз белгілі бір қалыпқа (штампқа) түсіріліп, өзіндік сөз қолданысымен ерекшеленеді. Оған заң, қаулы, жарлық, үкім, мұражай құжаттары, халықаралық шарт, нота, үкім хабарлары жатады.

Іс қағаздарының әрқайсысының бұрыннан белгілі бірыңғай сөздері мен сөйлем үлгілері болады. Іс қағаздары, көбінесе, сол үлгі бойынша жазылады. Іс қағаздары мен ресми стильдің өзара ұқсастықтары мен өзіндік ерекшеліктері бар. Олардың ұқсастықтары екеуінің де қалыптасқан белгілі бір формада жазылатындығы және ресми құжаттар болып есептелетіндігі.

Ерекшеліктері: 1) іс қағаздарының көлемі, негізінен, қысқа да шағын, ресми стильдегі саяси-публицистикалық лексика мен әкімшілік терминдердің қолданылуы басым, 2) ресми стильмен салыстырғанда іс қағаздары стилінде экспрессивті-эмоционалды және образды мәндегі сөздер өте сирек пайдаланылады, қолданылмайды деуге болады. Ондай сөздер құттықтаулар мен үндеулерде кездеседі.

Грамматикалық ерекшеліктер тұрғысынан алғанда да ресми стильде сөйлемнің баяндауышы тұжырымдылық пен нақтылықты білдіру үшін, көбінесе, ырықсыз етістік формасында тұрады: орындалсын, өткізілсін, жеткізілсін, арттырылсын, міндеттелсін, т.б.

Іс қағаздарын өткен шақ формасында жазу жиі кездеседі: берілді, акт жасалды, мәжіліс болды, тапсырылды, жүктелді, міндеттелді т.б. Ресми қағаздар, ресми құжаттардың стилі қазақ тілінде бұрыннан қалыптасқан стильдік тармақтардың біріне жатады, оның ішінде қазақ әдеби тілінде алғаш пайда болған стильдік құбылыстардың бірі – кеңсе тілі.

Іс қағаздары дегеніміз – жеке адамның, ұжымның, фирмалардың, мекемелердің атқаратын қызметіне байланысты пайда болатын жазбаша (ауызша) қарым-қатынас құралы.

Іс қағаздарының мынадай түрлері бар:

1. Әр түрлі мазмұндағы арыздар.
 2. Өмірбаян .
 3. Анықтама, түсінікхат, ақпарат, есеп, хабарлау т.б.
 4. Іс жөнінде мәлімет (хат) алысу, келісім жасасу, шешім шығару, хабарлау т.б.
 5. Мекемеде өткен мәжілістердің жүрісін, шешімін баяндайтын құжат – хаттама.
 6. Бұйрық. Қызметкер жөніндегі мінездеме, ұсыныс т.б.
- Іс жөніндегі қатынас қағаздар бірнеше бөліктен құралады:
1. Қатынас қағазының жіберілген мерзімі (күні, айы, жылы).
 2. Қатынас қағаз жіберілген мекеменің (фирманың), мекеме басшысының аты-жөні.
 3. Қатынас қағазының мазмұны.
 4. Қатынас қағазды жіберуші жөнінде мәлімет және оның қолы.

Қатынас қағаздың композициясына кіретін әр бөлік «реквизит» деп аталады. Әр реквизиттің жазылуына, пунктуациясына қойылатын талаптар бар. Ол талаптар мемлекеттік нұсқауларда айтылған.

Іс қағаздар стилінің ерекшеліктері:

1. Мәтін өте жинақы құрылады.
2. Сөйлемдер, негізінен, номинативті, екі негізді болып келеді.
3. Сөйлемдегі сөздер базистік тәртіпке сай орналасады.
4. Экспрессивті сөздер қатыспайды.
5. Мәтін баяндау ретінде келеді.

Іс қағаздарының басында, соңында қағаздың жіберілу мерзімі міндетті түрде цифрмен көрсетіледі. Іс қағазының мазмұнына байланысты мазмұнының ішінде келетін сандар цифрмен де, әріпті жазумен де көрсетіледі. Бірден онға дейінгі сандарды әріпті жазумен таңбалаған дұрыс.

Ресми стиль, негізінен, жазба тіл арқылы жүзеге асатындықтан, зерттеушілер оның негізгі тілдік ерекшеліктеріне:

- тілдік құралдарды қысқа қолдану;

- материалдың стандарт түрде орналасуы;
 - терминдер мен номенклатуралық ұғымдардың мол жұмсалуды;
 - баяндаудың жүйелі сипаты;
 - сөйлемдегі сөздердің орын тәртібі;
 - эмоционалды-экспрессивтік мәні бар сөздердің мүмкіндігінше аз қолданылатындығы;
 - индивидуалдық стильдің әлсіздігін жатқызады.
- Ресми стильдің құрамында үш шағын стиль болады:
- таза заң шағын ресми стилі;
 - әкімшілік-кеңсе шағын ресми стилі;
 - дипломатиялық шағын ресми стилі.

Ресми стильдің ауызша және жазбаша түрлері болады. Ауызша түрлеріне әр алуан құрылтайларда, конференцияларда, семинарларда жасалатын баяндамалар мен жарыссөздер жатады, бірақ ресми стиль түгелдей дерлік жазбаша түрде көрініс береді. Ауызша сөйленген түрлерінің өзі алдын ала неше түрлі редакциялаудан, өңдеуден өтеді. Демек, таза мағынадағы ауызекі сөйлеу стилінен мүлдем басқаша сипат алады.

Ресми стиль екі түрлі тіл қызметін атқарады: бірі – информативтік (ақпарат беру), екіншісі – волюнтаривтік (іске итермелеу) қызмет. Кейде оның екі қызметі жарыса жүреді.

Ресми стильдегі сөз, сөздің дыбысталуына қоршаған орта адресанттың бойынан жинақылықты талап етеді, сондықтан дауыс тоны әдеттегі сөйлеу жағдаятынан өзінің ресми стильдік тонға ауысуын талап етеді. Әр стильде қоғамдық қарым-қатынас аясында дыбыс күші, қарқын, әуен өзгеріп отырады. Ресми стильде адамның психологиялық жай-күйі, өзін-өзі ұстауы, эмоциясының тұрақтылығы, салқынқандылығы, материалды толық меңгеруі, мәдениетті сөйлеу техникасын игеруі стильдік фонға ие болады әрі сенімділік пен тұрақты мақсатқа арналады, стилистикалық тапсырма орындалып отырады. Кейбір жағдайларда ресми стильдегі хабарламалар, салтанатты құттықтаулар тез, жылдам оқылатындықтан, сөздің дыбыс әуені бұзылады. Сондықтан ресми стильдегі мәтіннің құқықтық-стильдік мән-мағынасы басым тұрады.

Бақылау сұрақтары:

1. Ресми стильді анықтайтын лингвистикалық және экстралингвистикалық белгілерге не жатады?
2. Ресми стильдің шағын түрлерін атаңыз.
3. Ресми стиль мәдениеті дегенді түсіндіріңіз.
4. Ресми стильдің ауызша және жазбаша түрлерінің айырмашылығынеде?
5. Ресми стильдің негізгі қызметтеріне не жатады?

ҒЫЛЫМИ СТИЛЬ

1. Ғылыми стильдің қолданыс аймағы, негізгі белгілері, түрлері (ғылыми, оқу және ғылыми-көпшілік), жанрлары (монография, оқулық, ғылыми мақала, лекция, баяндама т.б.)
2. Қазіргі қазақ әдеби тілінде өндірістік-техникалық стильдің қалыптасуындағы қиындықтар
3. Ғылыми стильдің лексикалық, грамматикалық белгілері

Тіл ғылым жетістіктерімен сусындай отырып, жетіле түседі, сөйтіп халықтың ғылым-білімге деген мұқтаждықтарын өтеудің жаңа мүмкіндіктеріне ие болады. “Ғылым тілі” деген ұғымды зерттеушілер жалпы әдеби тілдің атқаратын әлеуметтік-қоғамдық қызметінің үлкен бір саласы деп түсінеді. Бұл сала ғылыми-техникалық прогрестің шарықтап дамуына байланысты қанатын жайып, тамырын тереңдете түседі, өзі де дамиды, жалпы әдеби тілімізді де кемелдендіре түседі. Басқаша айтқанда, қоғам өміріне ғылыми-техникалық прогресс қаншалықты қажет болса, сол қоғам мүшелеріне қызмет етіп отырған ғылым тілі де соншалық қажет деп есептейді академик Ә.Қайдари. Яғни ғылым тілі әдеби тілдің жеке бір тармағы ретінде қалыптасады, оның қолданыс аясын кеңейте түседі.

Ғылым тіліне профессор Ө.Айтбайұлы ғылыми негізде жасалатын, өзіндік қалыптасу принциптері бар, стильдік өңі ерекше әдеби тілдің бір түрі, әдеби тілдің ғылымға қызмет ететін бір тармағы деген анықтама беріп, оны адам, қоғам, табиғат жөнінде ақпарат беретін, шындықты баяндайтын ғылыми мәтін

(текст) деп түсіндіреді [27, 88]. Демек, ғылым тілі – болмысты танудың, оны зерттеудің нәтижесі туралы, табиғат пен қоғамның даму заңдары туралы мағлұмат берудің құралы. Ғылым тілінің қалыптасуы ғылымның дамуымен және әдеби тілдің жасалуымен тығыз байланысты. **Ғылым тілі** көптеген зерттеулерде **ғылыми стильмен** теңестіріледі, себебі ғылыми стиль жазу арқылы көрінеді.

“Стиль” терминінің көп мағыналылығы, көбінесе, “тіл” терминінің көп мағыналылығымен анықталады. Кей жағдайларда “стиль” және “тіл” терминдерінің мағыналары сәйкес келіп жатады. Сондықтан лингвистикада “көркем стиль” және “ғылыми стиль” деген терминдермен қатар “көркем тіл”, “көркем әдебиет тілі”, “ғылыми тіл”, “ғылыми әдебиет тілі” деген терминдер қолданылады. Зерттеушілердің бір тобы стильдердің қызмет атқару салаларының ауқымын өте кең мағынада түсінеді, енді біреулері оны шектеуге бейім. Сөйте тұра, стильдер классификациясының барлығында да ғылыми стиль аталады. Демек, ғылыми стильдің өзіндік болмысын, оның ерекшеліктерін зерттеушілердің барлығы мойындайды. Сонымен қатар бұл стильді түрлі классификацияда ғылыми стиль, ғылыми-көпшілік стиль, ғылыми-техникалық стиль деп әр қилы атайды.

Ғылыми стильдің қолданылу аясы өте кең. Ғылым өндіріс пен техниканың дамуымен, жоғары және орта білім берумен тығыз байланысты болғандықтан, ғылыми стиль таза ғылыми еңбектермен қатар ғылыми-техникалық жұмыстар мен құжаттарда, оқулықтар мен ғылыми-көпшілік басылымдарда қолданылады. Сондықтан тілшілер ғылыми стильдің өзін бірнеше тармақтарға бөледі. Мәселен, О.Д.Митрофанова нақты ғылыми стиль (собственно-научный, т.е. академический), ғылыми-көпшілік (научно-популярный), ғылыми-ақпараттық (научно-информативный) және ғылыми-іс (научно-деловой) стильдері деп саралайды [28, 12]. Ал Л.Г.Барлас ғылыми стильді арнайы ғылыми стиль (специальный), ғылыми-оқу стилі (научно-учебный) және ғылыми-көпшілік стиль (научно-популярный) деп жіктейді [29, 255].

Ал, негізінде, тілімізде бір-бірінен аз да болса өзіндік айырым белгілерімен ажыратылатын әдебиет жанрлары көп. Жаңа жанрлар да пайда болып жатады. Ғылыми әдебиеттегі жанрлар көркем әдебиеттегіден кем деуге болмайды. Дегенмен олардың әрқайсысының тілі жеке стильдік тармақ бола бермейді. Бұл жөнінде Р.А.Будагов: “...тіл білдіретін өзіндік ұғымдар мен қатынас шеңбері жағынан ұсақтау принципі (принцип дробления по сферам общения и специфики понятий, выражаемых языком) тұрғысынан келсек, **ғ ы л ы м и б а я н д а у д ы ң** өзін, яғни **ғ ы л ы м и ә д е б и е т т е р с т и л і н** бүтін стиль ретінде емес, оның әр түрлеріне байланысты бөлшектеп кетер едік, яғни медициналық, физикалық, химиялық, биологиялық, астрономиялық, филологиялық жағынан тағы стильдер туған болар еді. Ал, шындығында, тіпті медик өзінің ғылыми шығармаларын химиктей жазбаса да, сол сияқты химик пен биологтың немесе филологтың ғылыми шығармалары бір-бірімен тілдік, сөз саптау жағынан дәл ұқсас болмаса да, мұнда жеке стильдер жоқ. Қайткен күнде де бұл ғалымдар біркелкі ғылыми баяндау стилін пайдаланады, өйткені ойды білдірудің формасы, тәсілі ортақ, сондықтан ғылыми стильдің өзі ғылым түрлерінің ерекшеліктерінен тумады, ғылыми баяндаудың ерекшелігімен айқындалады. Мысалы, “медицина стилінің” айырмашылықтары ең алдымен жеке ғылым ретінде медицинаның өзіндік ерекшеліктеріне байланысты да, тек жанама түрде тілге қатысты: жеке ғылым саласында жұмсалатын терминдер жиынтығы өз алдына ерекше стиль құрай алмайды. Сонымен бірге әрбір ғылым саласы қалыптасқан ғылым ретінде белгілі қасиеттері арқылы ерекшеленетін ғылыми баяндау стилін пайдаланады” деген пікір айтады [30, 72-73].

С.Исаевтың пайымдауынша, дәл осындай құбылысты көркем шығармалар тілінен де, көркем баяндау стилінен де байқауға болады. Роман, повесть, әңгіме, поэма, мысал, өлең, эпос, баллада тілі жеке-жеке стиль бола алмайды. Әрине, көркем әдебиеттің бұл жанрларының бір-бірінен өзіндік ерекшеліктері, айырмашылықтары жоқ емес. Тіпті әр жазушының өзіндік тіл ерекшеліктері, өзіндік сөз саптау мәнері бар. Бірақ әр

жазушының әрбір туындысы, кейбір өзіндік ерекшеліктеріне карамастан, жеке-жеке стиль құрай алмайды [31, 23].

Сонымен қатар белгілі бір стильде жазылған мәтінде басқа стильдердің элементтері кездеседі. Демек, бір функционалдық стильге тән тұлға-тәсілдердің екінші бір стильде қолданылып отыруы мүмкін. Мұның өзі таза бір стильде жазуға болмайтынын, қайтсе де онда басқа стиль элементтері болып отыратынын көрсетеді. Орыс тілші ғалымдары В.В.Виноградов, А.И.Ефимов, В.П.Мурат та белгілі бір сөздер мен сөйлемдер тек қана бір стильге телініп қоймай, екінші бір стильде де қолданыла береді. Жалпы стильдердің өзара шекарасы дәл айқындалған нәрсе емес деп тұжырымдайды.

Ғылыми әдебиет тіліне байланысты жазылған зерттеулердегі пікірлерге сүйенсек, ғылыми стильдің өзіндік белгілері оның атқаратын қызметіне, тілдік единицаларды қолдану мүмкіншіліктеріне, лексикалық құрамына, грамматикалық құрылысына, ғылыми мәтінді құру ерекшеліктеріне сәйкес айқындалады. Ғылыми стильдің дараланып жетіле түсуі табиғат пен қоғамдағы әр алуан құбылыстарды ғылыми негізде терең зерттеу мақсатымен тығыз байланысты. Ғалымдар нақты бір ұғымдарды басшылыққа ала отырып, олардың қыр-сырын, өзара байланыстарын тағы басқа қасиеттерін ашу мақсатында өз пікірін, өз тұжырымын баяндап қана қоймайды, сол жаңалығын жан-жақты дәлелдейді. Осы мақсатпен олар әдеби тілдің қорынан өз ойының жүйелі, дәл және логикаға сай баяндалуы үшін айрықша сөз қолданыстарын таңдайды. Себебі пікір дұрыстығын дәлелдеу үшін логика заңына, яғни дұрыс ойлау заңына сүйену қажет. Ғылыми әдебиет қағидалары, тұжырымдары, әдетте, зерттеу жұмыстарында тәжірибеде бар объективті шындықты уағыздайды. Сондықтан оның тілі жинақы, стилі “қатаң”, сөздері, сөз тіркестері, сөйлем құрылыстары дәлме-дәл, тап-тұйнақтай болуы тиіс. Ғылыми прозаның тірегі – логикалық объективті байлам, бірізділік және дәлділік. Демек, ойдың тілде көрініс беруі логикалық жүйедегі талдаулар мен қорытындыларға сүйенеді. Ғылыми еңбектің негізгі мақсаты – әр түрлі ұғымдарды негізге ала отырып, өз нысанасын жан-жақты зерттеу, табиғаттағы және қоғамдағы әр алуан

құбылыстар мен үрдістердің заңдылығын ашу болып табылады. Ө.Айтбаев ғылым тілі айтылатын ойдың анықтылығын, дәлдігін, дұрыстығын және кез келген ғалым түсінерліктей дәйектілігін қалыптастыруы тиіс екендігін айта отырып, оны белгілі бір ұғым, мәселе турасындағы логикалық жағынан тұжырымдалған толық **х а б а р л а м а** деп анықтайды [27, 89].

Ғылыми шығармалар жалпы халықтық әдеби тілде жазылады. Бірақ тілдік тәсілдерді пайдалануда оның өзіндік ерекшеліктері болады. Р.Шнановтың көрсетуінше, ғылыми стильдің дыбыстық ерекшеліктерінен, ең алдымен, белгілі бір сөздер мен сөз тіркестерінің жиі қайталанатындығын айту керек. Сондықтан біркелкі дыбыстардың қатар келуі жиіленіп, көркем әдебиеттердегідей дыбыс үйлесімдігі болмайды. Ғылыми еңбектің сөйлемдері бір типтес болып келіп, шығарманың құбыла түрленуіне, ырғағының әркелкілігіне жол бермейді. Ғылыми шығармаларды оқығанда біз образ әсерінде емес, белгілі бір ұғымдар жетегінде болып, терең түсінік алуды мақсат етеміз. Ғылыми еңбектер ауызша баяндалғанда, дыбыстар толық түрде анық айтылуы шарт және ерекше назар аударуды талап ететін сөздерге екпін түсіріледі [32, 19].

Ғылыми қарым-қатынас аясы айтылған ойдың нақтылығымен, қисындылығымен, бір мағыналы болуымен және дәл келуімен ерекшеленеді. Ғылым аясындағы ойлаудың басты түрі ұғым болып келеді. Н.Уәлиұлының тұжырымдауынша, ғылыми стильде тіл амал-тәсілдерінің дерексіз сипатта “ұғым” түрінде болуы ғылыми стильдің басты айырым белгісі болса, сөздің деректі сипат алып, оның образға көшуі көркем әдебиет стилінің басты айырым белгісі. Ғылыми зерттеулер, ізденістер барысында пайда болған жаңа ұғым әуелде дерексіз шама, яғни заттық белгілері жоқ, ой арқылы ғана анықталған шама қалпында болады. Осы ұғымға ат қою арқылы оған заттық белгі беріледі, сол арқылы басқа атаулардан ажыратылады, оның мөлшерлік деңгейі, ауқымы анықталады. Сөйтіп, ол ғылым сарайының бір кірпіші болып қаланады. Дәлірек айтқанда, ол атау – “ғылым тілінің кірпіші” [33, 25].

Ғылыми стильдің лексикасында сөздер өзінің бастапқы, тура, негізгі мағынасында жұмсалады. Ғылыми стильдің сөздік құрамы, негізінен, үш қабаттан тұрады: жалпылама

қолданылатын сөздер, ғылымның барлық салаларына тән ғылыми сипаттағы сөздер және жекелеген ғылым саласының өзінде ғана қолданылатын термин сөздер. Сонымен бірге белгілі бір ғылымның саласында қолдану аясына байланысты жалпылама лексиканың кейбір сөздері термин сөзге айналады. Ғылымның алға басып, дамуына қарай жаңа ұғымдар туып отырады. Әрбір стильдің өзіне ғана тән айрықша белгілері мен оларды бір-бірінен даралап тұратын жеке факторлардың болатыны белгілі. Мәселен, И.Р.Гальпериннің айтуынша, ғылыми стильдің мұндай негізгі белгісі – термин сөздердің жиілігі. Бұл белгі – ғылыми стильдің лексикасын басқа функционалдық стильдер лексикасынан ажырататын басты белгі болып табылады. Сөздердің терминдік сипатқа, қасиетке ие болуы тек ғылыми стильде жүзеге асады. Ғылыми стильде лексикалық қабаттардың қолданылуы ғылымның өзіндік ерекшеліктеріне, кітаптың кімге арналуына байланысты өзгеріп отырады. Мысалы, теориялық ғылыми еңбектерде бейтарап сөздер аз болады да, көпшілікке арналған еңбектерде олардың саны арта түседі. Лексикалық қабаттардың қолданылу жиілігі еңбектің баяндалу сипатына, жанрына, композициялық бөліктерінің ерекшеліктеріне де байланысты болады [34, 69-71].

Ғылыми стильде жалпы жазу тіліне тән синтаксистік құрылыс пайдаланылады. Бұл стильдің негізгі ерекшелігі – мұнда ой күрделі баяндалып, анықтамалар мен дәлелдемелерге негізделеді. Сонымен бірге әрбір ғылым саласының өзінің ерекшелігіне қарай баяндау тәсілінде кейбір өзгешеліктер болады. Қорыта айтсақ, ғылыми стильге тән негізгі қасиеттер – мағыналық нақтылық, бейнесіздік, баяндаудың дәлдігі, ойдың логикаға сай жүйелі берілуі болып табылады.

Ғылым зерттеу объектілерінің, табиғаттың, қоғам дамуының т.б. заңдылықтарын айқындау үшін талдау, топтастыру, салғастыру негізінде қорытынды жасауды керек етеді. Бұл материалдар ғылым түрінің ерекшеліктеріне қарай кейбіреуі сол ғылым (мыс., химия, физика, математика, медицина) мамандарына арналса, бірқатары, әсіресе қоғамдық ғылымдар жайындағы әдебиеттер, оқулықтар мен оқу құралдары көпшілікке арналады. Сонымен қатар олардың тілінде елеулі айырмашылықтар болады. Демек, ғылым жетістіктері бүгін

ғалымдарға белгілі болса, ертең оқулықтарға кіреді, одан әрі халық арасына тарап, олардың қарым-қатынасына қызмет ете бастайды. Ш.Біләловтің көрсетуінше, ғылыми-көпшілік әдебиеттер тілі жалпы тіл айналымының оқулық тілінен кейінгі сатысында орналасқан, ғылым тілін жалпы халықтық тілмен байланыстыратын соңғы буын. Ғылыми-көпшілік шығармалар тілінің оқулық тілінен айырмашылығы оның бірсатылығында. Яғни оқулық тілі көпсатылы болып келеді де, ғылыми-көпшілік тіл өз оқушыларын білім деңгейіне қарап бөлместен, біртұтас деп қарастырады. Осыдан келіп ерекше, бірнысанды тіл қалыптасады. Оның басты ерекшелігі ғылым тілін барынша жеңілдетуінде. Сонымен, таза ғылыми еңбектер белгілі бір ғылым саласындағы зерттеулер нәтижесінде жазылатын болса, ғылыми оқулықтар ғылым негіздерін оқытуға арналған. Ғылыми-көпшілік әдебиет ғылымның әр саласынан түсінік береді. Кейбір ғылым қайраткерлерінің өмірі, ашқан жаңалықтары, саяхатшылардың көрген-білгендері де ғылыми-көпшілік әдебиетке негіз болады. Ғылымның негізін танытатын кітаптар мен кейбір публицистикалық туындыларды да осы салаға жатқызуға болады. Бұндай ғылыми-көпшілік шығармалар мен кітапшалар көпшілік оқырман қауымға арналады. Демек, ғылыми-көпшілік тіл – ғылымды, ғылым жаңалықтарын көпшілікке түсіндіретін тіл [35, 97].

Ғылыми стиль – жазба стильдің бір түрі. Ғылыми стильге белгілі бір ғылым саласына арналған ғылыми мақала, ғылыми очерк, жазба, оқу құралы, оқулықтар, ғылыми баяндама, диссертациялар мен оның авторефераты, монография және т.б. ғылыми еңбектер жатады. Ғылыми стиль жанрларындағы еңбектерде сөздер негізгі, тура мағынасында жұмсалады, мазмұны, ғылыми объекті мен тақырып белгілі бір ғылым саласына тиесілі терминдер арқылы баяндалып түсіндіріледі. Ғылыми еңбектердегі ой-түйіндер анықтама, дәлелдеме, формулаларға негізделеді. Ол үшін дұрыс ойлау, логика заңына сүйенеді. Оқушы мен тыңдаушыға түсінікті, дәлелді, тұжырымды болу мақсат етіледі. Тілдік тәсілдер ғылым мәселелеріне бағындырыла отырып пайдаланылады. Ғылыми стильде экспрессивтік, эмоционалдылық және образдылық болмайды.

Әлемдік лингвистикада, орыс тіл білімінде ғалымдардың көпшілігі өз еңбектерінде ғылыми-көпшілік стильді ғылыми стильдің подстили (ішкі шағын стилі, ғылыми стильден тарамдалатын тармақ) ретінде қарауы классикалық дәстүрге айналған. Қазақ ғалымдары да осы дәстүрден айнымай, аталған бағытты ұстанып келе жатыр. Бұл бағыттың қалыптасуы экстралингвистикалық, объективті факторларға негізделген деуге болады. Бірақ қазіргі кезде жаңаша талдау бағыттары да бар. Ғалым Р.Сыздық бұл жөнінде былай деп жазады: «Стиль түрлеріне ажыратуда да қазақ мамандары осы жолмен кеткен: функционалдық стильдердің қалыптасуы мен даму заңдылықтарын зерттеудің негізгі көзі тілдің қолданысы (речевые контексты) болып табылады, бұл қолданыстар белгілі бір жанрға тән болып келеді деген сияқты немесе «жанрға қатысты бөлінген стильдер айқынырақ танылады» деген орыс тілі зерттеушілерінің тұжырымдарын басшылыққа алып, қазақ тілінің де мақсаттық стильдерін жанрлық негізде тармақтайды: публицистикалық әдебиет жанры публицистикалық стильді, көркем әдебиет үлгілері көркем әдебиет стилін, сол сияқты ресми іс-қағаздары мен кеңсе тілінің стилі, ғылыми-техникалық әдебиет стилі деп ажыратады» [13, 56].

Қазақ тілінің мемлекеттік мәртебеге ие болуына, Қазақстан Республикасындағы тіл саясатына байланысты бүгінгі таңда ғылыми-көпшілік стильде жазылған мәтіндер көбейді. Алайда осы мәтіндер қай стильге жатады, ғылыми стиль ме, публицистикалық стиль ме, әлде жаңаша стиль түрі ме деген заңды сұрақ туады.

Ғылымның көпшілікке таралуынсыз оның алға басуы, не өндіріс күшіне айналуы мүмкін емес. Ғылыми білімнің халық арасында таралуында ғылыми-көпшілік әдебиеттің алатын орны ерекше. Әдетте ғылыми-көпшілік жарияланымға ғалымдардың қалың оқырманға арналған ғылыми жетістіктері жөніндегі хабарламалары жатқызылады. Бүгінгі күнге дейін баяндаудың ғылыми-көпшілік түрі жөнінде ғалымдардың көзқарасында бірізділік байқалмай келген.

Ғылыми әрекет барысында адам екі үлкен мақсат қояды:

- 1) жаңа білімге ие болып, жаңалық ашу;
- 2) осы білімді қоғамға жария ету.

Ғылыми стильдің жазба стильге жататыны белгілі. Біріншіден, жазба нұсқа ақпаратты ұзақ мерзім сақтайды, бұл ғылым үшін маңызды фактор болып табылады және ғылым осыны талап етеді. Екіншіден, жазба нұсқа ақпараттағы дәлсіздік пен логикалық ауытқуларды бірден анықтауға мүмкіндік береді (ауызекі сөйлеу тілінде бұл өзекті болмаса, ғылым тілінде мұндай ауытқулар үлкен қателіктерге әкеліп соғуы мүмкін). Үшіншіден, ғылыми ақпараттың жазба түрі үнемді, адресатқа қабылдаудың өзіндік темпін орнатуға мүмкіндік туғызады (ғылыми баяндама ауызша кемінде 40 минутта жеткізілсе, осы салада маманданған адресат жазбаша үлгісін 5-10 минутта оқып шыға алады). Төртіншіден, жазбаша үлгідегі ақпаратты бірнеше рет оқып шығуға болады.

Қазақ әдеби тілі функционалдық стильдерінің қатарында, өз алдына сараланған, нақты стильдік белгілері бар, беделді стильдік тармақ ретінде аталып жүргенімен, қазақ лингвистикасында ғылыми стиль терең зерттелмеген деп айтуға болады. Бұл жағдайдың ең басты экстралингвистикалық объективті себебі – ғылым тілінің ұзақ уақыт бойында орыс тілінің негізінде жасалып қалыптасқандығына байланысты. Нақтырақ айтқанда, ғылыми еңбектердің көпшілігі, біріншіден, аударма ретінде жасалды. Екіншіден, қазақ тілінде жасалған ғылыми еңбектердің өзінде интернационалдық терминдердің сандық және сапалық құрамы өте жоғары болды. Аударма арқылы жасалған ғылыми еңбектерде сөзбе-сөз аударылған, таптаурын түріндегі лексикалық және синтаксистік құрылымдардың дәрежесі жоғары болды.

Функционалдық стильдердің тармақтарын зерттеушілер көрсетілген өзге тілдің ықпалынан болған үдерістің қазақ әдеби тілі үшін жағымды (пайдалы) және жағымсыз (тиімсіз) жақтары болғанын ішінара атап өтеді. Сондықтан ғылым тілінің аударылуынан болған осындай тілдік құбылыстар өз алдына жеке зерттеуді қажет етеді.

Сонымен, қазақ әдеби тілі функционалдық стильдерінің қатарында бар ғылыми стиль өзіне тән стильдік белгілерге ие.

Қазіргі кезеңде қазақ әдеби тілінің функционалдық стильдер құрамындағы ғылыми стильге жататын мәтін үлгілері сандық және сапалық жағынан өте күрделі. Бірақ еңбектерде,

зерттеулерде олардың кейбірі ғана аталып өтеді, нақты түрде жинақталып, жанрлық ерекшеліктеріне қарай топтастырылып көрсетілмейді.

Бақылау сұрақтары:

1. Ғылыми стильдің шағын түрлерін атаңыз.
2. Ғылыми стиль мәдениеті дегенді түсіндіріңіз.
3. Ғылыми стильдің морфологиялық және синтаксистік ерекшеліктеріне не жатады?
4. Ғылыми стильде терминдердің қолданылу ерекшеліктерін көрсетіңіз.

ПУБЛИЦИСТИКАЛЫҚ СТИЛЬ

1. Публицистикалық стиль, оның қолданыс аймағы мен қызметі

2. Публицистикалық стильдің белгілері, оның қалыптасуына ауызекі сөйлеу және көркем әдебиет стильдерінің әсері

3. Публицистикалық стильдің жанрлық көптүрлілігі, тілдік белгілері Осы стильдегі иешендік шеберлік, оған қойылатын талаптар

Публицистикалық стиль – (бұқаралық ақпарат құралдарының тілі) функциональды стильдердің бірі. Публицистикалық стиль қоғамдық өмірдің алуан саласында, саяси, мәдени-экономикалық, қарым-қатынастарды көрсетуге қызмет етеді. Публицистикалық стильдің екінші бір ерекшелігі – ұлттық әдеби тілдің толығына зор ықпал етеді, әрі әдеби тілдің лексикалық, грамматикалық жүйелеріндегі даму ерекшеліктерін көрсете алады.

Публицистикалық стиль – газет, журнал, радио, теледидар, документальді фильм, публицистикалық стильдің тақырыптық диапазоны өте кең: саясат, идеология, философия, экономика, мәдениет, күнделікті тұрмыс-тіршіліктің проблемаларды, қазіргі уақыттың кезектегі міндеттері, ағымдағы саясат мәселелері,

әлемдегі, қоғамдағы жаңалықтар мен өзгерістер (публицистиканы “қазіргі кезең жылнамалары” деп бекер айтпайды).

Публицистикалық стильдің негізгі мақсаты – өмірдегі оқиғалар мен фактілерді бағалау, философиялы-дүниетанымды көзқарас тұрғысынан пайымдау мен түйін жасау болып табылады.

Публицистикалық стиль тілдің екі қызметін атқарады, бірі – хабар беру, екіншісі – ықпал ету. Публицистика латын тілінен аударғанда “көпшілік, әлеумет” деген мағына береді. Публицистикалық стиль – қоғамдық-саяси, үгіт-насихаттық әдебиетте, бұқаралық ақпарат құралдарында қолданылатын әдеби тілдің функционалдық стильдерінің бірі. Публицистикалық стиль дегеніміз – көпшілікке арналған қоғамдық-саяси, әлеуметтік, экономикалық тақырыптарға арналған газет-журнал беттеріндегі журналистика жанрларында (очерк, бас мақала, мақала, ақпарат хабар, халықаралық шолу, деректі әңгіме және т.б.) жазылған жарияланымдар. Публицистикалық стильдегі жарияланымдардың мазмұны қоғам, адам өмірінің түрлі жағдайларын үгіттеу-насихаттау сипатында болып, тілдегі әсерлі, сезімдік және бейнелі сөздерді қолдану басым болады да, баяндалған мәселелер нақты фактілер мен құжаттарға негізделеді. Публицистикалық стильдің алғашқы белгілері оны ресми стильге жақындатса, соңғы белгісі оның ғылыми стильге жақын екенін көрсетеді.

Публицистикалық стильге қойылатын талап – қандай тақырыпқа жазылса да, логикалық жағынан дәлелді, көңілге қонымды болу. Ол – тілдік құралдарды қолдана білуден байқалады. Публицистика өзінің тақырыбына сай сөздер мен сөз тіркестерін сұрыптап қолданады, қажетті синтаксистік құрылысты пайдалану арқылы мәтін жасалады.

Публицистикалық стиль басқа стильдерден бейнелілігімен, баяндаудың шешендігімен, жағымды және жағымсыз мағынадағы мәнерлілігімен ерекшелінеді. Публицистикалық стильде көркем сөз тәсілдерінің барлығы, сондай-ақ тұрақты сөз тіркестері, мақал мен мәтелдер, афоризмдер және тілдің көркемдегіш тәсілдері, әсіресе риторикалық сұраулар, стилистикалық сөз қайталаулар да мол қолданылады.

Публицистикалық стильдің ауызша түрі – шешендік сөз өнері. "Өнер алды – қызыл тіл" деп білген қазақ халқының би-шешендер мен ақындарының шығармашылығында шешендік өнердің үлгілері жетерлік.

Қазақ әдеби тілінде қоғамдық-публицистикалық стильдің тууы мерзімді баспасөздің пайда болуымен тікелей байланысты. Қазақ баспасөзінің алғашқы қарлығаштары – "Түркістан уәләятының газеті" /1870-1888/ мен «Дала уәләятының газеті» /1888-1902/. Бұларға қоса "Торғай газеті", "Ауыл шаруашылық листогі" және облыстық ведомостылар /мысалы, "Торғай облыстық ведомостылары"/ сияқты патша үкіметінің жергілікті әкімшіліктерінің ресми органдарында да қазақша материалдар /көпшілігі ресми құжаттардың аудармалары/ басылып тұрған. Қазақ публицистикасы араб графикасымен жарық көрді. Публицистикалық стиль – қазақ әдеби тіліндегі проза жанрының алғашқы үлгілерінің бірі.

Публицистикалық стиль – қазақ әдеби тілі функционалдық стильдерінің қатарында тереңірек зерттелген салаларының бірі. Бұл саланың тарихы, қалыптасуы, жалпы алғанда, диахронды жай-күйі туралы еңбектер (Қ.Жұбанов, М.Балақаев, Б.Әбілқасымов, С.Исаев, І.Кеңесбаев, Е.Жанпейісов, Х.Бекхожин, Н.Қарашева, Ш.Мажитаева, Б.Момынова), әдеби нормалар мен тіл мәдениетіне қатысы, әдеби тілдің лексикалық құрамының толығына ықпалы, тілдік құрамы (Р.Сыздық, Ә.Қайдаров, Р.Барлыбаев, Ө.Айтбаев, Б.Шалабай, А.Алдашева, С.Әлісжанов) туралы, сондай-ақ жаңа кезеңдегі публицистикалық стиль жанрларын прагматика, экспрессивті синтаксис, функционалдық стилистика, салыстырмалы тіл білімі (З.Ахметжанова, Ф.Жақсыбаева, Д.Әлкебаева және т.б.) аспектілерінде қарастырған еңбектер бар.

Академик Р.Сыздықтың пікірі бойынша, қазақ публицистикалық стилі (газет-журналдар тілі) 1960 жылдардың орта тұсының өзінде-ақ қазақ әдеби тілінің лексикалық, грамматикалық құрамының өзгеруі мен толығына елеулі әсер еткен және осы факторларды танытатын, сонымен қатар басқа стильдік тармақтардың тіліне де елеулі әсер ететін, жалпы алғанда, қалың жұрттың сөйлеуі мен жазуына ықпал жасайтын

айрықша беделді доминант стильдік тармақ ретінде қалыптасты [19, 9].

Зерттеулердегі тұжырымдарға сүйенсек, публицистикалық стильдің басты міндеттеріне: а) ақпаратты жеткізу функциясы; ә) әсер ету функциясы жатады.

Белгілі ғалым А.Алдашева қазіргі баспасөз тілінің жанрлық-стильдік ерекшеліктерін сөз еткенде: «Бір стильдік элементтердің екінші стильге ауысуын, әсер етуін ғылымда стиларалық диффузия деп атайтыны белгілі. Қазақ баспасөзінде осындай стиларалық диффузия құбылысы байқалып отыр. Бұлай болуының бірнеше себептері бар:

Біріншісі – қазіргі баспасөзде ақпараттық қызметтен гөрі экспрессивтік ықпал ету қызметінің рөлі басым, күштірек. Бұл жағдайда өз кезегінде қазіргі қоғам дамуындағы саяси-әлеуметтік бетбұрыс ықпалы бар. Нарықтық қоғамның басты ерекшелігі – бәсекелестікті дамыту, осы фактордың баспасөзге қатысы бар. Басқаша айтқанда, бұқаралық ақпарат құралдары оқырманның тыңдаушының белгілі бір әсерін туғызу, сол арқылы бұқаралық ақпарат құралдарына мүдделілігін (интерес) арттыру үшін ақпарат берумен қатар, қалайда ықпал ету, өзіне тарту қызметіне көңіл бөлуде.

Екіншіден, баспасөздің жанрлық-стильдік ерекшеліктерінің өзгеруіне ұлттық ой-санасы әсер етуде. Үшінші себебі – баспасөз журналистерінің тілінде еркіндік пайда болуы дейді [7, 53].

Көрнекті ғалым Б.Момынова былай дейді: «Публицистикалық стильге келсек, оны жеке стиль ретінде тану қажеттілігі өзіндік функциясынан, қызметінен туындайды. Публицистиканың ең басты қызметі – хабар, ақпарат жеткізу, тарату, үгіт-насихат жүргізу. Осы орайда ол тек таза ресми не көркем тілмен сөйлесе, мақсатына толық жете алмайтыны ақиқат. Оқырманды еліктіру, үгіттеу, бір мақсат, бір бағытқа жұмылдыруда экспрессия элементтері пайдаланылса, кейде ғылыми тілмен арнайы лексикамен сөйлеу қажеттілігі туындайды. Сондықтан санамаланған қасиеттің бәрі де өз бойынан табылатын публицистикалық стильді жеке функционалдық стиль ретінде тану қажет» [36, 52].

XX ғасырдың 70-жылдарынан бастап зерттелген публицистикалық стиль проблемасында ақпаратты жеткізу функциясы бірінше орынға қойылады. Бұл сол кезеңге тән заңды сипат деп есептейміз. Өйткені сол кезеңдерде мерзімді баспасөз тілі саяси идеологияның пәрменді құралы болды да, барлық тілдік құралдар ақпаратты стандартты түрде жеткізуге бағытталды. Әсер ету функциясы да жүріп отырды, бірақ екінші қатарда болды, тіпті кейбір ғалымдар әсер ету функциясын есепке алмады. Қазіргі кезеңде қоғамдық-әлеуметтік өзгерістерге байланысты мерзімді баспасөз тілінің (публицистикалық стиль үлгілерінің) функцияларының дәрежесі өзгерді: алдыңғы қатарға әсер ету функциясы шықты немесе ақпарат беру және әсер ету функциялары тең қатарда.

Қазақ мерзімді баспасөзінің тілі мен стилі стандартты болды. Р.Барлыбаевтың көрсетуінше, XX ғасырдың 60-жылдарындағы қазақ газеттері тілінің негізгі құрамы қоғамдық-саяси лексика болып табылады [37, 12]. Демек, көрсетілген дәуірде қоғамдық-саяси лексика газет тілінің негізі болып саналғанын көреміз.

Қазіргі кезеңдегі қазақ баспасөзінде жағымды бағалауыш, жағымсыз бағалауыш, модаль бағалауыш лексика қоғамдық-саяси лексикаға қарағанда басым болып келеді. Ғалым Б.Момынованың пікірінше, қазіргі баспасөзде «элита лексикасы», «көсемсөздер лексикасы» деген қабаттар бар. Баспасөз тілінде осындай жаңа лексикалық қабаттың болуы біз жоғарыда атап көрсеткен әсер ету функциясы дәрежесінің жоғарылай түскендігіне байланысты [36, 19].

Қазақ лингвистикасында бүгінгі таңда газеттік публицистикалық стильдің және оның жанрларының жүйелі тілдік құрылымын (лексикасы мен синтаксистік құрылымды) қазіргі заманғы қоғамдық саяси өзгерістерге, тілге ықпал етіп отырған экстралингвистикалық факторларға сәйкес тыңнан зерттеу қажет. Өйткені қазіргі кезеңде қазақ тіліндегі газеттердің мақсаттары мен міндеттері өзгерді, оқырман ақпарат алудан гөрі (өйткені ол ақпаратты бұрыннан біледі) осы ақпарат туралы газеттің пікірін, дәлелдемелерін білгісі келеді. Осы талапқа сәйкес, қазіргі кездегі қазақ газеттерінің тілінде жағымды бағалауыш лексика, жағымсыз бағалауыш лексика

(Г.Солганиктің терминдерімен айтқанда), ауызекі сөйлеу тілі, көркем әдебиет тілі элементтері қиюластыра қолданылады.

Қазіргі қазақ газеттерінің тілінде ойды қарқынды жеткізу, ойды ықшам жеткізу, ақпараттың ақиқат екендігін дәлелдеу, сипаттама беру сияқты белгілер бар. Кейбір газет-журнал үлгілерінде ауызекі сөйлеу тіліне қарай бет бұру (стилизация под разговорную речь) бағыты да байқалады.

Осы тұрғыдан қарағанда, қазіргі қазақ газеттерінің тілі ғылыми-көпшілік стильдің тілімен ұштасады. Сондықтан ғылыми-көпшілік мазмұндағы мәтіндерде ақпаратты дәлелдеу, оқырманға қарқынды түрде жеткізу үшін публицистикалық стильдің элементтері де кеңінен қолданылады.

Ғылыми-көпшілік стильде публицистикалық стильге тән тілдік құралдар мен композициялық құрылымдар белгілі бір жиілікте жұмсалады. Осындай құралдардың қолданылуы жағынан ғылыми-көпшілік стиль публицистикалық стильге жақын, тіпті кей жағдайда ол публицистикалық стильдің бір тармағы ретінде қабылдануы да мүмкін, бірақ, шын мәнінде, публицистикалық стиль мен ғылыми-көпшілік стиль өз алдына жеке дербес стильдік тармақтар. Оған дәлел: публицистикалық стильдің тілі арқылы белгілі бір ғылыми фактіні ақиқатқа негізделген теорияларды дәлелдеу талап етілмейді; ал керісінше, ғылыми-көпшілік стильде қолданылатын тілдік құралдар ғылыми-техникалық прогреске қатысты фактілер мен материалдарды дәлелдеуге бағындырылады. Публицистикалық стиль материалдары оқырманды сендіруге тырысады, ал ғылыми-көпшілік стильдің тілдік құралдары белгілі бір құбылыс, ұғым, туралы ғылыми түсінікті (ол анықталған немесе алдағы уақытта анықталатын болуы мүмкін) таратып беруді мақсат етеді.

Зерттеушілер публицистикалық стильді бірнеше шағын стильдерге (подстиль) бөледі: 1) үгіттік публицистикалық шағын стиль; 2) саяси-идеологиялық публицистикалық шағын стиль; 3) саяси-бұқаралық публицистикалық шағын стиль.

Публицистикалық шығармалар сол тілде сөйлейтін адамдардың жас ерекшеліктеріне, білім дәрежесіне, наным-сенімдеріне қарамастан, сол қоғам мүшелерінің барлығына ортақ болып келеді.

Публицистикалық стильдің жанрларға бөлінуіне байланысты лексика-грамматикалық құрылымында айырмашылықтар болады. Деректеме, хабарлама жанрында жазылған деректемелер, интервью, рецензиялар, аналитикалық жанрларға мақала, көркем-публицистикалық жанрға очерк, фелетон, репортаж, эссе жатады.

Публицистикалық стильде қазақтың ұлттық әдеби тілінің өзіндік орны бар деп саналады. Стилистикалық құрылысында ұлттық әдеби тілдің дамуына, баю, толығу үрдісінде ол кейде көркем әдебиет стилінен де озық тұрады. Көптеген жаңа сөз, сөз тіркестерінің қолданысқа түсіп, әдеби тілден берік орын алуы, публицистикалық стильдің ұлттық әдеби тілдің дамуына кері ықпал ететін тілдік элементтер бар екені де зерттеушілер тарапынан айтылып жүр. Бұл публицистикалық стильдің стильдік нормасына кері әсерін тигізеді.

Стильдің бұл түрі қоғамдық саясат негізінде жазылған шығармаларға байланысты. Екінші сөзбен айтқанда, қоғам өмірі үшін маңызды мәселелерді талқылау деген ұғымда жұмсалады. Үшінші түрі – саяси үгіт, партиялық документтер, меншікті публицистика, яғни памфлеттер немесе біреуге қарсы жазылған өткір мақала, очерктер. Онда қоғамдық-саяси мәселе ауызша, жазбаша түрде қарастырылады. Сонда жоғарыда аталған очерк, газет, журналдардан басқа радио, телехабарлар да публицистикалық стильге жатады.

Публицистикалық стильді арнайы зерттеген О.Бүркітовтің көрсетуінше, публицистикалық шығармалар тілінің мынандай негізгі ерекшеліктері болады: 1) берілген материалдың деректілігі мен ресми деректермен сәйкестігі; 2) берілген материалдың қалың көпшілікке түсініктілігі; 3) берілген материалдың оқырманға әсерлілігі. Публицистикалық стильдің хабарлау және ықпал ету қызметтері басқа функционалдық стиль түрлерінде де кездесіп отырады. Мысалы, ықпал ету функциясы публицистикалық стильге де, көркем әдебиет стиліне де тән. Бұл тұрғыдан мұндай белгілер оларды әрі біріктіреді, әрі оқшаулайды. Біріктіретін белгі жазушы да, журналист те өзінің шығармалары арқылы оқырман санасына әсер етуге ұмтылады. Ал оқшаулайтын белгі – туындыгердің оқиғаға өз көзқарасы. Туындыгер публицистің көзқарасы ашық, бірден беріледі де,

жазушы көзқарасы көркем шығарманың композициялық құрылысынан кейін пайда болады. Яғни публицистикалық стильде ашық субъективтілік басым келеді. Мұның өзі журналист пен оқырман арасында үнемі байланыс орнауына негіз жасайды. Бұл байланыс әсер етудің негізгі жолы болып саналады [38, 15].

Хабарды жеткізуде де публицистикалық стиль көркем әдебиет стиліне ұқсамайды. Көркем шығармадағы оқиға қаламгердің шығармашылық әлемінен сұрыпталып өтсе, публицистикалық шығармаларда деректер документальды беріледі. Қалың бұқарамен байланысты болғандықтан, публицистикалық стиль ауызша сөз стиліне жақын. Публицистикалық стиль – белгілі бір нысаны, орны, функциясы, мазмұны, құрылымы мен пішіні бар, белгілі бір жанрлар жүйесі және қоғам мүшелеріне әсер ету тәсілдері бар тұтас шығарманың түрі.

Публицистикалық стиль – әдеби тілдің функционалдық стильдерінің ішіндегі ең күрделісі. Оның күрделілігі шағын стильдердің көптігінде және жанрларының әртектілігінде. Публицистикалық стиль газет стилі, лозунг стилі, радио тілі, теледидар тілі, сөйлеуші шешен стилі, публицистикалық әдебиет тілі сияқты шағын стильдерге бөлінеді. Алайда осы шағын стильдер арасындағы ең негізгісі, публицистикалық стильдің барлық ерекшеліктері мен белгілерін өз бойына сақтайтыны – газет стилі. Кейде публицистикалық стильді газет-публицистика стилі деп беру де газет тілінің жоғарыдағы белгілеріне байланысты. Сондықтан публицистикалық стильдің өзіндік ерекшеліктері мен белгілерін, интонациялық құрылымын анықтауда баспасөз материалдарын пайдаландық. Публицистикалық стильге тән басты ерекшеліктер: берілген материалдың өзектілігі және ресми деректермен сәйкестігі; берілген материалдың қалың көпшілікке түсініктілігі; берілген материалдың оқырманға әсерлілігі.

Публицистикалық стильде авторлық баяндаудың үш түрі кездеседі: оқиғаның I жақтың жекеше түрінде баяндалуы; I жақтың көпше түрінде баяндалуы және автордың II жақтан баяндауы. Осы баяндаудың әрқайсысы публицистикалық стильде үлкен стилистикалық қызмет атқарып, оның жанрлық

ерекшеліктеріне сәйкес қолданылады. Публицистикалық стиль әдеби тілдің нормалық жүйесіне қатысы жағынан да ерекшеленеді. Бұл стильде әдеби нормадан ауытқу жиі кездеседі. Стильдің әдеби тілдің нормасына қарым-қатынасы екі жақты: 1. Стиль қалың бұқара тілінің нормалануына әсерін тигізеді; 2. Бұл стиль арқылы әдеби тілімізде жаңа стилистикалық нормалар қалыптасады.

Публицистикалық стиль әдеби тілдің функционалдық стильдерімен тығыз қарым-қатынаста келеді. Әдеби тілдің функционалдық стильдерінің тығыз байланысты болуы олардың саралануының кейіннен пайда болған құбылыс екендігін растайды. Бұл байланыс бір функционалдық стильге тән амал-тәсілдердің екінші бір стильде қолданылуынан, бір функционалдық стильдің екіншісіне әсер етуінен, соның нәтижесінде әдеби тілдің функционалдық стильдер жүйесінің дамуынан байқалады. Бір стильге тән тілдік ерекшеліктердің екінші стильге ауысып, өнімді қолданылуы стиларалық диффузия деп аталады.

Соңғы кездегі көркем әдебиет стиліне публицистикалық стильдің дәстүрін қолданып жазылған шығармалардың бар екендігі анықталып отыр. Бұл құбылысты Р.Сыздықова публицистизм құбылысы деп таниды. Публицистикалық стильде бірізділік күшті болады, терминдерді, сөз тіркестерін жұмсауда, сөйлемдерді құрастыруда әдеби тілге және өзіне тән дәстүрлі қалыптасқан нормаларды қатал сақтайды; баспасөз беттерінде метафоралық қолданыстар болады.

Публицистикалық стиль қазақ тілі мәдениеті мен лингвостилистикасының ең бір үлкен бөлшегіне қызмет етеді. Ол қоғамдық ортаға стилистикалық бағалау категориясы арқылы белгілі сөз бен сөйлемдердің жиынтығын құрайды. Газет тіліндегі стилистикалық категориялар ұстанымы публицистикалық стильдің сөздік қорының лексикасын құрайды. Бұрынғы сөздік қордан шыққан сөздер немесе, керісінше, публицистикалық стильдің негізгі сөздігі болған сөздер қайта айналысқа түсіп, өзінің стильдік бояу, стильдік мағына, стильдік мәнін де өзгертеді.

Зерттеушілер публицистикалық стильде сауатты, мәдениетті сөйлей алмаудың өзіндік себептері жоқ емес дегенді

айтады: біріншіден, қазақ тілінде көпшілік ортасында және ресми ортада сөйлеудің қажетті болмауынан, екіншіден, орфоэпиялық нормаларды сақтамаудан, ойдың логикалық желісін сақтамаудан, үшіншіден, ұлттық ойлау жүйесін жоғалту үстінде екенін де жасыруға болмайды, төртіншіден, сөздерді бір-бірімен үйлестіріп, сөйлемдерді дұрыс құрамау сияқты толып жатқан кемшіліктердің болатынын ашып айту қажеттілігі туындап отыр.

Бақылау сұрақтары:

1. Публицистикалық стильдің жазбаша және ауызша түрлерін атаңыз.
2. Шешендік сөз мәдениеті. Шешендік сөздің тектері мен түрлеріне не жатады?
3. Публицистикалық стильдің лингвистикалық және экстралингвистикалық белгілері дегеніміз не?
4. Публицистикалық стильдің шағын түрлерін атаңыз.
5. Фразеологиялық синонимдер мен варианттар.
6. Публицистикалық стильдің морфологиялық және синтаксистік ерекшеліктеріне не жатады?

КӨРКЕМ ӘДЕБИЕТ ТІЛІ

1. *Көркем әдебиет тілінің өзіндік ерекшелігі*
2. *Көркем әдебиет тілінің әдеби тілдің функционалдық стильдері жүйесіндегі орны, ол туралы көзқарастар*
3. *Көркем әдебиет стилистикасы мен тіл стилистикасы*

Белгілі бір ұлт тілінде көркем әдебиеттің алатын орны ерекше. Көркем әдебиет халық тілінің қалыптасып, дамуында аса зор қызмет атқарады. Қазақ тілінің бүгінгі дәрежеге жетуіне көркем сөз шеберлерінің елеулі рөл атқарғанын ешкім теріске шығара алмайды. Оның эстетикалық қызметі, бір жағынан, көркем әдебиет тілінің даралығын көрсетсе, екінші жағынан, сол стильдер жүйесінде жетекші орынға ие екендігін дәлелдейді. Тіл байлығының өзі-ақ, зерттеушілердің айтуынша, көркем шығарма стилінің бірден-бір айырмашылығын танытады. Академик

Л.В.Щерба көркем әдебиетте жарыспалы тілдік құралдардың барынша мол болатындығын ескере келіп, жарыспалы тілдік құралдар әдеби тіл басын біріктіретін ауызекі сөйлеу тілінің, әлеуметтік тілдің, тіпті географиялық диалектілердің өмірдің сан алуан түрлерін суреттеу үшін қажеттігін ескерткен болатын.

Көркем әдебиет стилі адам мен қоғамның және табиғаттың тіршілігін көркем сөз негізінде ой мен сезімді көркем кейіпкер, образдар арқылы бейнелейді. Соған лайықты сөздер, сөз тіркесі және синтаксистік оралымдар пайдаланылады. Көркем әдебиет стиліне көркем әдебиеттің поэзиялық, прозалық және драмалық жанрларының барлығы жатады. Бұл стильге қатысты жазбалардың қамтитын тақырыптары мен көлемі алуан түрлі болып келеді де, көркемдегіш құралдардың, әдіс-тәсілдердің барлығы да қолданылады. Сөз арқылы автор көркем образ жасайды, баяндайды, суреттейді. Сондықтан көркем шығарма тілі экспрессивті, эмоционалды және образды болып келеді. Көркем әдебиет стилі басқа стильдерде кездесетін сөздер мен формаларды өзгеше құбылтып, өз мақсатына лайықты қолданады. Көркем шығармада сөздерді түрлі ауыс мағынада қолдану жиі ұшырасады. Көркем әдебиет стилінің көркемдегіш құралдарын – градация, перифраз, қайталау, инверсия, антитеза, т.б. – еркін пайдаланады. Кәсіби сөздер, архаизм, историзмдер қолданылады, олар кейде кейіпкердің ерекшеліктерін, ортасын, білімін, мінезін, т.б. жайын аша түседі.

Көркем әдебиет стилі – ұлттық қалыптасу дәуіріндегі қазақ әдеби тілінің ең қарымды саласы. Ол жазба әдеби тілдің халықтық негізде /бұрыннан келе жатқан ауызша әдеби тіл мен халықтық сөйлеу тілі негізінде/ қалыптасып дамуында шешуші рөл атқарды.

Ұлт тілінде көркем әдебиет тілінің алатын орны ерекше. Көркем әдебиет тілінде сол ұлт тілінің барлық байлығы еркін қолданылады. Көркем әдебиет стиліндегі шығармаларды тарихи шығармалар, эпопея, романдар, фантастикалық шығармалар, сатиралық туындылар, эсселер деген бөлініске бөлудің өзі стильдің көркемдік жағын тануда күрделі талдауды қажет ететіндігін танытады.

Қазақ тіл білімінде көркем әдебиет стилистикасы мен көркем шығарманың тілі туралы алғашқы ғылыми-теориялық

тұжырым айтқан ғалымдардың бірі – М.Балақаев екені белгілі. Ғалым: «Жеке жазушының тіл өрнегінің толып жатқан бояу-бедері, өзіндік өсу, жетілу жолдары болады. Көркем әдебиет тілінің нәзіктігі көп жағдайда жазушының белгілі бір сөздері «мағыналық топқа кіру», яғни сөздерді өзара мағыналық байланысқа түсіру шеберлігімен байланысты», – деп жазады [39, 14].

А.А.Ветров, В.В.Литвинов, Н.М.Шанский, Б.Г.Бобылев, Л.В.Щерба, Б.В.Томашевский, Р.А.Будагов, А.И.Ефимов, М.Н.Кожина т.б. ғалымдар өз еңбектерінде көркем әдебиет тілінің әр саласын зерттеген. Аталған ғалымдардың еңбектерінің құндылығы – әр қаламгер тіліне тоқтала отырып, сол халықтың әдеби тіліне қосқан үлесі, тілдің түрлі мағыналық сипатын ашудағы лексика-семантикалық, грамматика-морфологиялық мәселелерін қарастырған.

Қазақ әдеби тілі тарихын танытатын еңбектер мен зерттеулер өткен ғасырдың елуінші жылдарынан бастап жазыла бастады. Алғаш А.Байтұрсынов, М.Әуезов, С.Аманжолов, Н.Сауранбаев, І.Кенесбаев, М.Балақаевтардың еңбектерінен басталатын көркем әдебиет тілін зерттеу – бүгінде теориялық негізі қаланып, мазмұны жағынан кеңейіп дамып, нысаны мен мақсат-міндеттері, ұстанымдары мен әдіс-тәсілдері айқындалып, іргесі кеңейіп толығып келе жатқан жаңа сала.

Жекелеген ақын-жазушылардың әдеби тілді қаншалықты байыта түскенін сөз қолданудағы көркемдік, шеберлік қырларын, көркем шығарма тілін зерттеудің мәселелерін қарастырған Р.Сыздық, Б.Шалабай, Е.Жанпейісов, С.Исаев, М.Серғалиев, Ғ.Қалиев т.б. ғалымдар еңбектері қазақ лингвостилистикасының ғылым саласы ретінде қалыптасуына үлес қосты. Көркем әдебиет тілін зерттеуге қомақты үлес қосып, осы саланың қалыптасуына ықпал еткен ғалымдардың бірі – Р.Сыздық. Зерттеуші Абай тілінің лексикасы мен грамматикасын жан-жақты талдай келе, көркем шығарма тілінің жеке ғылым саласы бола алатынын толық дәлелдеді.

Соңғы жылдары тіл білімінде көркем шығарма тілін зерттеуге көп көңіл бөлініп отыр. Осы мәселені арнайы зерттеу нысаны етіп алған Б.Шалабай докторлық диссертациясы арқылы көркем әдебиет тілін зерттеудің ғылыми-теориялық негізін

анықтады. Ғалым еңбегінің тағы бір жаңалығы – көркем шығармадағы «автор бейнесі» ұғымын мазмұн, құрылым түрлері жағынан айқындай отырып, қазақ лингвостилистикасындағы ғылыми айналымға ендіруі болды.

Ғалым Р.Сыздық әр қаламгердің идиостилін дербес зерттеу арқылы лингвистикалық талдаудың дамуына өзіндік үлес қосып, оның даму бағыттарын айқындауға болады деген пікір білдірді. Осы орайда көркем әдебиеттің ерекшеліктері мен сөз шеберлігін қарастырған: М.Жақыпбековтің, Г.Қосымованың, Г.Боранбаеваның, Б.Манасбаевтың, М.Серғалиевтің, Х.Кәрімовтің, Д.Әлкебаеваның, Р.Досжанованың, Г.Кәріпжанованың, Қ.Есенованың, Ж.Қоңыратбаеваның, С.Ғұбайдуллиннің, З.Османованың т.б. ғалымдардың зерттеулері жеке ақын-жазушылардың идиостиліне арналған зерттеу деп тануға болады. Аталған еңбектерде көркем шығарма тілін зерттеуде басты нысан етіп екі мәселе алынған. Олар: біріншісі – әдеби тілдің даму барысындағы көркем туындының орнын айқындау; екіншісі – жеке ақын-жазушылардың сөз қолдану мәнерін, жеке стилін зерттеу.

Көркем әдебиет тілінің де, әдеби тілдің де негізгі материалы – халық тілі, халық тілі байлығының барлық қат-қабаты. Бірақ оны пайдалануда айырмашылықтар бар. Себебі функционалдық стильдердің кез келгенінің өзіне тән белгілері бар. Бір жағынан бұл айырмашылық функционалды стильдің әрқайсысының мазмұн-мақсатына байланысты.

Кез келген көркем әдебиет стилі бұрынғы дәуірлердегі теңеу, метафора, эпитеттің жаңа түрлерін ұсына отырып, оларды қолдану мен жасау техникасын толықтырады. Суреткер адам болмысының табиғи әлемінің тылсым дүниесіне терең үңіліп, осы екі аралық кеңістіктегі құбылыс, әрекеттің терең болмысын, оның бар ақиқат шындығын оқырманға жеткізеді. Көркем әдебиет стилі ұлттық әдеби тіл қазынасынан алынады. Көркем шығарма суреткер зертханасында пісіп жетіледі, көркем әдебиет стилі ұлттық көркем әдебиет нормаларының мәнерлі көркемдік, эстетикалық күш-қуатын толық көрсете білуге негізделеді.

Көркем әдебиет стилінде тілдің барлық стилистикалық ресурстары пайдаланылады, оған тән басты белгілер болып аса бейнелі тілдік бірліктер қазынасы көрінеді: метафора;

фразеологиялық тіркестер; синонимдік қатардың көптігі; тура мағынадағы сөздің ауыспалы мағынаға ауысу қабілетінің күштілігі; сөз, сөз тіркестерінің семантикалық стильдік қызметінің шексіздігі. Көркем әдебиет стилінің ерекшелігі эстетикалық қызметте жұмсалыуында; жазушы образды, ұтымды сөздерді, фразалар мен мақал-мәтелдерді халық тілінен, фольклордан алып пайдаланумен қатар, өздері де жаңаларын жасайды, өзге стильдердің элементтерін жұмсайды, диалектизм, архаизм, кәсіби сөз, жаргондарды пайдаланады; көркем әдебиетте әдеби нормадан жөнді-жөнсіз ауытқуларға көп ұшырайды, сондықтан басқа стильдер тіліне өнеге-үлгі бола бермейді деп қорытады зерттеушілер. Көркем әдебиет стилінің аясы кең, мұнда барлық стильдердің элементтері қолданылады.

Көркем әдебиет стилінің өзге мақсаттық стильдерге қарағанда олардан өзгешеленетін тұстары бар екендігі байқалады, олар: 1) мұнда экспрессивті, әсерлі суреттеме бояуы, бағалауыш сипаты күшті элементтердің жиірек қолданылатындығы; 2) сондай-ақ көркем әдебиетте қарапайым сөздер мен көне сөздердің, әдеби нормадан тысқары тұратын диалектизм, варваризм, дөрекі сөз, макаронизм сияқты сөздердің стильдік мақсатта еркін қолданыла беретіндігі; 3) ғылыми терминдер мен тілдік трафареттердің қолданылмайтындығы, қолданыла қалған күнде олардың белгілі бір стильдік жүкпен, мысалы, кейіпкер тілінде кездесетіндігі.

Проза жанрында көркем әдебиет өз ішінен бірнеше жанрлық, тақырыптық түрге, тарихи шығарма, философиялық эсселер, тұрмыстық оқиғаларды баяндайтын әңгіме, новелла, романдар, фантастикалық шығармалар, сатиралық туындылар т.т. болып бөлінетіндігіне қарай, олардың әрқайсысының ерекше өз белгілері болатыны белгілі. Тек көркем әдебиет емес, ғылыми әдебиетте таза ғылыми, яғни белгілі бір ғылым саласының мамандарына арналған және ғылыми-көпшілік, яғни қалың оқырман қауымына ұсынылған болып ажыратылады.

Көркем әдебиет стилін зеттеуде орыс тілі ғылымында тіл білімінің мәселелері қатарында 1) көркем әдебиет тілінің өзге функционалдық стильдермен өзара байланысын таныту; 2) тіл құралдарын эстетикалық қызметте жұмсау принциптерін

анықтау; 3) жеке ақын-жазушылардың ұлттық әдеби тіл тарихындағы рөлін зерттеу мәселелерін таниды.

Сонымен, көркем әдебиет стилі табиғатына қатысты зерттеу жұмыстарын шолғанда, стильдің төмендегідей стильдік белгілерін ажыратуға болады:

Стиль ажыратушы факторларға: Саласы: өнер, мәдени-эстетикалық сала.

Функциясы: әсер ету функциясы ең басты болып табылады. Ол көркем стильде эстетикалық функция болады. Міндеттері: өмірді образдар арқылы таныту, шындыққа эстетикалық қатынасты қалыптастыру. Адресант: ерекше типтегі дарынды тұлға. Адресат: оқырман, мәтін мазмұнын, шығарманың идеясын қабылдауға қабілетті келеді.

Көркем мәтінде стандартты құрылымдар болмайды. Жанр мен мәтін түрлерінің көп түрлілігі тән. Әдебиеттің үш тегі бар: эпос, лирика, драма. Олар келесі түрлерге бөлінеді: эпос – героикалық, тарихи, лирикалық; лирика – саяси, азаматтық, махаббат, сатиралық, драма – халықтық, тарихи, тұрмыстық.

Жанрлары. Эпос: эпопея, баллада, роман, әңгіме, поэма, повесть, очерк, мемуарлар т.б. Лирика: ода, элегия, сатира, эпиграмма, эпитафия, лирикалық өлеңдер. Драма: трагедия, комедия, драма, водевиль, сценка.

Шығарманың құндылығы көлемі мен мәтіннің тереңдігімен өлшенеді.

Эмоциялылық. Сөйлеу құралдарының көп түрлілігі. Басқа стиль элементтерінің араласуы.

Стильдік сипаттары: Мәтіні көркем сипатта келеді. Мәнерлі, образды, бағалы, метафоралы, көп мағыналылы, мұның барлығын автор образы біріктіреді.

Көркем шығарманың бір ерекшелігі – көп жанрлы болып келуі. Проза, драма, поэзия, т.б. жанрдың әрқайсысының өзіне тән тіл ерекшелігі бар. Олар әдеби тіл байлығын өз жанрына байланысты еркін қолданады. Мәселен, кейде шылаулар, қыстырма, одағай, қаратпа сөздер экспрессивті-эмоциональды мақсаттар үшін лайықты жұмсалады.

Көркем әдебиет – сөзбен салынған сурет; оқиғаға кейіпкерлердің іс-әрекеті, сөзі, мінезі, келбеті қатысып баяндалады; оқиға болған күннің реті, жер жағдайы аталады.

Көркем әдебиет стиліне тән ерекшеліктер:

1. Эмоционалдық, бейнелі, экрессивті сөздер мол қатысады.

2. Сөйлемдердің ырғақ, интонациясы мәтінге әсерлілік беру үшін айрықша құрылады.

3. Шығарма тартымды болу үшін синоним сөздер, тұрақты тіркестер барынша көп жұмсалады.

4. Осылардың бәрі грамматикалық амал-тәсілдерді ерекше қиюластырып қолдану арқылы беріледі.

Көркем әдебиет стилінің де проза жанрын қамтып, әлдеқайда дами түсуі ХІХ ғасырдың орта тұсынан басталады. Бұған Ыбырай мен Абай шығармалары үлкен себеп болды. ХХ ғасырдың басында қазақ көркем әдебиет стилі бірсыпыра күшейіп, өз жанрларына сай белгілері пайда болып, әрі қарай дамыды, басқа стильдер жігі айқындала түсті.

1880 жылы қазанда Дулаттың "Өсиетнамасы", 1890 жылы "Шортанбайдың бала зары" басылып шықса, ХХ ғасырдың басында қазақ ақындарының біршама жинақтары жеке-жеке кітап болып жарық көрді: Н.Наушабаев /1903/, М. Сералин /1900, 1903, 1915/, Абай Құнанбаев /1909/, М. Қалтаев /1910, 1910, 1912/, С.Көбеев /1910, 1912, 1913/, Б. Өтетілеуов /1912, 1914/, С. Дөнентаев /1913/, т.б.

Ауызша әдеби тілдің стильдік тарамдары, негізінен, екі үлкен топқа бөлінді. Олар: көркем әдебиет стилі мен ауызша сөйлеу стилі. Көркем әдебиет стилі поэзия жанрының сөз үлгісі арқылы дамыды. Сондай-ақ шешендік сөздер деп аталатын ұйқасты-ырғақты проза және ертегілер болып ауызша тарады. Ал ауызша көркем сөйлеу стилін ұрпақтан ұрпаққа ауызша таралып келген шежірелер мен қарасөздер танытты.

ХІХ ғ. екінші жартысы мен ХХ ғ. басындағы қазақ әдебиетінде бір-біріне қарама-қарсы екі бағыт: қазақ қоғамының өміріндегі барлық жаңалық пен озық үлгі жолында күрескен ағартушылық-демократиялық бағыт пен бұған қарсы феодализм мен патриархаттық тұрмысты, әдет-ғұрыптарды, мұсылмандық фанатизмді, ескілікке қайта оралуды уағыздаған ағым айқын анықталды. Бұлардың арасындағы бітіспейтін идеялық күрес шиеленісе түсті. Бұл жағдай кейде тіл қолдану тәжірибесіне де әсер етті.

XX ғасырдың басында роман жанры пайда болды. 1910 жылы М.Дулатовтың "Бақытсыз Жамалы", 1913 жылы С.Көбеевтің "Қалың малы" жарыққа шықты. Сонымен XX ғ. басында көркем әдебиеттің бұрын болмаған роман, повесть, драматургия, сын жанрлары пайда болды.

Көркем әдебиет тілінің стильдер жүйесінде алатын орнына байланысты әртүрлі пірікірлер бар. Стилистердің бір тобы (Н.М.Шанский, Л.Н.Максимов, Н.А.Мещерский т.б.) көркем әдебиет тілін функционалдық стильдерден тыс, бөлек тілдік құралдар жүйесі ретінде қарайды.

Стилистердің екінші бір үлкен тобы (Р.А.Будагов, А.И.Ефимов, М.И.Кожина, А.Н.Гвоздев т.б.) көркем әдебиет тілін функционалдық стильдердің басқа түрлерімен «терезесі тең» деп есептейді, себебі көркем әдебиет те тіл қолданудың аясы болып табылады, көркем әдебиет те әлеуметтік қызмет атқаруға қатынасады.

Көркем әдебиет стилінде сөздер ғана емес, бейтарап тілдік бірліктер де эстетикалық қызмет атқаралады. Академик В.В.Виноградов көркем әдебиет стилі мәселесімен айналысып жүрген басқа да кейбір авторлар оның коммуникативтік функциясының сыртында эстетикалық та функциясы болатындығы негізгі нысаны етіп алуы шығарманың осы бір міндетімен тікелей байланысты болса керек. Көркем әдебиет стилі туралы сөз қозғалғанда «концепт» туралы айта кету керек, концепт өте танымал атау ретінде қазіргі лингвистикада жиі қолданылып жүр. Оның пайда болуы тіл ғылымындағы антропоцентрикалық парадигма және когнитивті прагматиканың әдіс-тәсілімен тікелей байланысты. Ол кейде «дискурс», «әлем картинасы» атауларымен қатар айтылады. Жеке тұлға өз туындысын мәтінде әлемді тану, эмоционалды қарқындылықты өз санасында қайта қарап бейнелілікке айналдыруы болып та саналады. «Концепт» термині туралы ғалымдардың зерттеулерінде «идеалды ақиқат», «сөз бен экстралингвистикалық ақиқаттың делдалы, сарапшысы» деп те қорытындылайды. Концепт әлем картинасының адам санасында бейнеленетіндігін көрсету мақсатында пайдаланылады. Концепт термині тек көркем әдебиет стилінде ғана емес, функционалдық

стильдерде тіл ресурстарының стилистикасында оның барлық жүйесінде қолданылады.

Көркем әдебиет стилі көп қабатты, көп қырлы дүние, «лингвистикалық микроскоппен» тануды қажет етеді.

Көптеген зерттеушілер көркем әдебиет тілінің функционалдық стильдер жүйесінде қарастырылғаны дұрыс дегенді ұстанады. Өйткені функционалдық стильдердегі тілдік құралдардың көркем әдебиет тілінде кездесіп отыруы, яғни **көп стильділік** көркем әдебиет тілінің функционалдық стильдер жүйесінен бөлек қаралуына негіз болып табылмайды.

Бақылау сұрақтары:

1. Көркем әдебиет тілі және әдеби тілдің арақатынасы.
2. Көркем әдебиет стилі кешенді стиль дегенді қалай түсінуге болады?
3. Көркем әдебиет стилі мен публицистикалық стильдің арақатынасы неден көрінеді?
4. Көркем әдебиет тілін зерттеу аспектілерін атаңыз.
5. Көркем әдебиет тілін анықтайтын негізгі белгілерді атаңыз.
6. Өзге стиль элементтерінің көркем мәтінде жұмсалыу ерекшеліктерін көрсетіңіз.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Балақаев М., Жанпейісов Е., Томанов М., Манасбаев Б. Қазақ тілінің стилистикасы. – Алматы: Мектеп, 1966. (1974, 2005). –191 б.
2. Серғалиев М. Стилистика негіздері. –Астана, 2006. –271 б.
3. Винокур Т.Г. Развитие функциональных стилей современного русского языка. –М.: Наука, 1968. –231 с.
4. Байтұрсынов А. Тіл тағылымы. –Алматы, 1992.
5. Әміров Р. Ауызекі сөйлеу тілінің синтаксистік ерекшеліктері. –Алматы: Мектеп, 1997. –92 б.
6. Шалабай Б. Көркем әдебиет стилистикасы. –Алматы, 2000. –196 б.
7. Алдашева А. Аударматану: лингвистикалық және лингвомәдени мәселелер. –Алматы: Арыс, 1998. –158 б.
8. Виноградов В.В. Проблемы русской стилистики. –М., 1981. –320 б.
9. Васильева А.Н. Курс лекции по стилистике русского языка: общие понятия стилистики. Разговорно-обиходный стиль речи. –М.: Русский язык, 1976. –240 с.
10. Костомаров В.Г. Русский язык на газетной полосе. –М.: Изд. МГУ, 1970 . –265 с.
11. Котюрова М.П. Научный текст и стиль мышления ученого // Вестник Пермского университета. –Пермь, 1996. – Вып II. –С. 26-42.
12. Кожина Н.М. Стилистика русского языка. –М.: Просвещение, 1977. –223 с.
13. Сыздыкова Р. Сөз құдыреті. –Алматы: Санат, 1997. –224 б.
14. Балақаев М., Серғалиев М. Қазақ тілінің мәдениеті. . –Алматы: Мектеп, 1995. –124 б.
15. Әлкебаева Д. Қазақ тілі стилистикасының прагматикасы. –Алматы, 2005. –266 б.
16. Кеңесбаев І. Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі. –Алматы, 1977.
17. Мурат В.П. Об основных проблемах стилистики. –М., 1957.

18. Розенталь Д. Э. Язык и стиль средств массовой информации и пропаганды. –М.: Изд-во МГУ, 1980. –256 с.
19. Балақаев М., Сыздықова Р., Жанпейісов Е. Қазақ әдеби тілінің тарихы. – Алматы: Мектеп, 1968. –239 б.
20. Сыздықова Р. Қазақ әдеби тілінің тарихы (XV-XIX ғасырлар). –Алматы: Ана тілі, 1993. –319 б.
21. Исаев С. Қазақтың мерзімді баспасөз тілінің дамуы – Алматы, 1983. –240 б.
22. Наер В.Л. К описанию функционально-стилевой системы современного английского языка. Вопросы дифференциации и интеграции // Лингвостилистические особенности научного текста. –М., 1981. –С.3-13.
23. Пеше М. Дискурс и вопросы жанра. –М., 1998.
24. Долинин К.А. Речевые жанры как жанры как средство организации социального взаимодействия // Жанры речи. Сб. научн. статей, Саратов: Изд-во Гос. Учебного центра «Колледж», 1999. – С. 4-6.
25. Сиротинина О.Б. Разговорная речь. –М., 1998.
26. Ресми іс қағаздары: Мемлекеттік қызметшілерге арналған анықтамалық / А.Алдашева, З.Ахметжанова, Қ.Қадашева, Э.Сүлейменова. –Алматы: Сөздік-Словарь, 2002. – 216 б.
27. Айтбаев Ө. Ғылым тілі / Қазақ тілі. Энциклопедия. – Алматы: “ІДК- ТІРО” Редакциялық-Баспа орталығы, 1998. Б. 88-89.
28. Митрофанова О.Д. Научный стиль речи. Проблемы обучения. –М., 1976. –199 с.
29. Барлас Л.Т. Русский язык /стилистика/. –М.: Просвещение, 1978. –255 с.
30. Будагов Р.А. Литературные языки и языковые стили. – М., 1967. –376 с.
31. Исаев С. Қазақ әдеби тілінің тарихы. –Алматы: Ана тілі, 1996 – 304 б.
32. Шнанов Р. Ғылыми стильдің кейбір ерекшеліктері // Қазақ әдебиеті мен әдеби тіл. – Алматы, 1980. –45-56 бб.
33. Уәлиұлы Н. Сөз мәдениеті. –Алматы, 1985.

34. Гальперин И.Р. К проблеме дифференциации стилей речи / Проблемы современной филологии. – М., 1965. – С. 55-74.
35. Біләлов Ш. Ұлттық ғылым тілін қалыптастырудың өзекті мәселелері (математика саласы негізінде). – Алматы, 1996. –426 б.
36. Момынова Б.Қ. "Қазақ" газетіндегі қоғамдық-саяси лексика. –Алматы: Арыс, 1998. –162 б.
37. Барлыбаев Р. Қазақ тіліндегі қоғамдық-саяси лексика. – Алматы, 1978. – 144 б.
38. Бүркітов О. Қазақ әдеби тілінің публицистикалық стилі (мерзімді баспасөз материалдары бойынша). Канд. дисс.авторефераты. – Алматы, 1996. –24 б.
39. Балақаев М.Б. Қазақ әдеби тілі және оның нормалары. – Алматы: Ғылым, 1984.

ПРАКТИКАЛЫҚ БӨЛІМ

СТИЛИСТИКАЛЫҚ ҚАТЕЛЕР МЕН СТИЛЬДІК ҚОЛДАНЫСТАРҒА ЖӘНЕ СТИЛЬ ТҮРЛЕРІНЕ БАЙЛАНЫСТЫ ПЫСЫҚТАУ ЖАТТЫҒУЛАРЫ

1. Стилистикалық қателермен жұмыс

Сұрақнама:

1. «Стилистикалық қате» және «стилистикалық дәлсіздік» ұғымдарының мәнін түсіндіріңіз.
2. «Стилистикалық қате» мен «стилистикалық қате емес» ұғымдарын ажыратыңыз.
3. Стилистикалық қателердің логикалық, грамматикалық, лексикалық қателерден ерекшелігін анықтаңыз.
4. Стилистикалық норма дегеніміз не?

1-тапсырма:

Төмендегі берілген сөйлемдерді оқып шығып, қателерді тауып, фонетикалық, морфологиялық, синтаксистік стилистикалық талдау жасаңыз.

1. Бойына әлде немене бір қорқу пайда болған секілді, тұла бойы тітірегенсымақ қызуланып, қуанышты, қорқынышты, аттай тулап, аузына қарай тығылыққыраған жүрегі сөйлесе дірілдеп кетейін деп, суынып, ісініп, қымтырлып, қысылып, бір жоғары, бір төмен қарап, қайта-қайта ұмсынып, ешбір нәрсе айта алмай шыға беруші еді (С.Торайғыров «Қамар сұлу»).

2. Той біткен соң түні жасырын кеңеске үзеңгілес серіктерін, өзіне бағынышты ру басшыларын шақырды. Оларға Кіші жүздің жеріне көшудің керектілігін айтты (І.Есенберлин «Қаһар»).

3. ...Бұл жақ, Қостанай елінің әдетіндей, келген кісіге көрпе салуды білмейді. Қай үйге барсаң да сәкі. Сәкінің үстіне ескі-ұсқы алаша, киіз төсей салады. Малдас құрып отырсаң, тақтай тобығыңа батып, әрі-беріден соң тыпырышып көлбеуге айналасы.

...Қартаң тартқан қара торы әйел, көне дастарханды үстелдің үстіне төсеп жатып, Қали отағасына көзінің қиығымен қарап алды:

– Намаз оқитын болсаң, оқысайшы, шай пісті, – деді ақырын гана... (Б.Майлин «Қалекеңнің үйінде»).

4. Беркімбайдың әкесінің нағашысы – жаппас Есімбек дейтін болды. Өзі бай еді, жаппастың алды деуге боларлық. Беркімбайға арқа сүйеп, Есімбек сол «өгіз сойған» ең шұрайлы жеріне қонушы еді. Өзі де жомарт, қонақпаз еді. Елге жағымды болып тұрды. Мал мен басы бірдей, тілегін берген бір адам: ортан қолдай төрт ұлы болды – шетінен қасқыр. Сол төрт ұлдың ортасында бұлаңдап өскен Шұға дейтін қызы болды. Шұға десе Шұға, Шұға, өй, шіркіннің өзі де келбетті еді-ақ... ақ құба, талдырмаш, көзі қап-қара, осы үріп ауызға салғандай еді. Ажары қандай болса ақылы да сондай. Жеңілдік деген не екенін білген бала емес. Сөйлеген сөзі, жүрген жүрісі қандай, бір түрлі паң еді-ау, шіркін... Бұл күнде ондай қыз қайда. Ажары тәуірлеу біреу болса, соны көтере алмайтынын да білмей білмейсің, ешкіге құсап шошаңдап бір соқтығып жүргені. Заман бұзылған зой...мә... (Б.Майлин «Шұғаның белгісі»).

5. Артынан есіттік, Есімбектің бермеудегі мәнісі, өзі жас кезінде Қали дейтін құраасымен серт байласқан болса керек. «Бірімізде ұл, бірімізде қыз туса, екеуміз құда болайық» деп (Б.Майлин «Шұғаның белгісі»).

2-Тапсырма:

Төменде берілген мәтіннен стилистикалық қателерді тауып, талдау жасаңыздар.

**Семей қаласы прокурорының көмекшісі
Е.А. Серкебаевтың сот мәжілісіндегі айыптау сөзі**

*Құрметті төрағалық етуші және сот процесіне
қатысушылар!*

Бүгін Семей қалалық соты, өзінің басты сот талқылауында ҚР ҚК-нің 24б.3б.-175 бабы 2 бөлімі «а, б, в»

тармағымен сот астына берілген Ахметов Асқар және ҚР ҚК-нің 24 б. 36.-175 бабы 2 бөлімі «а, в» тармағымен сот астына берілген Мылтықбаев Медеудің үстілерінен жинақталған қылмыстық істің басты сот тергеуінде қаралуын аяқтады.

Олардың жоғарыда айтылған қылмыстық іс-әрекеттері алдын-ала тергеу орындарымен дұрыс дәрежеленген.

Сонымен қатар, сотталушы Ахметов А. және Мылтықбаев М. ҚР ҚК-нің 175 бабы, 2 бөлімінің «а,б,в» тармақтарында көрсетілген қылмыстық іс-әрекеті, олардың қылмыстық іс-әрекетін жасағандығын мойындап берген жәбірленуші А. Полищуктың мен куәлар Оспанов Р., Қожасхметов С. және басқалардың жауаптарымен, оқиға болған жерді қарау, айғвқты заттарды алу, танытуға ұсыну хаттамаларымен, сонымен қатар тағы да басқа істегі жинақталған құжаттармен толығымен дәлелдінді.

ҚР ҚК-нің 52 бабына сәйкес, жаза тағайындаудың жалпқы негіздерімен қылмыс жасауға айыпты деп танылған Ахметов А. және Мылтықбаев М. осы кодекстің ерекше бөлімінің тиісті бабында белгіленген шекте және осы кодекстің жалпы бөлімінің ережелерін ескере отырып, әділ жаза тағайындалсын.

ҚР ҚК-нің 53 бабына сәйкес, қылмыстық жауаптылық пен жазаны жеңілдетер мән-жайлар ретінде Ахметов А. және Мылтықбаев М. алдын ала және сот тергеуінде қылмысын толық мойындауы, және Ахметов А. басының жастығы, Мылтықбаевтың жасөспірім балалары болуы.

ҚР ҚК-нің 54 бабына сәйкес, қылмыстық жауаптылық пен жазаны ауырлататын мән-жайлар жоқ.

Жаза тағайындалған кезде сот астындағы Ахметов А. және Мылтықбаев М. жеке басын, жасаған қылмыстық іс-әрекетін, жалпы қоғамымызға қауіптілігін, келтірілген залалдың мөлшерін, сонымен қатар, заң иалабына сай, жауапкершілігі мен жазасын ауырлататын және жеңілдететін мән-жайларды толық ескеріп, оларға қоғамнан оқшауламайтын жаза тағайындалуы қажет. Жоғарыда көрсетілген мән-жайлардың негізінде А. Ахметовті ҚР ҚК-нің 24 б. 3 б. –175 бабы 2 бөлімі «а,б,в» тармақтарында және М. Мылтықбаевты Қк-нің 175 бабы 2 бөлімінің «а,в»

тармақтарында көрсетілген қылмыс жасады деп тауып, айыпты деп санап, әрқайсысына 4 жыл мерзімге, бас бостандығынан айыру жазасын тағайындауды, тағайындалған жазаны ҚР ҚК-нің 63 бабы бойынша шартты жаза деп есептеп, 3 жыл сынақ мерзімін тағайындауды.

Іс бойынша айғақтық заттардың тағдырын ҚР ҚІЖК-ң 121 бабына сәйкес шешуге.

3-тапсырма:

Төмендегі берілген мәтіннен орынсыз қайталанып келетін сөздердің қолданысына стилистикалық талдау жасаңыз.

«Сонымен Сұлтанмахмұттың лирикасы поэма сияқты ұзақ болып, поэмасы лирикалық болып, лирикасы мен поэмасының арасы жақын жатады. Яғни, Сұлтанмахмұттың өлеңдері әлеуметтік лирика болып, сондықтан да көлемді, ұзақ болып келсе, поэмалары сюжетсіз болып, бірақ лирикалы болып, әлеуметтік лирикалы болып келеді» (Ғ.Мүсіреповтің «Әдебиет тілі жайында» деген мақаласындағы талдауы).

2. Тілдік құралдардың стилистикалық мағынасы мен бояуын анықтау

Сұрақнама:

1. Тілдік құралдардың стилистикалық мағынасы мен бояуы дегенді қалай түсінесіз? Стилистикалық коннотацияға анықтама беріңіз.

2. Стилистикалық синонимдер дегеніміз не?

3. Тілдің бейнелеу-мәнерлеу құралдарының әрқайсысына (троптар, стилистикалық фигуралар) сипаттама беріңіздер.

1-тапсырма:

Төменде қарамен берілген тілдік бірліктердің стильдік қызметіне талдау жасаңыздар.

*Міне, осы атмосфералық қысым қалай анықталды екен, енді соған келейік. Жоғары көтерілген сайын Торичелли қуысы өсе береді, **мұның себебі**, атмосфералық қысымның азая*

беруінде. **Мәселен**, сұңғуір қайықтың су астында, кемелердің теңіз беттерінде жүзіп жүруі, снарядтардың, самолеттердің әуеде ұшуы қатты денелердің сұйық зат ішіндегі қозғалысына мысалдар бола алады. Бұлардың құрылыстары және жобаланулары математикалық әдісті, **былайша айтқанда**, дифференциалдық теңдеулер теориясын қолдануды талап етеді. **Айталық**, динамикалық система үш денеден тұратын болсын, және олардың біреуі мардымсыз кішкентай болсын. **Атап айтқанда**, орнықтылық теориясын физика мәселерінде Л.И. Мандельштам өзінің еңбектерінде тербелістер теориясын зерттеуге қолданды. **Оның шешуі былай**: 1) Жердің өзіне тарту өрісі жазық параллель және 2) аэродинамикалық күштер атмосфераның жоғарғы қабатындағы ауаның кедергі күштері жоқ деген ұйғарулар (болжаулар) жасау керек. **Мәселен**, құлаштап лақтырылған тастың мылтықтан немесе зеңбіректен атылған оқтың траекториялары парабола болады. **Еске сала кететін бір мәселе**: ракета да, корабль де бірден жоғарыда айтылған жылдамдықтарға (космостық жылдамдықтарға) ие болмайды. **Сонымен**, ракета Жер бетінен көтерілгенде оның жылдамдығы оқтың жылдамдығынан көп болмайды. **Дегенмен**, математикалық машинаның ролін айқын түрде елестету үшін бірнеше мысалдар келтірейік. Мұндай идеялардың тууына **себеп мынау**: жарықтың таралу жылдамдығы секундына 300 000 километр. **Бір сөзбен айтқанда**, материалды нүктенің қозғалыс заңын табу деген мәселе дифференциалдық теңдеудің шешуін табу деген сөз. **Екінші жағынан**, осы заңдарға сүйеніп дифференциалдық теңдеулердің көмегімен Ньютон планеталарды қозғалысқа келтіретін қандай күштер екенін тапты. А.М. Ляпуновтың қалдырған ғылыми мұрасын, оның әдістерін терең зерттеу, онан әрі дамыту қайргі дәуірдегі механиканың өте маңызды мәселелердің бірі **болып табылады**. Осы принциптің қандай тәжірибелік маңызы бар, сол жәйлі **қысқаша тоқталалық**. Егер мұндай радиосигнал жұп өлшеуішті, **мәселен**, төрт өлшеуішті кеңістікте берілетін болса, онда Гюйгенс принципі бойынша мынадай **қорытындыға келеміз**: мұндай кеңістікте берілген радиосигнал анық, айқын

қабылданбайды, өйткені қабылданған сигналдың айқындығы, сигналдың өзінің тарауынан туған жаңғырықпен бұзылады.

2-тапсырма:

Төмендегі сөйлемдерден мәндес сөздердің қолданылуын түсіндіріңіздер.

Қалың қой қыбыр етпей, тыныштық алып, үнсіз гана тыным алды (М.Әуезов). Мұндайдың жөні бір басқа. Ал самолётті көзбен көрдім, балтаның сабын қолыммен ұстадым, орманға қарай аяғыммен жүрдім.

3-тапсырма:

Төмендегі берілген мәтінен орыс тілінен енген сөздерді тауып, олардың қандай мақсатта қолданып және қалай жасалып тұрғандығын түсіндіріңіз.

1. ...Сіз білмейсіз зой... — деп жолдасым қаракерді шаужсайлап қатарласты.

Сіз білмейсіз зой... бізбен ағайын, жасы менімен түйдей құрдас Әбдірахман деген болды. Жасында болыстың үйінде бұзау бағып өсіпті. Ол уақытта болыстың үйінде ауылнай болатын. Балалармен араласып жүріп учительден оқып, төрт жылдан соң шkolды бітіріп шығыпты. Әбдірахман өзі айтатын: күндіз қозы мен бұзау бағам, кешке келгенімде учитель бір шын мұсылман жігіт еді, «байлардың балаларынан да маған сенің оқығаның керек қой» деп түннің бір талайына дейін оқытушы еді. Ақырында сол учительді тырысуының арқасында шkolды бітірдім... Менің учительге өтеп бітіре алмастық борышым бар еді, — деді.

Әбдірахманның әкесі өте кедей болған адам. Ауылнай шkolынан шыққан соң да, Әбдірахман малайлықтан құтыла алмады. Ақырында, он екі-он үштегі шамасы болса керек, тұрған байынан қашып дуанға барып, бір ноғайға жаз қызметке тұрып, қыс оқуға кірді. Бір екі жылға шейін жаз жалданумен болды. Берірек келген соң жаз байларда орысша бала оқытты. Ақырында әйтеуір шkolды бітіріп шықты.

Әбдірахман школды бітіргенде дабысы жер жарды. Өте зерек болған зой, учительдерді де мақтаса керек. Дуандағы нәшәндік «тілмаш» бол деп өтінген екен, болмай елге келді. Нақ сол кезде болыстың песірі өліп песірсіз тұр еді. Әбдірахманға песір бол деп жабысты, оған да болмады. Жамантік болысындағы бір байдың школына барып бала оқытты. Содан бері қыс сонда бала оқытып, жаз елде болады. Сол жылы үйеннің бас кезінде келіп еді. Содан бері Әбдірахманды көргенім. Маған: «Маған көріспейсің бе» деп қалжыңдады. Әзілдесіп үйге кірдік. Төр алдында Қажыбай әңгімені көселтіп отыр екен, бізді көрген соң жым болды (Б.Майлин «Шұғаның белгісі»).

2. ...Ауылға өкіл келіп, «Шоқтал» басындағы ауылдың жалпы жиылысын шақырды. Ауыл болғанмен жиырмаға жетпейтін үй зой, қанша адамы бар, бәрі Сартайдың үйіне жиналды. Әйелдер де қалмай келсін деп айтады деген соң, Айша да барды. Сартайдың үйі аузы-мұрнынан шығып отыр екен.

...Мал қосу, малды ортаға салу дегенге Айша шыны түсінген жоқ. Түсінбегені – өкілдің баяндамасын дұрыс тыңдамағаны еді.

Менің сұрауым бар, – деді Жаман, – ал біз кәлектіп болайық. Ениімізді де қосайық. Сонда үйімізді қайтеміз?... (Б.Майлин «Қара шелек»).

4-тапсырма:

Төмендегі берілген сөйлемдерден сөз тіркестерін тауып, олардың стильдік қолданысына талдаулар жасаңыз.

1. Әңгіме қара шелектен басталады. Айшаның атасының басындай сақтап жүрген қара шелегі зой. Үшінші жыл болып барады, Айша шелексіз қалып, шелек сұраймын деп абысын-ажынға жексұрын көрініп, ақырында Бірмағамбетті бүріп, Кәстенкенің дүкенінен алдырған шелек еді...

...Бұл не деген сұмдық? Қатын-баласынан безген адам бола ма екен? – деп бірер күннен бері Айша үздіксіз ойлаумен жүр. Күл шығарса да, от жақса да, жалғыз ала сиырды қақпалап суатқа апарып суғарса да есідерті Бірмағамбет болады да жүреді... (Б. Майлин «Қара шелек»).

2. Қатынға шай қойдырып, жамаулы кеседен ыстық шайды ұрттай отырып, хатымды жазуға кірістім.

Толқынай бәйбіше қарғап жатыр деп бала-шаға шулап жүр. Қарғыс жақсы нәрсе емес, «жүйелі қарғыс жүйесін табар, жүйесіз қарғыс иесін табар» деген үлкендердің нақылы бар. Толқынайдың қарғысы қандай қарғыс, бала-шағалардың көбі білмей аптығып жүруі де мүмкін-ау... Қайдан білсін, онда дүние екінші түрде еді. Онда бұл күнгі бала-шағаларадың көбі туған да жоқ еді...

...Көктемнің кезі еді. Түс әлетінде жылқыдан келіп, су болған киімдерімді жайып кептіріп жатыр едім. Байдың үйіне орысша киінген бір жас жігіт келіп түсе қалды.

Орысша киінген адам шақырған соң әдепкі кезде сескеніп те кеттім. Былтыр Ермағанбеттің дауына өтірік куә болам деп бір жеті отырып шыққаным да бар еді. Кемпірім естіп, о да үршіп тұр екен.

Бұл бұрнағы жыл еді. Содан былай менде аздап өзгеріс бола бастаған секіденеді. «Еншілес!» деген сөз көз алдымнан елестеп кетпейтін болды.

...Қыс еді, сақылдаған аяз. Жер үйіміз отынсыздықтан жүдеп, іші қыраулаанып кетті. Оның үстіне қартайған сайын өзімді ыңқыл-сыңқыл айналдыратын болды. Суық ұстаса ауырамда қалам. Ойқой, жастық-ай, өтіп кеттің-ау. Күн құлақтананып шаңдатқан аяздарда, арқадан тер бұрқырап жылқыға талай тебін ашып беріп едім. Онда ауру дегенді кім білген...

Көріңі ауылда мектеп бар еді, сондағы комсомолдар малайларға болысады-мыс деген хабарды есіткен соң бір күні салып ұрып соған бардым сүйесін деген мұғалімі бар екен. Жас баланың оңдысына соны көрдім. «Атакелеп» іші-бауырынан өтті. Мұнымды бастан-аяқ айтқызып отырып жазып алды.

– Сіз жүре беріңіз, сотқа да берем. Кәзетке де берем, – деп өз үстіне алды. Бірер айдан кейін мен туралы кәзет шықты деп естідім, бірік сот жағынан әлі билік алған емеспін. Неше рет шақырса да Тоқберлі бір барған емес. Мен қысқы аязға қарамай салпақтап дуанға үшрет бардым. Әй ауылнай-ай, оңбассың-ау, әкең Тыржық байға құйыршық болам даеп жүріп өліп еді, сен де соның жлың құдың. Сап-сау отырған Тоқберліні ауру деп қағаз

қайтарып, менің жүйкеді құртады да қояды... (Б.Майлин «Шапайдың хаты»).

3. ...Оған биыл тап 18 жыл екен. Зырқырап бара жатқан заман. «Жасты көргеніңде, қартайғаның есіңе түседі» деп шалдар айтқандай, шашы жалбырап күні кеше күл шашып ойнап жүрген Ұлбосын, бой жетті...

...Өзгере өзгере ауыл танылмастық болып кетті. Бұрын «Шортанбай» ауылы атанушы еді. Аудан келгеннен бера ол ат өзгеріп: «Көк тал» атанды... (Б. Майлин «Ұлбосын»).

5-тапсырма:

Әрбір функционалдық стильдерге тән стереотиптерді (қандай да бір құбылыстың адам санасында бірыңғайланып, дайын күйінде меңгерілетін үйреншікті, дағдыға айналған белгісі) атаңыздар.

Үлгі:

	Стиль түрі	Стереотиптер
	Ресми	Денсаулығымға байланысты, отбасы жағдайымға байланысты...
	Ғылыми	Мақсаты мен міндеті... болып табылады, ...деп аталады;
қ	Публицистикалы	Ақпараттар ағымы, іске қосылды, жүзеге асыру;
	Ауызекі сөйлеу	Сәлем, қал қалай?
	Көркем әдебиет	Ертегілерде: ерте, ерте, ертеде... анекдоттарда: қазақ, орыс, грузин болыпты...

3. Ауызекі сөйлеу стилінің тілдік құралдары

Сұрақнама:

1. Ауызекі сөйлеу стилі дегеніміз не?

2. Ауызекі сөйлеу стилінің лингвистикалық және экстралингвистикалық белгілерін атаңыз.

3. Диалект, варваризм, жаргон, дисфемизмдердің т.б. көркем мәтіндегі қолданысына түсініктеме беріңіздер.

1-тапсырма:

Ауызекі сөйлеу стиліне тән ерекшеліктерді көрсетіп, олардың қандай құбылысқа жататынын айтыңыз.

1. Дабырласып сөйлескен күйлерімен бізге төніп келді де, бір келіншек:

– Ибәйі, көтек, мал десек адам екен ғой, – деді.

Одағайлап шеттей бастады.

– Маржанбикемісің, бері кел, – дедім.

– Мұнысы кім, мені таниды ғой...

– Бар, кім екен, – деді Күлзипа.

Әбдірахман жүре берді. Мен олардың жанына бардым.

– Анауың кім? – десті.

– Әбдірахман.

– Күйеу екен ғой, бізден неге қашты, – деп Маржанбике күле сөйледі. Күлзипа тәлімсіп жеңгесінің құлағына сыбырлап, сыңқылдап күлісті. Аяңдай басып Әбдірахманның артынан жеттік. Бізбен жұмысы жоқ, есідерті алтыбақанда (Б.Майлин «Шұғаның белгісі»).

2. Біз келгенде ойын жаңа басталған екен. Шұғалар өлеңдерін тоқтатып, арқаннан түсті. Жай әзілмен көп уақыт оздырдық. Домбыра алдыртып Әбдірахман ән салды. Бишара, жігіт еді ғой. Ондай ойындарда бір түрлі ұстайтын арқасы бар еді. Өлеңді түйдектетіп үзбестен соқты. Жұрттың бәрі Әбдірахманның аузына қарады. Жатып қалған бірен-саран кемпірлер шапандарын жамылып келіп өлең тындасты. Ойын-күлкінің қызығымен таң атқаның да білмей қалдық. Жұрт біртіндеп ыдырай бастады. Маржанбике маған жақындаңқырап сыбырлап:

– Қайытпайсыңдар ма? – деді.

– Жүр, қалқажан, – деп Күлзипаны ертіп, о да жөнелді. Уақ-түйек балалар, Шұғаның жеңгесінен басқаның бәрі кетіп бітуге айналды.

Шұға жәй сөйлескені болмаса, Әбдірахманмен онша ежіл-қожыл бола алмады. Мен Зәйкүлмен сөйлесіп, Әбдірахманның Шұғаға ынтығын айттым.

– Қайдан білейін, оқыған жігіт қой. Оқығандығына қызықбаса, бұрын мұның әкесіндей жігіттерге де барған жоқ еді... мен қолымнан келгенін аямаймын, – деп күлді (Б.Майлин «Шұғаның белгісі»).

2-тапсырма:

Үзіндіден ауызекі сөйлеу стиліне тән тілдік бірліктерді табыңыз.

– Бонапарт – француз деген елдің патшасы. Олардың күшті әскері болған, бұл соның командирі. Немене, балаң Бонапарттай болса тақияңа тар қыла ма?

– Тарлық қылмайды ғой, - деп күмілжіді.- Бірақ, тым шетел екен. Осы өзіміздің совет мәмләкәтінен сол сияқты ешкім жоқ па?

– Бар,- деді осы ауылға алғаш орысша боқтауды үйреткен қазақтың тұқымы.-Котовский бар, Шорс бар, Чапай бар. Бірақ олардың бәрі қойылып жүр. Біз ешкімде жоқ жаңасын алайық.

– Тым шетел екен-ау...

– Несі бар шетел болса! Ұлттық тар шеңберде қалмай кеңірек, биігірек ойлау керек. Олар да біздің аттарымызды алып жатыр ғой.

– Қандай аттарды?

– Бүкіл әмірика мен ағылшын елін алып қараңдаршы, Конрад деген фамилиядан аяқ алып жүре алмайсың.

– Конрад?

– Иә, Конрад! Ол кәдімгі біздің руымыз!

– Қоңырат па?

– Енді қалай? Қоңырат! Қияндағы бір елдер бізді сыйлап, руымызды фамилия қылып алып жатқанда біздің томаға тұйық жатқанымыз ұят емес пе? Олар да ел, олар да мәмләкәт. Бонапарт та бір елдің азаматы. Есіте қалсаұрпағы қуанар, естімесе аруағы разы болар (Д. Исабеков Екі томдық таңдамалы шығармалар. –Алматы: Жазушы, 1993.–496 б.).

3-тапсырма:

Төмендегі берілген сөйлемдерден жергілікті тіл ерекшелігіне тән сөздерді тауып, олардың дұрыс әдеби баламаларын көрсетіңіз.

Жазып алайын, ісімің кім болады. Сен әнді айтқанда, сөзін кәте айтады екенсің. Әлен қырық екі қарыпты бітіргенде, газет-журналды өздігінен оқитын болады. Басыма тұмағым тар келіп жүр. Жаңғыз жүре алмаймын. Ұлымның жақсы оқуына шәксіз сенемін. Кәртәйіп келе жатырмыз ғой. Мен іштеңке де білмеймін, қандай әңгіме сұрайсыңдар (Х.Кәрімов «Қазақ диалектологиясы»).

4. Іс қағаздары мәтінін стилистикалық талдау

Сұрақнама:

1. *Ресми-іс қағаздары стилі дегенімізді қалай түсінесіз?*
2. *Ресми құжаттардың түрлерін атаңыз.*
3. *Ресми-іс қағаздары стилінің лексика-фразеологиялық және грамматикалық құралдарын анықтаудың негізгі белгілері қандай?*
4. *Ресми-іс қағаздары стилінің тілдік белгілері қандай?*

1-тапсырма:

Төмендегі ресми-іскери стильге тән клишелерді пайдаланып мәтіндер құрастырыңыздар.

Нормативтік актілерге сәйкес; басқа жұмысқа ауысуыма байланысты; отбасы жағдайыма байланысты; денсаулығым байланысты; кезекті демалыс; кезектен тыс демалыс; өз өтініші бойынша жұмыстан босатылсын; зейнеткерлікке шығуына байланысты жұмыстан босатылсын; материалдық көмек беру; кепілхатқа менің қатысуым кезінде қол қойылды; мерзімінде қайтаруға міндеттенемін; көшірме дұрыс; бекітемін; бұйырамын; осы анықтама ... оқитынын растау үшін берілді; қабылдансын; рұқсат етілсін; ...жарамсыз деп табылсын;

2-тапсырма:

Арыз, өтініш, өмірбаян, түйіндеме, мінездеме, ұсыныс, сұраным, акт т.б. ресми-іс қағаздарының түрлеріне жеке-жеке тоқталып, олардың бір-бірінен өзіндік ерекшеліктерін атаңыз.

Мысалы үлгі:

*Академик Е.А.Бөкетов атындағы ҚарМУ
ректоры, профессор Е.Қ.Көбеевке
филология факультеті күндізгі бөлім
КО-21 тобының студенті
Жакулаев Әділден*

ө т і н і ш

Отбасылық жағдайыма байланысты оқу ақысының 50 пайызын 2011 жылдың желтоқсан айының 1-не дейін төлеуді ұзартуыңызды сұраймын.

Өтініш жазылған күн

Студент қолы

3-тапсырма:

Төменде берілген мінездемеге назар аударып, стилистикалық талдаулар жасаңыз.

*Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қараганды мемлекеттік
университеті
филология факультеті қазақ тіл білімі кафедрасының
аға оқытушысы, ф.ғ.к. Е.Е. Түйтеге*

М І Н Е З Д Е М Е

Жасы 28-де. Педагогикалық өтілі – 6 жыл. 2005 жылы осы университеттің филология факультетін «қазақ тілі және әдебиеті, шет тілі» мамандығы бойынша үздік дипломмен

бітірген соң, қазақ тіл білімі кафедрасында оқытушы болып қалдырылды.

2005 жылы 10.02.02-қазақ тілі мамандығы бойынша аспирантураның күндізгі бөліміне түсіп, 2008 жылы аяқтады. Осы жылдан бастап қазақ тіл білімі кафедрасында оқытушы қызметінде жұмыс істейді. Орыс және француз тілдерін еркін меңгерген. Компьютермен пайдаланушы деңгейінде жұмыс жасай алады.

Е.Е.Түйте «Когнитивті лингвистика», «Тіл біліміне кіріспе», «Ахметтану бастамалары» т.б. пәндерінен дәріс оқып, практикалық сабақтар жүргізеді. Сабақтарына әрдайым лингвистика ғылымының жаңалықтарын, инновациялық технологияны қолданып отыруға тырысады.

Студенттік кезінен университетте өткен ғылыми-теориялық, ғылыми-әдістемелік конференцияларда баяндама жасап, бірнеше мақаласы жарық көрген. Факультеттің, кафедраның қоғамдық шараларына жауапкершілікпен қатысады. Кафедра бойынша тәрбие жұмыстарына жауапты.

Е.Е.Түйте – студенттер алдында, кафедра ұжымының алдында ізденушілігімен, еңбекқорлығымен танылған оқытушы, өзіне де өзгелерге де қатаң талап қоя білетін білікті педагог.

Кандидаттық диссертациясының тақырыбы бойынша әр түрлі деңгейдегі ғылыми-практикалық конференцияларға қатысып, баяндамалар жасады. Сегіз мақаласы конференция материалдарында жарық көрді. Сонымен қатар ҚР БҒМ білім және ғылым саласындағы бақылау комитетінің тізіміндегі басылымда алты ғылыми мақаласы жарияланды. I оқу-әдістемелік кешені, I оқу-әдістемелік нұсқауы жарық көрген. Жалпы 23-тен аса ғылыми, бірнеше публицистикалық мақалалардың авторы.

Ғылыми зерттеу жұмысы бойынша 2009 жылдың 30 маусымында Астана қаласының Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті жанындағы Д 14.29.02 диссертациялық кеңесінің мәжілісінде «Адамның психикалық жай-күйіне қатысты лексиканың құрылымы мен семантикасы» атты тақырыпта кандидаттық диссертация қорғады. Е.Е.Түйте 2009 оқу жылынан бастап қазіргі уақытқа дейін филология факультеті деканының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары болып қызмет атқаруда.

Е.Е.Түйтенің қызметтік міндеттерін орындау сапасының жоғары екендігін ескере отырып, оны байқаулық лауазымға лайықты деп есептейміз.

*Қазақ тіл білімі кафедрасының
меңгерушісі*

Мажитаева Ш.М.

Факультет деканы

Әбдуов М.І.

14.10.2010

4-тапсырма:

Өз өмірбаяндарыңызды жазып, стилистикалық талдаулар жасаңыздар.

5. Ғылыми мәтіндерді стилистикалық талдау

Сұрақнама:

1. *Ғылыми стиль дегеніміз не?*
2. *Ғылыми стильдің лексика-фразеологиялық, грамматикалық құралдарын анықтаудың жолдары қандай?*
3. *Ғылыми стильге тән стилистикалық коннотация беретін тілдік бірліктерді атап көрсет.*
4. *Ғылыми стильдің негізгі сөздік қоры болып табылатын терминдерге сипаттама беріңіз.*

1-тапсырма:

1. Берілген мәтіннен ғылыми стильдің негізгі белгілерін тауып, ондағы термин сөздердің жасалу жолдарын түсіндіріңіз.

Сұрыптаудың екі әдісі белгілі. Олар: жаппай және жеке сұрыптау.

Жаппай сұрыптауды көбінесе айқас тозаңданатын өсімдіктермен жұмыс жүргізуде пайдаланады. Бұл кезде егістіктегі өсімдіктердің бір немесе бірнеше қажетті сыртқы, яғни фенотиптік белгілері бойынша үлкен бір тобын таңдап бөліп алып, келесі жылы қайта отырғызады. Көрінген

белгісі бар өсімдіктер тобын тағы бөліп, осылайша бірнеше ұрпақ бойы қайталап жаппай сұрыптау жүргізу арқылы дұрыс нәтижеге қол жеткізуге болады. Бірақ бұл әдістің кемшілігі – алынған жаңа іріктемелердің генотиптері әркелкі болуы мүмкін. Мұндай жағдайда келесі ұрпақтарда ажырау жүріп, іріктеменің құдылығы төмендейді. Сондықтан уақыт өткен сайын сұрыптауды қайталап отыру қажет.

Жеке сұрыптау өсімдіктердің таза салаларын алу мақсатында жүргізіледі. Ол үшін бірнеше қайтара өздігінен тозаңдандыру жүргізіп, әрдайым тиімді белгісі көрінген жеке дараны бөліп алып өсіреді. Мұндай өсімдіктен алынған ұрпақ барлық гендері бйынша бірте-бірте гомозиготалы жағдайға көшеді, яғни генотиптері біркелкі таза салалар (линиялар) пайда болады (Тіршіліктану, 10-11 сыныптарға арналған оқулықтан).

2-тапсырма:

Мәтіннің ғылыми стильде жазылғандығын дәлелденіз.

Жарық жылдамдығын алғаш рет 1676 жылы дат ғалымы О.Ремер өлшеді. Ремер астроном болған, оның өлшеген жарық жолы – өте ұзақ болды, табысқа жетуіне де себепші болған да сл еді. Ол жол – күн жүйесіндегі планеталардың ара қашықтығы.

Ремер күн жүйесіндегі ең үлкен Юпитер планетасы серіктерінің тұтылуын бақылады. Юпитердің жерден өзгешелігі сол, оның он серігі бар. Ремер олардың ең жақынын – Ио серігін бақылады. Ол Ионың Юпитер алдынан қалай өткенін, содан кейін оның көлеңкесіне кіріп, көзден қалай гайып болғанын көрді. Содан соң ол лезде жарқ еткен шам тәрізденіп, қайта көрінді. Осы екі от алудың уақыт аралығы 42 сағат 28 минутқа тең болып шықты. Сөйтіп, бұл «ай» әрбір тең уақыт аралығында Жерге сигнал жіберіп тұратын, үлкен аспан сағаты болып шықты (Физика-астрономия оқулығынан).

3-тапсырма:

Термин сөздер мен атау сөздерге 10 мысалдан келтіріңіздер. Олардың айырмашылығы неде? Қай стильге тән қолданыстар екендігін анықтаңыздар.

4-тапсырма:

Төмендегі мәтін үзіндісінен ғылым тілі лексикасын құрайтын сөздерді (жалпы қолданыстағы сөздер, жалпы ғылыми сөздер, терминдік қабаттар) анықтаңыздар.

Нейтрон мен ядроның әсерлесу қимасының $\sigma(\epsilon)$ энергетикалық спектріне резонанстық сипат тән. Әр резонансқа массалық саны $A+1$ -не тең (A – бастапқы ядроның массалық саны) құранды ядроның қозған күйі және қозу энергиясы сәйкес келеді. Қозу энергиясы нейтронның ядродағы байланыс энергиясы $\epsilon_{байл}$ мен $\epsilon_0 A / (A+1)$ шамасының қосындысына тең, мұндағы ϵ_0 қиманың резонанстық мәніне сәйкес келетін нейтронның кинетикалық энергиясы. Резонанс маңында құранды ядроның эффективтік қимасы Брейт-Вигнер формуласымен сипатталады: $\sigma_k = \pi \lambda_n^2 g \Gamma_n \Gamma / [(\epsilon + \epsilon_0)^2 + \Gamma^2/4]$, мұндағы λ_n – нейтронның де-Бройль толқынының ұзындығы; g – бастапқы және құранды ядролардың спиніне және жұптылығына тәуелді статистикалық фактор, Γ – резонанстың толық ені. Соңғы шама қозған күйдің өмір сүру уақытына $\tau = \hbar / \Gamma$ қатынасымен байланысқан. Әр түрлі ядролар үшін $\tau \sim 10^{-14} - 10^{-18}$ с. Құранды ядроның белгілі ранамен ыдырау ықтималдығы сол арнаның парциалдық еніменанықталады. Күйдің толық ені арналардың парциалдық ендерінің қосындысына тең: $\Gamma = \Gamma_n + \Gamma_\gamma + \Gamma_f + \dots$, ал i анасы бойынша құранды ядроның ылырау қимасы $\sigma_i = \sigma_k \Gamma_i / \Gamma$ шамасымен анықталады. Тәжірибе арқылы $\sigma_k(\epsilon)$ және $\sigma_i(\epsilon)$ тәуелділіктерін зерттеу қозған күйдегі ядроның энергиясын, толық және үлестік ендерін, спинін, жұптылығын анықтауға мүмкіндік береді. Бұл шамаларды өлшеу үшін нейтрондық спектрометрлер қолданылады. Нейтрондық спектроскопия заттардың элементтік, изотоптық құрамын анықтауда маңызды рөл атқарады.

(Қадыров Н. Нейтрондық спектроскопия. –Қазақстан. Ұлттық Энциклопедия. –Алматы, 2005.-728б.)

6. Публицистикалық мәтіндерді стилистикалық талдау

Сұрақнама:

1. Публицистикалық стильге сипаттама беріңіз.
2. Публицистикалық стильге қойылатын басты талап қандай?
3. Публицистикалық очерк, мақалалардағы т.б. көркем бейнелік құралдардың, қарапайым сөздер мен тұрақты тіркестердің, көнерген сөздердің, ауызекі сөйлем элементтерінің қызметін түсіндіріңіздер.

1-тапсырма:

Бұқаралық ақпараттар құралдарынан публицистикалық стильге тән стильдік байлаулы тілдік бірліктерді (**мысалы: баршамызға белгілі, маңызы зор; біршама азаяды//көбейеді//жақсарады деп күтілуде... және т.б.**) теріп жазыңыздар.

2-тапсырма:

Мәтінге стилистикалық талдау жасаңыз.

16 наурызда Орталық сайлау комиссиясының төрағасы Қуандық Тұрғанқұлов қазақстандық және шетелдік бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдерімен брифинг өткізіп, Қазақстан Республикасының кезектен тыс президенттік сайлауын өткізуге дайындық барысымен таныстырды. ОСК төрағасының хабардар еткеніндей, сайлаушылар тізімін жасау – сайлау комиссияларының **маңызды міндеттерінің бірі**. Бұл шара жыл бойы жүргізіледі. Бүгінде елімізде көші-қон үдерістері белсенді **жүріп жатыр**. Астана мен Алматыда жаңа үйлер салынууда. Сондықтан сайлаушылар тізімін жасауға **баса назар аударылып отыр**. Орталық сайлау комиссиясының басшысы 19 наурызда еліміздің барлық өңірлерінде сайлауды ұйымдастырушылармен семинар-кеңестер өткізу шаралары аяқталатынына тоқталды. Бүгінде аумақтық сайлау

комиссияларының мәжілістері дауыс беру күніне әзірлік шараларына **байланысты өтіп жатыр**. Бұл шараларға жергілікті атқарушы органдар мен ішкі істер органдарының қызметкерлері **қатысуда**.

...Сонымен қатар, бірқатар БАҚ Орталық сайлау комиссиясына арнайы бет **арнап отыр**. Онда түсіндіру, ақпараттандыруға қатысты мәліметтер мен сайлау барысына байланысты өзге де ақпараттар **жариялануда**.

Қ.Тұрғанқұлов брифинг барысында ОСК-ға түскен арыз-шағымдарға да тоқталды. Оның келтірген мәліметтері бойынша, осыдан үш күн бұрын «Лайықты тұрғын үй» қоғамдық ұйымынан 136 өтініш түскен. Бұл өтініштер – Орталық сайлау комиссиясының құзырына жатпайтын мәселелер. **Өтініштер банк пен құрылыс мекемелерінің және жеке тұлғалар арасындағы дауға байланысты**. Өтініш беруші 136 адам өздерінің мәселелері шешілмесе, дауыс беруге келмейтіндіктерін **айтқан**. Ал ОСК басшылары бұл азаматтарға өздерінің құқықтарын өздері шектеп отырғандықтарын **жеткізген** (Егемен Қазақстан, 18 наурыз 2011 ж).

3-тапсырма:

Төмендегі тақырыптар бойынша публицистикалық мақала жазыңыздар.

«Дүниеге келер әлі талай Қасым», «Тіл тағдыры – ел тағдыры», «Сағыныш», «Жалынды жастық шақ», «Менің сүйікті қалам», «Ауылым – алтын бесігім», «Сөнбес махаббат».

4-тапсырма:

Батыс Қазақстан облысының мыңдаған тұрғындары су апатынан зардап шегуде. Табиғат апатының салдарынан батысқазақстандықтар баспаналарынан, дүние-мүліктерінен айырылып, 8 мыңнан аса адам қауіпті аймақтан көшірілді.

Әр қазақстандық бұл апатты өз қайғысындай қабылдады. Қарағанды облысы Ақтоғай ауданы Шашубай кентіндегі «Мектеп-балабақша кешені» ММ-нің ұжымы кенеттен келген баршаға ортақ қайғыдан шет қала алмады. Аталған білім беру

кешенінің ұстаздары мен қызметкерлері мүмкіндіктерінше материалдық көмек көрсетті. Тасқыннан зардап шеккен батысқазақстандықтар қорына 100 мың теңге ақша аударылды (Зардап шеккендерге көмек // Орталық Қазақстан, 7 мамыр, 2007. №71-72 (21 064)).

7. Көркем әдебиет мәтіндерін стилистикалық талдау жұмыстары

Сұрақнама:

1. Көркем әдебиет тілінің бейнелі құралдары болып нелер табылады?
2. Көркем әдебиет тілінің лексикалық, фразеологиялық, грамматикалық бейнелі құралдарын айқындаңыз.
3. «Дара стиль» ұғымына түсінік беріңіз.
4. Көркем әдебиет стилі және әдеби тілдің байланысы қандай?

1-тапсырма:

Төмендегі берілген өлеңдердегі көркемдеуіш стилистикалық тәсілдерді тауып, олардың қалай жасалып тұрғандығын түсіндіріңіз.

1. *Гүл шолып, жүрер айнап ұшып сып-сып,
Үстіңнен аю тасты сылдыратса,
Самайдан ішкен қымыз шығар шып-шып.* «Жетісу суреттері».

2. *Ағынды менің Ақсуым,
Ақырып әлі ағасың,
Ақиланған ашумен
Ақтарды асқар сабасын
Таңырқап тау-тас тамсанып
Жымиды жұлдыз мұныма
Сүмиген сүңгі сұрша тал
Шомылды таудың суына* «Ағынды менің Ақсуым».

3. *Сарайым – сабам, құям пісіп-пісіп
Сапырып ән қымызын, ой кернетіп
Сөз – жаңбыр, даусым – дауыл, әнім – ескек*

Ойнақтап басылайын аз желдетіп «Әнші».

4. «Еркетай қоңыр жел

Еркеме соқсаң егерде

Күрсінгендей сыбырла

Кімдікі десе,-үндеме...

«Еркетай қоңыр жел» (І.Жансүгіров).

5. Бүктетіліп жатқан бел

Сүтке тойған марқадай

Бұйра қою қарағай

Белге біткен шалқалай

Су жеп қойған жұмыр тас –

Түйір-түйір малтадай «Еділде».

6. Қайғылы Ай, тұрсың көкте түсін қашып

Қайғылы жер жүзіне нұрын шашып

Жылжисың ақырын ғаан қорыққан жандай

Жүргендей жол таба алмай бейне адасып «Айға».

7. Қайғылы қайың!

Аяныш жайың

Сыбырлайсың

Дірілдейсің

Еңкейесің

Күбірлейсің

Бізғарлы жел

Соққан сайын... «Қайың» (М.Жұмабаев).

2-тапсырма:

Көркем шығармадан алынған үзіндіге тілдік талдау жасап, көркем стильдің негізгі белгілерін көрсетіңіз.

Шексіз тұңғыық қаракөк аспандағы жұлдыздар баданадай-баданадай болып, айналасына алтын шапақ шашады. Мана ел жатар кезде теріскейден күнгейге қарай ақ жолақтанып созылып жатқан Құс жолы жылжи-жылжи бағытын өзгертіп, енді шығыс пен батыс арасын қосқан ақ шаңдақ соқпаққа айналыпты. Жеті қарақшы да төмендей-төмендей

көкжиекке төніп барыпты да, шалқасынан түсіп жатып алған. Қызыл іңір түсісімен күнгей беттен өріктей қызарып туатын Марс жұлдызы недәуір биіктеп, бесіндік тұсына барып қарауылға тұрыпты. Жез түймедей жылтыраған Темірқазық қана бұрынғы орнынан тапжылмаған. Төбеңдегі жарық аспан есепсіз ұлғайып, ал астындағы от тұяғы топ-топ тиген жер тоқымдай кішірейіп кеткен тәрізді. Ал өзің болсаң, жарық пен қараңғылық қабысқан шекара тұста, батып-шығып жүзіп келе жатқандайсың. Бірақ төбеңдегі Темірқазық сияқты сен де бір орнынан қозғалмайсың. Осынау мәңгілік жалпақ жақын дүние астында құс қанатын байлап алып зуылдап ұш – бәрібір саған қол бұлғап, жол болсын айтатын ешкім жоқ. Түнгі әлем жым-жырт (О.Сәрсенбаев «Шамшырақ»)

3-тапсырма:

Берілген аудармадағы стилистикалық қателерге, басқа тілден енген сөздердің қолданысына назар аударып, өз бетіңізше басқа да шығармалардың аударылуына мән беріңіз.

1. *The door was open, there was a soldier sitting on a bench outside in the sun* – Дверь была открыта, на скамейке у стены сидит на солнце солдат – Есік ашық жатыр, үй іргесіндегі сәкіде шуақты солдат отыр». Бұл кезде шуақты деген сөз орынсыз берілген.

His father loses his civil rights – Его отца лишили всех гражданских прав - Әкесін барлық азаматтық праводан айырған». «rights – право» сөзін қазақ тіліне право деп емес құқық деп аударған жөн болар еді.

If the car went especially fast it was probably the King – Если машина шла особенно быстро, - это вероятно, был король. Егер машина бар жылдамдығымен жүйіткіп бара жатса, - онда бұл кетіп бара жатқанның, шамасы, король болғандығы. Бұл сөйлемдегі «car – машина» сөзін қазақ тіліне «машина» емес «көлік» немесе ескіше «ат арба» деп аударуға болады. Бұларды аудармашы шығармашылығының алғашқы кезеңінен, оның тәжірибесі аздығынан десек те, бұл кемшіліктер бұдан кейінгі тарауларда да байқалады: «Шыныаяқ» сөзі бөлек «Шыны аяқ» деп жазылуы керек.

It could not be worse.» Passini said respectfully – Хуже быть не может, почтительно сказал Пассини – Одан өткен жамандық бола қоймас, - деді Пассини байсалды түрмен. Неге байсалды? Почтительно – құрметпен, ізетпен емес пе? - деген аудармашының жанынан қосылған қосымшалар қазақша нұсқада болса да, ағылшын тіліндегі түпнұсқа мен орыс тіліндегі нұсқада атымен жоқ.

Beautiful young girls – Очаровательные молодые девушки – Балдай тәтті бойжеткендер. Очаровательные деген сөзді сүйкімді немесе ажарлы деп аударса дұрыс болар еді.

I would say leave it outside the door please – Я говорю поставьте пожалуйста у двери» деген сөйлем қазақшаға «Мен: – тәңір жарылқасын, есік алдына қойып кете беріңіз, деймін», болып аударылғанда, ағылшын тіліндегі түпнұсқа мен орыс тіліндегі нұсқадағы көрініс өзгеріске түсіп, нұсқалар арасында стильдік алшақтық пайда болған.

«The troops were muddy and wet in their capes – Солдаты или грязные и мокрые в своих плащах – Плащтарына оранған солдаттар балшыққа былғанып, жаурап, сылбыр қадам басады». Мұнда тіпті, орыс тіліндегі нұсқада «или» және қазақ тіліндегі нұсқада «сылбыр қадам басады», «жаурап» деп көрсетілген сөздер ағылшын тіліндегі түпнұсқада берілмеген. (Э.Хемингуэйдің «Қош бол, майдан!» романының қазақ тіліне аударылуы. Қ.Қараманұлының аудармасы).

2. ...Ертеде трактор еді. Ол бұл хоббиінің көкесінің көкесі еді-ау! Отан соғысынан көп бұрын, ауылға алғаш трактор айдап келген күні, кейде бір есіне оралған кездері, жүрегі тулап, көңілін ерекше жылы, толқынды леп билейді де кетеді дейсің.

...– өткен-кеткен есіме түсіп отыр да, кхе-ха. Кемпіріне көк көйлек киген кезін есіне алғанын айтудан қысылды.

– Деректір бала келе жатыр. Дұрыстап сөйлес. Мен шай әзірлейін....

– Оның маған қаниша керегі бар? Кетсін де.

– Ақа-ау, не болды балалармен бала боп. -Кемпірі кеу сөйледі....

....Директор мырс етіп күліп қойды. Шал фигураларды дәу алақанымен сыпыра салды да, тақтаны стол үстіне жайды.

– Бітірмедіңіз ғой?

– Онда шатағың болмасын...

...Шал мен директорды керісі осы қыста, екі трактористің елсіз тауда адасып боранда қалған кезінен басталған. Трактористерге емес, шал кінәні директорға артқан. Шалдың пенсияға шыққанына он жыл болса да, ол күніне бір рет ертеде іргесін өзі қалаған, кейін совхоз үлкейтіп салған зәулім мастерскойға кіріп кетіп жүреді. Кейде апталып сонда жұмыс істейді...

– Е, Ақа, не отырыс мынау, батқан күнге көз талдырған. Артынан ұста бәкірдің гүжілдеген дауысы естілді. Ақпан ескі досының дауысын естіп қуанды. Қасындағы бос орынды нұсқады.

– Отыр. Қарашы неткен тыныштық. Сабырлы-ау дарқан далам. Күтіп жатыр. Аңсап жатыр емес пе, кхе-ах,а? !

...олар не замат тағы үнсіз отырды. Шаршаған тамырлары быртыып-быртыып салаланған әжімді қолдары екі шалдың да тізесінде дамылдап жатыр. Мынау быт-шыт әжім бұған қолдар сөйлесе не айтар еді? Ғажайып өмірдің, ауыр өмірдің күйін шертеді-ау...

...– Көргенді елдің баласының жүрісі. – Шал қарсыласының тапқыр, ойлы болуын тілейтін. Мынау соның өзі болды. Рахат! Шал алақанымен бетін уқалап-уқалап алды. Шалдың осы ауылда шахмат ойнамаған адамы жоқ. Анада ғана, бухгалтериядағы есепшілерді талқан ғып ұтып кеткен...

...– Жатып қалдым, – деді бәкір далаға шыға алмағанына кешірім өтінгендей.

– Оқа емес жатып біраз дем алып ал.

– Өзі әзер жүрген шалға, әлгі кенже ұл қынымен қанжар соғып бер деп әуреге түсіргені ғой, – деді кемпір сыбырлай сөйлеп (Р.Сейсенбаев «Хобби ғой, жарығым, хобби»).

4-тапсырма:

Көркем әдебиеттен синтаксистік синонимдерді теріп жазып, стилистикалық қызметін түсіндіріңіздер.

5-тапсырма:

Төмендегі мәтіннің қай стиль түріне жататынын анықтап, стиль түзуші тілдік-стильдік белгілерге талдау жасаңыздар.

Христофор Колумб осыдан бес ғасыр бұрын, дәлірек айтқанда, 1492 жылы тамыз айының үші күні Индияға апаратын төте теңіз жолын ашу мақсатымен Испан тауының астындағы Санта Мария, Пинта және Нинья аты үш кемеге бас болып, Испанияның Палос портынан батыстағы Атлант мұхитын бетке алып, қауіп-қатерге толы, ұзақ сапарға аттанған болатын. Араға екі айдан астам уақыт салып, қазан айының он екісі күні Колумб кемелері аталмыш мұхитты әзер дегенде артқа тастап, тарихта соңыра «Жаңа әлем» немесе Америка атанып кеткен белгісіз құрлықтың жағалауына тұмсық тіреді. Батыста жатқан Атлант мұхиты арқылы Индияға жол табатынына титтей күмәні болмаған Колумб бейтаныс жағалауға аяқ басқан кезде өзіне-өзі сенгендігі сондай, тіпті ешнәрсенің байыбына бармастан, көптен көкейінде жүрген мақсаты мүлтіксіз орындалды деп, алдамшы сезімге арбалғанын сезбей қалады. «Жаңа әлемді» Азияның етегінде жатқан Индиямен шатастырып, өлшеусіз қателескені соншама, Колумб өзінің әлемде теңдесі жоқ географиялық жаңалық ашқанынан мүлдем беймәлім күйі о дүниеге өзін алдаған жалған сезімімен бірге аттанып кетеді.

...1492-1504 жылдар арасында төрт дүркін Христофор Колумб, оның артын ала конкистадорлар, соңыра Еуропадан алғаш қоныс аударушылар легі келіп жеткен кезде, «Жаңа әлемнің» байырғы халықтарының бұл мекенде өмір сүріп жатқанына шамамамен арғысы 40000 немесе 50000 жылдай, бергісі 12000 жылдай заман өткен. Әлмисақтан бермен қарай батыстан да, шығыстан да өз мекендеріне мықты қалқан болып келген, ұшы-қиыры жоқ алып мұхиттардың ту сыртынан бейтаныс жау шабады деген қорқыныш әлгі халықтың қаперіне де кірмеген.

...Шынайы тарихи деректерге негізделген, әр түрлі елдердің әр түрлі ғылым салалары өкілдерінің қолынан шыққан, 1492 жылға дейінгі немесе одан кейінгі Америка тарихын қамтитын зерттеу жұмыстарын сараптай келе, нағыз шындықтың еуроцентристік «шындыққа» мүлде

ұқсамайтындығына толық көз жеткізуге болады (Ахметов Ә. Азия – Беренгия – Америка немесе америкалық «үндістердің» азиялық тегі. – Алматы, 2003.–96 б.)

6-тапсырма:

Мәтіннің қай стильге жататынын анықтаңыз.

Қазақ ұлтының ат бәйгесі дәстүрінде жүйірік аттардың шабысын халық әртүрлі атайды. Онда жаратылыс, бітімдегі аттар әртүрлі шабады. Оған кейбір аттар бәйге шығар, шықпадан тура барлық жүйіріктен оза шығады да, сол бойында алдына ат салмай көмбеге бір-ақ келеді. Мұндай жүйіріктерді қазақтар шыға салма, шыға салма жүйіріктер деп атайды. Енді бір жүйірік аттар ал дегенде баяу шауып, артта қалып немесе артын ала көп жүйіріктің соңынан ере келе, біртіндеп тыныс ашылап, терлей келе алдындағы аттарды бірден-бірден тастап, озып отырып алдында келеді. Осылай аттар қалып, кейін барлық жүйірікті басып озып келетін жүйіріктерді «қыза шабатын жүйіріктер» деп атайды. Келесі бір жүйіріктер әу баста бәйге шығардан озып кетіп, жол ортаға келгенде, яғни бәйге ортасына таяп келе, қарлығып, шаба алмай, басқа аттың барлығы дерлік қуып жетіп, аталмыш бәйге аты артта қалады. Мұндай жүйіріктерді ел ұшқыр, яғни ұшқыр ат деп атайды. Сондай-ақ алғаш шыққанда нешінші орында шықты, сол бойы соншасыншы, сол орында не басып озбай немесе қалып қоймай, бірқалыпты шауып келетін жүйіріктер болады. Оларды қалыпты шабыстағы жүйіріктер деп атайды. Жүйірік сынында шыға салма жүйіріктердің көбінде алды-арты тең, төртбұрыш, талдырмаш бойлы жүйіріктер десе, қыза шабатындарды ұзын денелі, орақ бас, салты ерін, кең таңау деп көреді. Ал ұшқыр жүйіріктерді тар танау, үшкір шақша бас, денесі кішірек жүйіріктер деп көрсе, бір қалыпты шабатын жүйіріктерді дөкір, жуан аяқ, биік, иықты тынысты деп көреді ат сыншылары, атқұмарлар. Кейде бұл сындар сәйкеспей де жатады. Алайда, ауытқи бермейді. Содан да «Алуан-алуан жүйірік бар, әліне қарай шабады» десіп жатады халық (Б.Кәмәләшұлы Қазақтың дәстүрлі құсбегілігі және атбегілігі. – Алматы, 2006. –120 б.).

ӨЗІНДІК БАҚЫЛАУ ҮШІН ТЕСТ ТАПСЫРМАЛАРЫ

I нұсқа

1. «Стиль» термині қай тілден енген?

- A) орыс тілінен
- B) ағылшын тілінен
- C) неміс тілінен
- D) грек тілінен
- E) латын тілінен

2. «Стиль» сөзі қазақшаға аударғанда нені білдіреді?

- A) жазу құралы
- B) оқу құралы
- C) оқи алу
- D) жаза білу
- E) оқи-жаза білетін

3. Стиль дегеніміз не?

- A) Тіл білімінің бір саласы
- B) Стиль туралы ғылым
- C) Тілдік тәсілдер жүйесі
- D) Әдеби тілдің нормасы
- E) Қатынас құралы

4. Стильдің қандай түрлері бар?

- A) Ауызша түрі
- B) Жазбаша тілі
- C) Сөйлеу стилі және жазба стильдер
- D) Кітаби стильдер
- E) Жазушы стилі

5. Зерттеушілер функционалдық стильдердің қандай түрлерін көрсетеді?

- A) Көркем әдебиет стилі (тілі)
- B) Ғылыми әдебиет стилі
- C) Публицистикалық стиль
- D) Ресми іс қағаздар стилі

Е) Аталғандардың бәрі

6. Тіл стилистикасын зерттеушілер нешеге бөледі?

- А) фонетикалық стилистика
- В) лексика-фразеологиялық стилистика
- С) морфологиялық стилистика
- Д) синтаксистік стилистика
- Е) жоғарыда аталғандар

7. «Қозғалыстағы тіл» деп нені айтады?

- А) статистиканы
- В) стилистиканы
- С) синтаксисті
- Д) лингвистиканы
- Е) жалпы сөйлеу тілін

8. Лингвистикалық стилистиканың негізгі екі бағыты:

- А) тіл деңгейлері стилистикасы және функционалдық стилистика
- В) тілден тыс жатқан стилистикалық ресурстар
- С) тілдік құралдардың белгілі бір мәтін ішіндегі жұмсалыу ерекшеліктері
- Д) жалпы стилистика және қазақ тілінің стилистикасы
- Е) салыстырмалы стилистика және салғастырмалы стилистика

9. Тіл деңгейлері стилистикасы дегеніміз не?

- А) мәтін ішіндегі байланыстар
- В) мәтіннен тыс жатқан тілдік құралдар
- С) мәтін мен мәнмәтін арақатынасы
- Д) мәтін мен тілдің арақатынасы
- Е) тіл мен стиль арақатынасы

10. Функционалдық стилистика нені зерттейді?

- А) мәтіннің құрылымын
- В) мәтіннің мазмұнын
- С) мәтінаралық байланыстарды
- Д) тілдік құралдардың мәтін ішіндегі қолданылу заңдылықтарын
- Е) тілдік құралдардың мәтіннен тыс қолданысын

11. Жалпы стилистика нені қарастырады?

- A) жалпы тіл біліміне қатысты мәселелерді
- B) жеке тіл білімі мәселелерін
- C) тілдің жалпы теориясын
- D) тілдің жеке теориясын
- E) тіл атауларына ортақ стилистикалық мәселелерді

12. Салыстырмалы стилистика:

- A) туыс тілдердің стилистикалық және стильдік құбылыстарын салыстыра зерттейді
- B) туыс емес тілдердің стилистикалық және стильдік құбылыстарын салыстыра зерттейді
- C) тілдің синхрондық тұрғыдан зерттелуі
- D) тілдің диахрондық тұрғыдан зерттелуі
- E) тілдерді салыстыра зерттейді

13. Салғастырмалы стилистика:

- A) туыс емес тілдердегі стилистикалық мәселелерді
- B) туыс тілдердегі стилистикалық мәселелерді
- C) тілдердегі жалпы стилистикалық мәселелерді
- D) тілдердегі жеке стилистикалық мәселелерді
- E) тілдерді салғастыра зерттейді

14. Дара немесе индивидуалдық стилистика:

- A) қазақ тілінің стилистикасын зерттейді
- B) қазақ және орыс тілдеріндегі стильдік қолданыстарды зерттейді
- C) қазақ және ағылшын тілдерінің стилистикасын зерттейді
- D) жеке автордың, шығарманың немесе жанрдың стилистикасын зерттейді
- E) жеке тілдердің стилистикасын зерттейді

15. Теориялық стилистика:

- A) тілдік құралдардың мәтін ішіндегі қолданылу заңдылықтарын зерттейді
- B) тілдік құралдардың мәтіннен тыс қолданысын
- C) қолданыс тілін айтушының стилистикасы

- D) тыңдарманның стилистикасы
- E) тілдік құралдардың қолданылу заңдылықтарын ғылыми тұрғыдан түсіндіреді

16. Практикалық стилистика:

- A) қолданыс тілін жазушының стилистикасы
- B) қабылдаушының стилистикасы
- C) автордың стилистикасы
- D) оқырманның стилистикасы
- E) тілдік құралдардың қолданылу заңдылықтарын іс жүзіне асырады

17. Автордың стилистикасы:

- A) қолданыс тілін айтушының не жазушының стилистикасы
- B) практикалық стилистика
- C) теориялық стилистика
- D) тарихи стилистика
- E) қолданбалы стилистика

18. Қабылдаушының стилистикасы:

- A) тыңдарманның не оқырманның стилистикасы
- B) теориялық стилистика
- C) практикалық стилистика
- D) қазіргі стилистика
- E) қолданыс стилистикасы

19. Функционалдық стилистиканы зерттеушілер қалай жіктейді?

- A) стильдер жүйесі бойынша
- B) мәтіннің мазмұнына қарай
- C) мәтіннің мақсатына қарай
- D) мәтіннің құрылымы бойынша
- E) стильдік құралдар ерекшелігіне қарай

20. Тіл деңгейлері стилистикасы қалай жіктеледі?

- A) тілдің қолданысына қарай
- B) тіл деңгейлерінің ретімен
- C) тілдің қозғалысына қарай
- D) тіл ресурстарының санына қарай

Е) тілдік құралдардың қолданысы бойынша

21. Синхрондық стилистика нені зерттейді?

- А) тіл тарихының материалдарын қолданады
- В) бір тіл мен екінші тілдің арақатынасын
- С) тілдің стилистикалық мүмкіндіктерін
- Д) тілдің қазіргі фактілерін стилистикалық тұрғыдан
- Е) тілдегі нормалардың өзгерісін

22. Диахрондық стилистика нені зерттейді?

- А) тілдердің даму тарихын
- В) тілдердің қазіргі жағдайын
- С) стилистикалық құбылыстарды зерттеу үшін тіл тарихының материалын қолданады
- Д) түрлі тілдердегі стилистикалық құбылыстарды зерттеу үшін оларды салыстырады
- Е) түрлі тілдердегі стилистикалық құбылыстарды зерттеу үшін оларды салғастырады

23. Тіл біліміндегі «клише», «штамп», «стандарт», «шаблон» сияқты стереотипті бірліктер көбіне қай стильде кездеседі?

- А) көркем әдебиет стилі
- В) ресми-іскери стиль
- С) ауызекі сөйлеу стилі
- Д) публицистикалық стиль
- Е) ғылыми стиль

24. *Жоғарыда айтқанымыздай, мақала басында, ойымызды жалғастырайық* сияқты тілдік бірліктер қай стильге тән?

- А) ғылыми стиль
- В) публицистикалық стиль
- С) ауызекі сөйлеу стилі
- Д) ресми стиль
- Е) көркем әдебиет стилі

25. Тілдік құралдардың мәтін ішінде жұмсалып жатқандықтарын қарастыратын стилистика

- А) тіл ресурстары стилистикасы

- В) функциональдық стилистика
- С) фонетикалық стилистика
- Д) морфологиялық стилистика
- Е) синтаксистік стилистика

26. Стилистиканың басқа тіл деңгейлерінен басты айырмашылығы бұл –

- А) мәнерлілік, сөздерді қолданудағы нақтылық пен дәлдік
- В) дұрыс жазудан қарағанда дұрыс сөйлеуге үйретеді
- С) ойды тұрақты сөз тіркестер арқылы жеткізу
- Д) сөйлемнің құрылысына басты мән береді
- Е) сөзжасамдық тәсілдерге көп көңіл бөледі

27. Сөздерге қосымша мағына, бояу берушілік

- А) семантикалық мағына
- В) тура мағына
- С) стилистикалық коннотация
- Д) фразеологиялық мағына
- Е) грамматикалық мағына

28. Белгілі бір функциональдық стильдің даралығын, басқа стильдерден өзгешелігін сипаттайтын қасиет

- А) стильдік белгі
- В) стильдік реңк
- С) стильдік бояу
- Д) авторлық стиль
- Е) стилистикалық құрылым

29. Қарым-қатынас аясындағы қолданыс тілінің мақсатына, міндетіне және мазмұнына сай, тарихи жағынан қалыптасқан тілдік мүмкіндіктердің жүзеге асу қағидаты

- А) орфографиялық норма
- В) фонетикалық норма
- С) морфологиялық норма
- Д) стилистикалық норма
- Е) дәстүрлі принцип

30. Семантикалық-стилистикалық әдіс дегеніміз не?

- A) белгілі бір стильге экстралингвистикалық фактордың әсері
- B) стилистикалық құбылыстарды тарихи тұрғыдан қарастыру
- C) функционалдық стильдер арасындағы айырмашылықтарды айқындау
- D) стильдердің өзара әрекеті
- E) мағынаның нәзік реңктерінің берілу проблемалары, стилистиканың мағынаны қарастыруы

II нұсқа

1. Еркін сөйлеу үшін алдын ала дайындықсыз қолданылатын функционалдық стильдің түрі
 - A) ауызекі сөйлеу стилі
 - B) ғылыми стиль
 - C) публицистикалық стиль
 - D) ресми стиль
 - E) көркем әдебиет стилі
2. Халықаралық келісімдердің, мемлекеттік заңдардың, қаулылардың, іс қағаздарының стилі қалай аталады?
 - A) ауызекі сөйлеу стилі
 - B) ғылыми стиль
 - C) публицистикалық стиль
 - D) ресми стиль
 - E) көркем әдебиет стилі
3. Табиғат, адам және қоғам туралы объективті хабар беруді мақсат ететін функционалдық стиль
 - A) ауызекі сөйлеу стилі
 - B) ғылыми стиль
 - C) публицистикалық стиль
 - D) ресми стиль
 - E) көркем әдебиет стилі
4. Стилистикалық фигураларға нелер жатады?
 - A) тенеу, метафора, эпитет
 - B) анафора, параллелизм, градация
 - C) аллегория, гипербола, литота

- D) инверсия, метонимия, кейіптеу
- E) эллипсис, кекесін, синекдоха

5. Троптың түрлерін көрсетіңіз

- A) теңеу, метафора, эпитет
- B) анафора, параллелизм, градация
- C) аллегория, гипербола, литота
- D) инверсия, метонимия, кейіптеу
- E) эллипсис, кекесін, синекдоха

6. «Мен өзіңнен қабылдаппын сүюді
Мен өзіңнен қабылдаппын күүді» – деген өлеңде қандай
стилистикалық айшықтау берілген

- A) метафора
- B) гипербола
- C) перифраз
- D) аллгория
- E) анафора

7. Ешбір қосымшасыз заттың, құбылыстың қасиетін, сапасы мен
белгісін айқындайтын троптың түрі

- A) теңеу
- B) эпитет
- C) метафора
- D) синекдоха
- E) аллегория

8. Стилистика саласын зерттеген қазақ ғалымдары:

- A) Ә.Қайдар, М.Оразов
- B) Р.Сыздық, Е.Жанпейісов
- C) Ж.Манкеева, К.Құсайынов
- D) Ш.Құрманбайұлы, Б.Шалабай
- E) М.Серғалиев, Ф.Мұсабекова

9. Құжат мәтіндері қай стильде жазылады?

- A) көркем әдебиет стилінде
- B) ғылыми-көпшілік стильде
- C) ресми стильде

- D) эпистолярлық стильде
- E) ситуациялық стилде

10. Морфологиялық синоним дегеніміз –

- A) бір түбірден жасалып, екі компонентті болуы
- B) қосымшалардың бірдей болуы
- C) бір түбірден жасалып, бір компонентті болуы
- D) дыбысталуы бір жазылуы әр басқа сөздер
- E) мағыналары бір-біріне қарама-қарсы сөздер

11. «Аспанға көтеру – жерден алып, жерге салу» тұрақты сөз тіркестері қандай қолданысты білдіреді?

- A) фразеологиялық синоним
- B) фразеологиялық антоним
- C) фразеологизмдердің көпмағыналылығы
- D) күрделі синтаксистік тұтастық
- E) фразеологиялық байлаулы мағына

12. «Мына хабардан кейін менің көңілім біраз көтеріліп қалды, қуаныштымын, өзімді бақытты сезінемін» – деген сөйлем қалай жасалып тұр?

- A) синонимдес сөздер юмор туғызып тұр
- B) бірыңғай мағыналас сөздер қарама-қарсылық мәнде жұмсалып тұр
- C) синонимдес сөздер градациялық қатар құрап тұр
- D) жай ғана синонимдік қатарды құрап тұр
- E) морфологиялық синонимді құрап тұр

13. Контекст қалауына қарай тек қана бір ғана қолданымдық болып қызмет атқаратын сөздер қалай аталады?

- A) көнерген сөздер
- B) көпмағыналы сөздер
- C) потенциалды сөздер
- D) окказионалды сөздер
- E) атауыш сөздер

14. Шеберлік шарттары –

- A) дәлдік, ықшамдық, әсерлілік

- В) нақты, қысқаша сөйлеу
- С) жазылуына емес, айтылуына баса назар аудару
- Д) синтаксистік құрылымдардың дұрыс қолданылуы
- Е) әр сөздің шығу төркінін білу

15. Эмоциональды сөздердің жиі қолданылуы қай функциональдық стильге тән

- А) ғылыми стиль
- В) ресми стиль
- С) көркем әдебиет стилі
- Д) публицистикалық стиль
- Е) ауызекі сөйлеу стилі

16. «Бақа – көлінде патша,
Балық – суында патша,
Жігіт – елінде патша» – деген мақал айшықтаудың қай түрі арқылы жасалған

- А) анафора
- В) антитеза
- С) градация
- Д) параллелизм
- Е) инверсия

17. Эллипсис дегеніміз не?

- А) қалпына келтірілуі қиындыққа соқпайтын сөйлем мүшесінің түсіп қалуы
- В) сөйлеушінің кімге, неге қарата сөйлейтінін білдіреді
- С) сөйлемдегі сөздердің қалыпты орын тәртібі
- Д) ұғымдар мен құбылыстардың карама-қарсы мағынада қойылуы
- Е) бір ойдан екінші ойды асыру

18. Градация бұл –

- А) екі немесе одан да көп заттың, құбылыстың негізгі белгілерінің ұқсастығы
- В) бір ойдан екінші ойды асыру немесе бір ойдан екінші ойды кеміте суреттеу
- С) әр жолдың бірдей сөздерден бастау алып отыруы

D) дерексіз ұғымды білдіруге арналған зат пен құбылыстың нақты бейнесі

E) зат пен құбылыстың әлдебір белгісін мейлінше әсірелеп көрсету

19. Ғылыми стильдің тууына әсер ететін жағдайлар:

A) Ғылымның дамуы

B) Баспасөздің дүниеге келуі

C) Кітап бастыру ісінің болуы

D) Оқу-білім көздерінің пайда болуы

E) Аталған жағдайлардың бәрі

20. Ғылыми стильдің лексикасына тән ерекшелік:

A) Сөз тек өзінің негізгі мағынасында жұмсалады

B) Сөздер ауыспалы мағынасында қолданылады

C) Сөздің экспрессивтік және эмоционалдық бояуы болады

D) Сөздер синонимдік қатар түзеп қолданылады.

E) Сөз бірнеше мағынада жұмсалады

21. Қазақ тіліндегі ғылыми стильдің алғашқы үлгілері:

A) Мерзімді баспасөз материалдары

B) Көркем туындылар

C) Аударма әдебиеттер

D) Көпшілікке арналған ғылыми кітапшалар

E) Ауыз әдебиеті үлгілері

22. Ғылымға қатысты алғашқы әдебиеттің тіліне тән ерекшеліктер:

A) Қазақтың жалпыхалықтық тілін пайдалануы

B) Сөйлеу стилі элементтерінің болуы

C) Татар тілінің элементтерінің басым қолданылуы

D) Қазақтың ескі жазба дәстүрін жалғастыруы

E) «Кітаби тіл» элементтерінің жиі қолданылуы

23. Ғылыми стильде жиі қолданылатын сөздер:

A) Қарапайым сөздер мен диалектизмдер

B) Көнерген сөздер мен неологизмдер

C) Термин сөздер мен атау сөздер

- D) Көп мағыналы сөздер
- E) Синонимдік мәндегі сөздер

24. Термин дегенді қалай түсінесің?

- A) Тұлғасы, дыбысталуы бір, мағынасы бір-бірінен алшақ сөздер
- B) Ғылымның тар аясындағы дерексіз ұғымдардың атауы
- C) Дыбысты жазуда белгілейтін негізгі таңба
- D) Тілдегі бір немесе бірнеше заттың атауы
- E) Дербес мағынасы бар, жеке тұрып сөйлем мүшесі бола алатын сөз

25. Қазіргі қазақ тіліндегі терминденуші лексика:

- A) Жалпы қолданыстағы сөздер
- B) Аймақтық лексика
- C) Көнерген сөздер
- D) Кәсіби сөздер
- E) Аталғандардың барлығы

26. Ғылым тіліне берілген анықтамалардың дұрысын көрсетіңіз:

- A) Ғылым тілі – халықтың ғасырлар бойғы іс-тәжірибесінен, өмір тануынан қорытылып, ереже түрінде тұжырымдалған ой-түйіні
- B) Ғылым тілі - әдеби тілдің атқаратын әлеуметтік-қоғамдық қызметінің үлкен бір саласы
- C) Ғылым тілі – адамның тілі, сағаттың тілі, техниканың тілі
- D) Ғылым тілі – адамдар арасындағы өзара қарым-қатынастың, табиғат құбылыстарын танып-білудің ең басты құралы
- E) Ғылым тілі – ақпарат алмасудың қолайлы және ең көне тәсілі

27. Ғылыми стильдің негізгі қызметі:

- A) Ғылыми стиль сөздің дұрыс айтылу нормасын белгілейді
- B) Ғылыми стиль әр түрлі заттың түріне, түсіне және басқа белгілерінің ұқсастығына қарай бір сөзбен аталуын қадағалайды
- C) Ғылыми стиль сөз түрлендіруші жұрнақтар арқылы сөз мағынасын құбылтып, оған түрлі мән береді
- D) Ғылыми стиль ғылыми еңбектер мен ғылыми-техникалық құжаттарда, оқулықтар мен ғылыми-көпшілік басылымдарда қолданылады

Е) Ғылыми стиль заттың түрлі қасиетін, сапасын бір сөз арқылы да, көп сөз арқылы да білдіреді

28. Ауызекі сөйлеу мен әдеби тілде сөйлеуге ортақ заңдылық:

- А) орфографиялық норма
- В) орфоэпиялық норма
- С) стилистикалық норма
- Д) морфологиялық норма
- Е) транскрипциялық норма

29. Сөзді әсерлі етіп жұмсауға тән норма:

- А) орфоэпиялық норма
- В) синтаксистік норма
- С) лингвостилистикалық норма
- Д) лексикалық норма
- Е) орфографиялық норма

30. «Публицистика» сөзі латын тілінен аударғанда қандай мағына береді?

- А) «тіл»
- В) «әдебиет»
- С) «жазу-сызу»
- Д) «басылым»
- Е) «көпшілік, әлеумет»

III нұсқа

1. Ғылыми мәтіннің синтаксистік құрылысына тән ерекшеліктер:

- А) Тақырып пен мәтін арасындағы үзіліс, сөйлемдегі сөздердің жігі анық белгіленеді
- В) Ой күрделі беріліп, анықтамалар мен дәлелдемелерге негізделеді
- С) Ой құрастыруға, сөйлем құрауға негіз болған сөздер сөйлемнің дербес мүшелері қызметін атқарады
- Д) Сөздерге сөйлемде түрлі мағына үстеу үшін грамматикалық қызметте қолданылатын көмекші сөздер жиі қолданылады

Е) Күрделі құрылған сөйлемнің сөздері бір лексикалық мағынаны білдіріп, сөйлемнің бір ғана мүшесі қызметінде қолданылады

2. Термин емес сөз дегеніміз не?

- А) Деректі заттардың атауы
- В) Дерексіз заттардың атауы
- С) Бір тектес заттардың ортақ атауы
- Д) Жалпы қолданыстағы бейтарап сөз
- Е) Жанды және жансыз заттардың атаулары

3. Стилистика нені зерттейді?

- А) Әдеби тілдің ғылымға қызмет ететін саласын
- В) Табиғат пен қоғамның даму заңдылықтарын
- С) Қоғамның сан саласындағы тілдің қолданыс қызметінің ерекшелігін
- Д) Бір сөзден немесе грамматикалық байланысқа түскен бірнеше сөздердің тіркестерінен жасалған сөйлемді
- Е) Сөйлемдегі сөздердің тіркесу тәсілдері мен түрлерін

4. Ғылым тілінің және терминологияның «орыстану»

(«ұлтсыздану») кезеңі:

- А) XX ғасырдың бас кезі
- В) XX ғасырдың аяғы
- С) XX ғасырдың 30-90 жылдары
- Д) XX ғасырдың екінші жартысы
- Е) Қазіргі кезең

5. Қазіргі қазақ тіліндегі терминологиялық лексиканың жасалу принциптері:

- А) Қазақтың байырғы сөздеріне терминдік сипат беру
- В) Түбірі бір түркі тілдерінің сөз қазынасын пайдалану
- С) Халықаралық терминдердің аударуға келмейтінін қазақ тілінің ерекшеліктеріне үйлестіре қабылдау
- Д) Жоғарыда аталған ұстанымдардың барлығы
- Е) Орыс тілі арқылы енген халықаралық терминдерді сол күйінде қабылдау

6. Тіл біліміндегі «клише», «штамп», «стандарт», «шаблон» сияқты стереотипті бірліктер көбіне қай стильде кездеседі?

- A) көркем әдебиет стилі
- B) ресми-іскери стиль
- C) ауызекі сөйлеу стилі
- D) публицистикалық стиль
- E) ғылыми стиль

7. Тіл біліміндегі «штамп» дегеніміз не?

- A) Кез келген сөйлеудегі қажетті заңды компонент;
- B) дайын күйінде қолданылатын тіл бірлігінің шектен тыс, орынсыз, ретсіз, ойсыз, талғамсыз қолданылуынан, тіл мәнерін бұзушы ретінде жағымсыз бағаланатын құбылыс;
- C) белгілі бір бөлігі алдын ала дайындалып, қағаздың тек бос жері ғана толтырылатын, бланк түрінде болып келетін құжат түрі;
- D) қандай да бір құбылыстың адам санасында бірыңғайланып, дайын күйінде меңгерілетін үйреншікті, дағдыға айналған белгісі;
- E) тек ресми стильде жазылатын мәтін түрі;

8. Ғылыми стильге тән стереотипті бірлікті көрсетіңіз:

- A) денсаулығыма байланысты;
- B) отбасы жағдайыма байланысты;
- C) штаттағы кесте бойынша;
- D) Сәлем!
- E) Зерттеу жұмысының тақырыбы ... болып табылады;

9. Ауызекі сөйлеу стиліне тән стереотипті бірлікті көрсетіңіз:

- A) сынақ мерзімімен қабылдансын;
- B) денсаулығыма байланысты;
- C) Сәлем, қал қалай?
- D) штаттағы кесте бойынша;
- E) белгілі ғалым

10. Ресми-іскери стильге тән сөйлем клишелерін табыңыз:

- A) белгіленген жалақы көлемінде қабылдансын;
- B) менің қалым жақсы;

- C) негізгі міндеті...
- D) жоғарыда айтқанымыздай:
- E) ... болып табылады;

11. Ғылыми стильде жазылған сөйлемді табыңыз:

- A) Қантқа тәтті дәм беретін химиялық элемент – сахароза;
- B) Қарсымын;
- C) Мақұлдаймын;
- D) Қолхат үш дана етіп жасалады;
- E) Бекітемін;

12. «Ақпараттар ағыны», «жүзеге асыру», «тіл мәртебесі» сияқты тілдік бірліктер қай стильге тән?

- A) публицистикалық стиль
- B) ғылыми стиль
- C) ауызекі сөйлеу стилі
- D) ресми стиль
- E) көркем әдебиет

13. Публицистикалық стильдің негізгі екі қызметін атаңыз:

- A) ақпаратты жеткізу, әсер ету;
- B) ғылыми мәлімет беру, көпшілікпен сұхбат құру;
- C) заң жобаларымен таныстыру, әсер ету;
- D) ғылыми-техникалық мәлімет беру, әсер ету;
- E) әсер ету, мақала жазу;

14. Ғылыми стильдің жанрларын көрсетіңіз:

- A) көркем шығарма, монография
- B) мақала, реферат, ертегі, эссе
- C) очерк, әңгіме, диссертация, реферат
- D) реферат, диссертация, монография, мақала, рецензия
- E) реферат, диссертация, ғылыми мақала, әңгіме, очерк

15. Ғылыми стильге жатпайтын жанрды көрсетіңіз:

- A) әңгіме
- B) реферат
- C) диссертация
- D) монография

Е) энциклопедия

16. *Жоғарыда айтқанымыздай, мақала басында, ойымызды жалғастырайық* сияқты тілдік бірліктер қай стильге тән?

- А) ғылыми стиль
- В) публицистикалық стиль
- С) ауызекі сөйлеу стилі
- Д) ресми стиль
- Е) көркем әдебиет стилі

17. «Көсемсөздер лексикасы», «элита лексикасы» сияқты қабаттар қай стильде кездеседі?

- А) публицистикалық стиль
- В) ғылыми стиль
- С) ресми стиль
- Д) көркем әдебиет стилі
- Е) ауызекі сөйлеу стилі

18. *Қымбатты әріптестер!* клишесі қай стильге тән?

- А) көркем әдебиет стилі
- В) ғылыми стиль
- С) ресми стиль
- Д) публицистикалық стиль
- Е) ауызекі сөйлеу стилі

19. Құжат мәтіндері қай стильде жазылады?

- А) көркем әдебиет стилінде
- В) ғылыми-көпшілік стильде
- С) ресми стильде
- Д) эпистолярлық стильде
- Е) ситуациялық стилде

20. Ресми стильге тән шылаулы клишені табыңыз:

- А) хаттама жүргізу, ұсыныс енгізу
- В) рұқсат етуіңізді өтінемін, көмек беруіңізді өтінемін
- С) келісім-шарт жасау, баяндама жасау
- Д) виза қою, бұрыштама соғу
- Е) бұйрық бойынша, шешім бойынша

21. Ресми стильге тән бұйрық райлы етістікті клишені табыңыз:
- A) қатаң қадағалансын, атағы берілсін
 - B) рұқсат етуіңізді өтінемін
 - C) виза қою, бұрыштама соғу
 - D) құқық беру
 - E) материалдық көмек беру
22. Ресми әдеп клишелерін көрсетіңіз:
- A) Бұйырамын!
 - B) Қаулы қабылданды
 - C) Қадірлі ханымдар мен мырзалар!
 - D) жеке еңбек келісімі
 - E) штаттық кесте
23. Терминдер, терминдік атаулар көбіне қай стильде кездеседі?
- A) публицистикалық стиль
 - B) ғылыми стиль
 - C) ресми стиль
 - D) көркем әдебиет стилі
 - E) ауызекі сөйлеу стилі
24. Публицистикалық стильдің подстилін (шағын стилін) атаңыз:
- A) кітаби стиль
 - B) ғылыми-көпшілік стиль
 - C) бірыңғай ғылыми стиль
 - D) таза публицистикалық шағын стиль
 - E) ғылыми-ақпараттық стиль
25. Эмотивті-экспрессивті лексика стильдің қай түрінде қолданылады?
- A) публицистикалық стильде, ғылыми стильде
 - B) ғылыми стильде, ресми стильде
 - C) ресми стильде, көркем әдебиет стилінде
 - D) көркем әдебиет стилінде, ауызекі сөйлеу стилінде
 - E) стильде барлық түрлерінде қолданылады

26. Өтіну, тілек білдіру мағынасындағы ресми стильге тән етістікті клишелерді көрсетіңіз:

- A) қатаң қадағалансын, атағы берілсін
- B) рұқсат етуіңізді өтінемін, орын беруіңізді сұраймын;
- C) виза қою, бұрыштама соғу
- D) құқық беру
- E) қаулы қабылданды

27. Есімді клишені көрсетіңіз:

- A) атақ берілсін
- B) кезектен тыс мәжіліс
- C) виза қою
- D) құқық беру
- E) қаулы қабылау

28. *Ерте, ерте, ертеде...* стереотипі қай стильге тән?

- A) публицистикалық стиль
- B) ғылыми стиль
- C) ресми стиль
- D) көркем әдебиет стилі
- E) ауызекі сөйлеу стилі

29. *Бір байдың ай десе аузы, күн десе көзі бар қызы болыпты ...* стереотипі қай стильге тән?

- A) көркем әдебиет стилі
- B) ғылыми стиль
- C) ресми стиль
- D) публицистикалық стиль
- E) ауызекі сөйлеу стилі

30. *Аса қымбатты ... мырза!* клишесі қай стильге тән?

- A) көркем әдебиет стилі
- B) ғылыми стиль
- C) ресми стиль
- D) публицистикалық стиль
- E) ауызекі сөйлеу стилі

Дұрыс жауап

Сұрақ нөмірі	I нұсқа	II нұсқа	III нұсқа
1	E	A	B
2	A	D	D
3	C	B	C
4	C	B	C
5	E	A	D
6	E	E	B
7	B	B	B
8	A	E	E
9	B	C	C
10	D	C	A
11	E	B	A
12	A	C	A
13	A	D	A
14	D	A	D
15	E	E	A
16	E	D	A
17	A	A	A
18	A	B	C
19	A	E	C
20	B	A	E
21	D	D	A
22	C	A	C
23	B	C	B
24	A	B	D
25	B	E	E
26	A	B	B
27	C	D	B
28	A	B	D
29	D	C	A
30	E	E	C

МАЗМҰНЫ

Алғы сөз	4
1. Теориялық бөлім	5
1.1. Стилистиканың ғылым және пән ретінде қалыптасу, даму тарихы	5
1.2. Стилистиканың негізгі ұғым-категориялары	13
1.3. Қазақ тілінің стилистикалық құралдары	28
1.4. Қазіргі қазақ әдеби тілінің функционалды стильдері	35
1.5. Ауызекі сөйлеу стилі	43
1.6. Ресми іс қағаздары стилі	51
1.7. Ғылыми стиль	60
1.8. Публицистикалық стиль	69
1.9. Көркем әдебиет тілі	78
Пайдаланылған әдебиеттер	87
2. Практикалық бөлім	90
2.1. Стилистикалық қателер мен стильдік қолданыстарға және стиль түрлеріне байланысты пысықтау жаттығулары	90
2.2. Өзіндік бақылау үшін тест тапсырмалары	116

Рапишева Жанат Дабылқызы
Түйте Елдос Ерғазыұлы
Есинбаева Жанна Уақасқызы

ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ СТИЛИСТИКАСЫ

Оқу басылымы

*Баспаға Қарағанды мемлекеттік Е.А.Бөкетов атындағы
университеттің Ғылыми кеңесі мен ғылыми-әдістемелік кеңесі
ұсынған*

Авторлық түпнұсқадан басылды

Басуға 2011 ж. қол қойылды. Пішімі 60x84 1/16.
Кітап-журнал қағазы. Көлемі 8,6 б.т. Таралымы ___ дана.
Отпечатано в типографии издательства КарГУ им.
Е.А.Букетова
100012, Караганда, ул. Гоголя, 38